Прежде истец должен был доказать в процессе без ответчика, что его авторское право нарушается, т.е. на основе вероятных фактов установить, что имеют место нарушения. Чтобы уменьшить возникающие при этом задержки, во многих системах законодательства этот стандарт доказательств был пересмотрен, и истец должен сейчас лишь доказать, что существует серьёзный вопрос, который необходимо исследовать. Другими словами, юридическая ценность представленных данных на этой стадии может быть такой, что если суд не посчитает их легкомысленными и надуманными, этого может оказаться достаточно для принятия промежуточных судебных запретов. Поэтому решение об установлении промежуточных судебных запретов принимается на основе рассмотрения фактической стороны дела и с учётом того, будут ли компенсированы потери любой из сторон в результате принятия промежуточных запретов, если сторона не сможет предоставить убедительных доказательств на предварительном этапе, но выиграет окончательный процесс.

Такой подход к принятию судебных запретов помогает избежать чрезмерных задержек в период, наиболее важный для обладателя авторского права, т.е. сразу после выхода произведения в свет.

Окончательные меры. Обычно владельцу авторского права после окончания процесса удаётся добиться двух положительных для него судебных решений: бессрочного судебного запрета и возмещения убытков.

Бессрочный судебный запрет устанавливается с целью предупреждения повторных незаконных действий. Для более эффективного действия запрета все незаконно сделанные копии произведения затем уничтожаются или разрушаются таким способом, чтобы их невозможно было заново использовать или продать.

Смысл возмещения убытков состоит в том, чтобы обладатель авторского права мог получить экономическую выгоду, которую он получил бы, если бы нарушения его авторского права не было. Оценить истинные размеры причинённых убыт-

ков сложно, поскольку трудно получить доказательства истинного объёма незаконных продаж, который как раз и отражает размер причинённых убытков.

Особое значение в случаях пиратства имеют положения некоторых законодательств о дополнительных штрафах в случаях злостных нарушений авторского права. Прежде чем будут приняты решения о дополнительных штрафах, необходимо, однако установить, что действия нарушителя были умышленными и продуманными, и что ему удалось получить денежную выгоду, превышающую размеры возмещаемого ущерба.

Участие государственных органов. Участие государственных органов по защите авторских прав и смежных прав носит частно-правовой характер, т.е. заинтересованные лица (правообладатели, их представители) сами следят за соблюдением (или нарушением) своих прав, а если они не в состоянии этого сделать – нанимают агентов или соответствующих специалистов авторских или иных обществ, организаций, основная деятельность которых служит целям защиты прав авторов. Именно таким заинтересованным лицам должно принадлежать инициатива в возбуждении дел против нарушителей. Если им при этом безосновательно отказывают в содействии суда или правоохранительные органы, государство должно рассмотреть их претензии.

Сейчас нарушения прав на интеллектуальную собственность приобрели массовый характер. Разовое приобретение технических средств стало до-

ступным достаточно широким слоям населения и неизменный уровень подавляющего большинства их владельцев не позволяет им систематически приобретать легально произведённую продукцию, в которой использовать объекты интеллектуальной собственности. Отсюда объективная потребность в дешёвых контрафактных изделиях, побуждающая к незаконному производству и импорту.

Усиление лишь мер административного и уголовного воздействия не предотвратит самых причин данных нарушений [4].

Республика Казахстан представлена в авторских отношениях в лице уполномоченного государственного органа. В настоящее время им является Министерство юстиции Республики Казахстан в лице департамента по правам интеллектуальной собственности. Целью этого органа является охрана и защита авторских и смежных прав и интеллектуальной собственности в целом.

Конечно, объектов этих прав достаточно много, тем не менее, в своей работе органы юстиции должны охватить как можно все моменты.

Роль государства, несомненно, велика, так как без защиты государства вряд ли даже малая толика авторских прав соблюдалась бы. Ведётся работа по информированности населения, наказание нерадивых предпринимателей, создаются новые стандарты защиты интеллектуальной собственности.

Государство поставило цель – заставить слушать результаты целенаправленного творчества всему обществу и для эффективного использования во благо развития страны.

#### *Список использованной литературы:*

1. Чертнов В. Л. Вопросы соавторства. М.: «ВААП», 1979 г. С. 128-132.
2. Рябов В. А. Интеллектуальная продукция: разработка, освоение, права. М.: «Патенты и лицензии». 1999 г. №9. С. 6-10.
3. Всемирная (Женевская) конвенция об авторском праве от 6 сентября 1952 г. действовала в СССР и Казахстан стал её участником в порядке правопреемства.
4. International Bureau of WIPO. International Convention for the Promotion of the Development of Nations. WIPO / CNR / CA / 83/2, ANNEX, N 1-19.

**Қуаналиева Гүлдана Амангелдіқызы**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ "Кеден, қаржы және экологиялық құқық" кафедрасының  
профессоры, заң ғылымдарының докторы, kuanalieva.guldanakz@mail.ru

**Жақсыбекова Фарид Сатбергеновна**

"ҚАЗҒЗУ Университеті АҚ" доценті, заң ғылымдарының кандидаты

**Урисбаева Айнұр Аманкуловна**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ "Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы"  
кафедрасының аға оқытушысы

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ АДВОКАТТЫҢ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ  
ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Резюме. В статье авторы анализируют роль и особенности процессуальной деятельности адвокатов по уголовно-процессуальному законодательству Республики Казахстан.*

*Ключевые слова: права и свободы человека, адвокат, адвокатская деятельность, подозреваемый, обвиняемый, суд*

*Түйін. Бұл мақалада авторлар қылмыстық іс жүргізудегі адвокаттың процессуалдық қызметінің орны мен ерекшеліктерін қазіргі Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес зерделеген.*

*Түйінді сөздер: адам құқықтары мен бостандықтары, адвокат, адвокаттық қызмет, күдікті, айыпталушы, сот*

*Resume. In article authors analyze a role and features of procedural activity of lawyers by the criminal procedure legislation of the Republic of Kazakhstan.*

*Keywords: rights and freedoms of the person, lawyer, lawyer activity, suspect, defendant, court*

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабында: «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі» деп нақты белгіленген [1, 8 б.].

Аталмыш конституциялық норманы дамыта отырып, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 66-бабына сәйкес: "Қорғаушы – қорғалуға құқығы бар куәнің, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның құқықтары мен мүдделерін заңда белгіленген тәртіппен қорғауды жүзеге асыратын және оларға қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде заң көмегін көрсететін адам.

Адвокат қорғаушы ретінде қатысады. Адамның қорғалуға құқығы бар куә, күдікті, айыпталушы мәртебесін алған кезінен бастап, сондай-ақ қылмыстық процестің кез келген келесі кезінде қорғаушы қылмыстық процеске қатысуға құқылы" [2]. Аталған заң нормасы әрине, өз бастамасын Қазақстан Республикасының Конституциясынан алады: «Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы» [1, 9 б.].

Адвокат сөзі латынның сөздерінен аударғанда «шақырамын», «көмекке шақырылған» деген

сөздерді білдіреді. Адвокатура тарихта ежелгі дәуірден бастап заңгерлік кеңесші ретінде белгілі болған. Алғашқы адвокаттар Ежелгі Римде пайда болған. [3, 13 б.]. Бұл жөнінде поляктың құқықтанушы-тарихшы ғалымы Е.В.Васьковский «...Римде алғашқы заңгерлер патрондар болған, олардың тұлғасында екі кәсіп біріктірілді: заңгер-кеңесшілер және адвокаттар» - деп жазады. Адвокатура Ежелгі Римнің республикалық кезеңінде тәуелсіз кәсіп ретінде жұмыс атқарған және ешқандай ұжымдық ұйымдастырылуы болмаған [4, 13 б.].

Азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуде қорғаушының рөлі әсіресе қылмыстық сот ісін жүргізуде аса маңызды болып табылады. Қылмыстық сот ісін жүргізуде қорғаушының қызметі күдіктінің, айыпталушының, сотталушының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және оған білікті заңгерлік көмек көрсетуге бағытталған. Қорғаушы күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуде қылмыстық сот ісін жүргізудің негізгі қатысушыларының бірі болып табылады.

Осы адам құқықтары мен бостандықтарына қол сұғылғанда кез келген адам адвокат көмегін қажет етеді. Өйткені, «Адвокат жоғарғы заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және осы Заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң



көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы» [5].

Қорғаушының іске міндетті қатысуы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 67-бабына көрсетілген. Олар:

1) бұл туралы күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам өтінішхат берсе;

2) күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам кәмелеттік жасқа толмаса;

3) күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам дене немесе психикалық кемістігі салдарынан өзінің қорғалу құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмаса;

4) күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам сот ісі жүргізілетін тілді білмесе;

5) адамға жазалау шарасы ретінде он жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру, өмір бойына бас бостандығынан айыру не өлім жазасы тағайындалуы мүмкін болатын қылмыс жасады деп күдік келтірілсе, айып тағылса;

6) күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау қолданылса немесе олар стационарлық сот-психиатриялық сараптамаға мәжбүрлеп жіберілсе;

7) күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталушылардың, сотталғандардың, ақталғандардың мүдделері арасында қайшылықтар болып, олардың біреуінің қорғаушысы болса;

8) қылмыстық процеске жәбірленушінің (жекеше айыптаушының) немесе азаматтық талапкердің өкілі қатысса;

9) іс сотта қаралған кезде оған мемлекеттік айыптауды қолдайтын прокурор (мемлекеттік айыптаушы) қатысса;

10) күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болса және қылмыстық қудалау органдарына немесе сотқа келуден жалтарса;

11) процестік келісім және оны жасасу туралы өтінішхат мәлімделсе, міндетті.

Бүгінгі таңда қылмыстық істегі қорғау институты реформаны қажет етеді. Қорғаушының жоғары мәртебесі, айыптау жағымен оның тең процессуалдық құқықтары, оның өзіне берілген өкілеттерді толыққанды пайдалануы, қорғаушының қызметіндегі басқа да қиындықтарды шешу туралы айту қажет. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында: «Қазақстанда құқықтық мемлекет құру азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаумен байланысты арнайы институттарды одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесіндегі маңызды тетігі Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты болып та-

былады. Бұл мемлекеттік құқық қорғау институтын құру Қазақстандағы демократияның дамуындағы үлкен қадам болды. Осы институт қызметінің нәтижелігін арттыру мәселесін қарау керектігін тәжірибе көрсетіп отыр. Құқық қорғау институттары жүйесіндегі жетекші рөлге азаматтарға заңгерлік көмек көрсету жүйесінің негізі болып табылатын адвокатура ие. Азаматтардың білікті заңгерлік көмек алуға конституциялық құқығын іске асыру әділ сот төрелігіне қол жеткізудің шарты мен кепілі болып табылады. Осы құқықтың іске асырылу тетіктері жетілдіруді қажет етеді.

Ақысыз заңгерлік көмек көрсететін адвокаттардың еңбегіне ақы төлеуге әкімшілік ету жүйесі де түзетуді қажет етеді. Аталған жүйені шоғырландырылған және ашық ету қажет, бұл бюджет қаражатын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Адвокаттардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру институты енгізілген елдер тәжірибесін ескере отырып, мұндай сақтандыруды біздің елде енгізу мүмкіндігін қарастыру қажет» - деп көрсетілген [6].

Құқықтық саясат тұжырымдамасында белгіленген тапсырмалар Қазақстан Республикасы үшін өте өзекті, әрі маңызды болып табылады. Бұл тапсырмаларды қорғау институтының реформалары негізінде жедел түрде тәжірибеге енгізу шарт деп ойлаймыз.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 66-бабына сәйкес: "Адвокат қылмыстық процеске қорғаушы ретінде қатысқан кезде қорғалуға құқығы бар куәның, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның жазбаша арызы бойынша оларды адвокатпен қатар қорғауды мына адамдардың біреуі: жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы, қорғаншысы, қамқоршысы не қорғалатын адамды қорғаншылыққа немесе асырауына алған ұйымның өкілі жүзеге асыра алады". Бұл ретте мұндай балама қорғаушыда заңгерлік білімнің, қандай да бір кәсіби білім мен заңгерлік мамандық бойынша тәжірибелік жұмыс өтілінің болуын заң талап етпейді. Бұл іс жүзінде сезіктіге, айыпталушыға, сотталушыға білікті заңгерлік көмек алу құқығын қамтамасыз ету мүмкіндігін шүбәлі етеді. Қ о р ғ а ушы қылмыстық-процессуалдық құқықты, қылмыстарды алды ала тергеу өндірісінің теориясы мен тәжірибесін жетік білуі, қылмыс жасауда сезікті немесе айыпталушы тұлғаларды қорғау тактикасы мен әдістемесін меңгеруі және көптеген басқа да қасиеттері болуы тиіс. Онсыз ол заңда белгіленген мақсатына сәйкес бола алмайды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде белгіленген сезіктілер немесе айыпталушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асырып, оларға қылмыстық-процессуалдық заңда берілген өкілеттер, сонымен қатар олар тыйым салмаған құралдар мен тәсілдерді пайдалана оты-

рып, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуде заңгерлік көмек көрсетеді.

Заңгердің кәсіби білімі қорғаушы біліктілігінің жалғыз белгісі болып табылмайды. Құзыреттіліктің басқа бір көрсеткіші оның кәсіби этикасы болып табылады. А.Д. Бойковтың пікірінше: «Маманның кәсіби толысуы тек белгілі бір білім, дағды мен машықтардың жиынтығымен ғана сипаттала алмайды, ол тұлғаның адамгершілікті дамуының тиісті деңгейіне, оның осы мамандықтың моральдық талаптарын игеруін де қамтиды» [7, 5 б.]. Сот ісін жүргізудің саласында қызметтің адамгершілікті реттегіштері (құқықтық формасы жоқ) құқықтық реттегіштерге қосымша ретінде әрекет етсе де, қорғаушының этикалық нормаларды ұстануы оның кәсіби функциясын дұрыс орындаудың қажетті шарты болып табылады. Қорғаушының қылмыстық істегі дұрыс мінез-құлқы, тергеу жүргізуші тұлға және сот ісін жүргізудің басқа да қатысушыларымен жанжалдасудан жалтара білуі, қорғалушымен өзара сенімді қатынастар орната білу қабілеті көп жағдайда жүзеге асырылатын қорғаудың жалпы жетістілігіне септеседі.

Айтылғандар қолданыстағы қылмыстық-процессуалдық заңнамаға сәйкес қорғаушылар ретінде іске жіберілуі мүмкін барлық тұлғалардан заманауи Қазақстан жағдайларында, тек қорғаушы ғана білікті заңгерлік қорғауды нақты жүзеге асыра алады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Оның кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар адвокатура туралы заңнамамен анықталады. Қазақстандағы қорғаушының мәртебесін жоғары заңгерлік білімі бар тұлға ғана иеленуге құқылы. Бірақ азамат қорғаушы болуы үшін бір жоғары заңгерлік білім жеткіліксіз. Адвокатураға қабылдау үшін қажетті ойлау қабілеттерін құрайтын тәжірибелік дайындықпен қоса, қорғаушыдан талап етілетін теориялық дайындықтың бір бөлігі ғана – аталмыш тұлға, сондай-ақ кем дегенде үш айлық тәжірибеден өтуі керек.

Қорғаушыны таңдаудың тек заңгерлік емес, сонымен қатар этикалық бастауы бар. Қорғаушы мен оның "клиентінің" қалыпты қарым-қатынастары өзара сенім болмаған жағдайда қажетті дамуын таба алмайды. "Сонымен қатар, айыпталушымен психологиялық байланысқа кіру кезеңі қорғаушының өз қорғалушысын қаншалықты білетіндігінде, оның психологиялық ерекшеліктеріне, қылмыстық істің мән-жайына қатысты онда бар пікірлерге едіуір байланысты" [8, 20 б.].

Қорғаушыны алып, сезікті оның сенім білдіруге тұрарлық заңгер болсын деген тілек білдіре алады. Сондықтан болашақта қорғаушылар алқасының мүшесі болып табылмайтын тұлғаны қорғаушы ретінде қатысу мүмкіндігі жойылады. Бірақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде мұндай мүмкіндікті таңдаған заңгер өзінің қорғалушысына білікті заңгерлік көмек

көрсетуге қабілетті болу шартымен шектеген жөн және бұл лицензияның болуымен расталуы керек.

Адвокат-қорғаушы көрсететін құқықтық көмек, әдетте, түрлі тікелей міндеттерді шешуге бағытталған. Жалпы түрде оның құрылымы келесідей түрде ұсынылуы мүмкін:

а) күдікті немесе айыпталушыға қылмыстық іс жүргізу ісіндегі оның құқықтық мәртебесін түсіндіру;

б) орын алған күдік немесе айыптаудың болмысын түсіндіру;

в) қорғалушы үшін жағымды (оның жауапкершілігін ақтаушы, жұмсартушы немесе жоққа шығарушы) және ол үшін жағымсыз (жазалау мен жауапкершілікті ауырлататын, қылмыс жасауда әшкерелейтін) жағдайлардың мәнін түсіндіру;

г) қорғаушының, сонымен қатар қылмыстық іс жүргізу ісіне басқа да қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;

д) қорғалушыларға арыз, шағым және басқа да процессуалдық құжаттар жасаудағы көмек;

е) қылмыстық іс жүргізу ісін жүргізу бойынша мемлекеттік-биліктік өкілеттер берілген лауазымды тұлғалар мен органдардың алдында қорғалушының мүдделерін ұсыну.

Күдікті немесе айыпталушыға оның құқықтарын түсіндіре отырып, қорғаушы қорғалушының оған берілген құқықтық қорғану құралдарын пайдалану тактикасы мен әдістемесіне байланысты мәселелерге назар аударуы керек. Қорғаушының кеңестері мен нұсқаулары сезікті немесе айыпталушыға өзінің құқықтарын өздігінен қамтамасыз етуге және солардың көмегімен алдын ала тергеуде өзінің заңды мүдделерін дербес қорғау мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Күдікті немесе айыпталушы қылмыстық іс жүргізу қатысушысы ретінде тек құқықтарға ие болып қана қоймай, қорғаушы түсіндіруі тиіс процессуалдық міндеттерді көтереді. Осы міндеттерді түсіндіру белгілі бір қиындықты тудыратынын атап кеткен жөн, өйткені заңда олардың шағын тізімі жоқ. Алайда сезіктінің міндеттері заңда тура бекітілмеген және тек қана жағымсыз сипатқа ие, олар заңда тыйым салынбаған белгілі бір әрекеттер жасауына жол берілмеу керек және жағымды форма иелене алмауы керек, яғни сезіктінің позитивтік сипаттағы белгілі бір әрекеттер жасау міндеттерін тудырмауы тиіс екендігімен келісуге болмайды.

Қорғаушының қорғалушыға оның қылмыстық іс жүргізудегі құқықтық мәртебесін түсіндіру бойынша қызметін қорғалушыға ол соның көмегімен қылмыстық іс жүргізуде өзінің заңды мүдделерін қорғай алатын конституциялық құқықтарының мәні жеткізілмеген болса, қанағаттанарлық деп тануға болмайды. Басқа құқықтарының қатарында қорғаушы айыпталушыға да, сезіктіге де кінәсіздік принципінің мәнін түсіндіруге міндетті.

Құқықтары мен міндеттерін түсіндіргеннен кейін қорғаушы қорғалушыға орын алған күдіктену мен айыптаудың мәнін түсіндіруде құқықтық көмек көрсетуі тиіс. Қызметтің осы бағыты қорғалушы жасады деп айыпталған қылмыстың нақты жағын, заңгерлік түсіндіру мен құқықтық біліктілігін ашуда болып табылады.

Тағылған айыпты және оның салдарын дұрыс түсіну айыпталушының өзінің қорғану құқығын мақсатты түрде жүзеге асыруда маңызды мәнге ие болады. Айыптау мәнін біле отырып, азамат, оның ішінде, ол көрсеткен куәлардан жауап алу, оның пікірінше, айыптауды теріске шығарып, бұлтартпау шарасын қолдану қажеттілігін жоққа шығаратын, дәлелдік мәні бар, құжаттар мен басқа да нақты деректер талап ету туралы арыз беруі мүмкін.

Қылмыстардың нақты жағын түсінуде айыпталушы әдетте қиналмайды. Сондықтан қорғаушының міндеті осы іс бойынша қолданылуы мүмкін қылмыстық заң баптарында болатын құқықтық түсініктерді түсіндіруде болып табылады. Бір мезгілде қорғаушы, өзінің қорғаушысымен ашық әңгімеге сүйене отырып, соңғыға оның әрекетінде қылмыс құрамының бары немесе жоқтығы

туралы ашық айтуы тиіс. Өзінің нақты жағдайын білу айыпталушының іс бойынша дұрыс ұстаным таңдауына септігін тигізеді. Адвокатура жүйесі де заманына қарай жаңарып отыруы тиіс. Адвокатура – азаматтық қоғамның заң органдары мен күш құрылымдары арасындағы «елшісі». Даудың әділ шешілуі үшін адвокаттарға тәуелсіздік, толық құқық, биік мәртебе беруге тиіспіз. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт әр адамға өз еркімен адвокатты таңдап қорғану құқығына кепілдік береді. Бұл құқық әділетті сот процесінің негізі болып табылады. Өйткені ол толықанды қорғаудың негізгі шарты болып табылатын, айыпталушы мен адвокаттың арасындағы сенімділікті қалыптастырады, сондай ақ сенімге және қорғаудың кәсіби мәртебесіне асыра сілтеушілікке жол бермейді.

Адвокаттың құқықтық мәртебесінің негізін, тек қана заңда көрсетілген өкілеттіктер емес, сонымен қатар, осы өкілеттіктерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заңды механизмдердің жиынтығы да құрайды. Осындай механизмдердің қатарына, адвокаттардың өз кәсіби міндеттерін атқару барысында құқық қорғау және құқық қолданушы органдарынан тәуелсіз болу кепілдігі жатады.

#### *Қолданылған әдебиеттер тізімі:*

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // adilet.zan.kz*
2. *Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // adilet.zan.kz*
3. *Алауханов Е.О. Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет. - Алматы, 2010. – 348 бет.*
4. *Васьковский Е.В. Организация адвокатуры (Глава III. Франция. Том I. Очерк всеобщей истории адвокатуры). Типография П.П.Сойкина., 2003.*
5. *Адвокаттық қызмет туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 195 Заңы // adilet.zan.kz*
6. *«Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы N 858 Жарлығы // Егемен Қазақстан 2009 жыл, 28 тамыз, N 281-283 (25680).*
7. *Бойков А.Д. Этика профессиональной защиты по уголовным делам. - М., 1978. – 332 с.*
8. *Садықов А.Ж. Адвокат-қорғаушының сезіктіге, айыпталушыға және сотталушыға білікті заң көмегін көрсетуі. Заң ғылым., кан., диссерт., авторефераты. Алматы, 2010.*

**Қуаналиева Гүлдана Амангелдіқызы**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ "Кеден, қаржы және экологиялық құқық" кафедрасының  
профессоры, заң ғылымдарының докторы

**Жақсыбекова Фарида Сатбергеновна**

"ҚАЗГЗУ Университеті АҚ" доценті, заң ғылымдарының кандидаты

**Рахимова Гакку Нұрлановна**

Абай атындағы ҚазҰПУ "Азаматтық және мемлекеттік құқықтық пәндер"  
кафедрасының аға оқытушысы

## **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЖАСАЙТЫН ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ ТҮЛҒАСЫ**

*Резюме. В статье авторы анализируют черты и свойства, характерные лицам, совершившим экологические правонарушения и рассматривают их превентивную роль.*

*Ключевые слова: преступность, личность преступника, экологическая преступность*

*Түйін. Бұл мақалада авторлар экологиялық құқық бұзушылықты жасайтын қылмыскер тұлғасына тән мінез-құлық пен қасиеттерді зерттеген.*

*Түйін сөздер: қылмыстылық, қылмыскер тұлғасы, экологиялық қылмыстылық*

*Resume. In the article an author analyses lines and properties, characteristic to the persons accomplishing ecological offences and examines their preventive role.*

*Keywords: criminality, personality of criminal, ecological criminality*

Танымал криминолог, профессор Е.О. Алауханов "қай ғылыми мектепке жатқанымен бірде-бір криминолог қылмыс жасаған адаммен байланысты проблемаларды айналып өте алмайды. Қылмыс жасаған адамды қысқаша "қылмыскер" деп аталық. "Қылмыскер" ұғымын пайдаланғанда біз адамның бойында қандай да бір ерекше криминалдық сипаттамалардың бар екендігін емес, оның қылмыс жасағандық фактісін ескереміз" деп көрсетеді [1, 1416].

Қылмыстылықтың қай түрінің болмасын, соның ішінде, экологиялық қылмыстылықтың да, профилактикасы оны жасаушы қылмыскер тұлғасының ерекшеліктеріне тікелей байланысты.

Қылмыскердің тұлғасы – ол оның әлеуметтік келбеті, әлеуметтік даму мен қоғамдағы қалыптасу кезеңінде кім болып шыққандығы. Криминология ғылымында қылмыскерді, оның тұлғасын зерттеу қылмыстық мінез-құлықтың, белгілі бір бағыттағы криминогендік ұстанымның қалыптасуының заңдылығын анықтау үшін қажет.

Профессор Е.І.Қайыржанов қылмыскер тұлғасын 3 деңгейде зерттеуді ұсынады:

1) қылмыскер тұлғасы жөніндегі жалпы ұғым тұрғысынан;

2) қылмыскердің әртүрлі түрлері мен категориясы үшін тән болып табылатын белгілерді анықтау тұрғысынан;

3) жеке деңгейде (яғни ұрлық, адам өлтіру, зорлау сияқты қылмыс түрлерін жасаған адамдарды жеке-жеке зерттеу тұрғысынан) [2, с.56]. Біз профессор Е.І.Қайыржановтың қылмыскер тұлғасын үш деңгейде зерттеу жөніндегі ұсынысын дұрыс деп ойлаймыз. Өйткені кез-кел-

ген тұлғаны ең әуелі жалпы түрде, ал одан кейін өз алдына жекелеген түрлер мен категорияларға бөле отырып нақты түрде зерттемей, оны жеке деңгейде қарастыру мүмкін емес. Ескерте кететін бір нәрсе, кез-келген танымды жан-жақты анықтау үшін оның өзіндік ерекшеліктерін назардан тыс қалдырмау қажет. Сондықтан да, біз қылмыскер тұлғасын зерттеудің төртінші деңгейі болуы қажет деп ойлаймыз. Бұл деңгейде қылмыс жасаған әрбір адамның жеке басына тән тұлғалық ерекшеліктеріне, яғни жас және психологиялық, әлеуметтік және өнегелік, сондай-ақ демографиялық, ерекшеліктеріне баса назар аударып отырып зерттеу қажет. Бұл методологияның "бөлек" және "жеке" категорияларымен сәйкес келеді. "Жекені" жинақтау арқылы "бөлекке" қол жеткіземіз, бірақ "жеке" "бөлекті" құрамайды. Сонда ғана қылмыскер тұлғасына жүргізілген зерттеу толық, әрі жан-жақты сипатқа ие болады.

Қылмыскер тұлғасын зерттеу мәселесімен криминология ғылымы көптеген жылдар бойы айналысып келе жатқандығына қарамастан мұндағы пайдаланылып жүрген "қылмыскер тұлғасы" жөніндегі анықтамалар қылмыс жасаған адам тұлғасының мазмұны мен мәнін толық түрде ашпайды, әрі қылмыскерлерді түрлерге бөлу мәселесін жоғары деңгейде қамтымайды [3, с.16]. Қылмыс жасау фактісінің өзі, сөз жоқ, сол адамның қоғамға қарсы жат әрекетін білдіреді. Алайда бұл факт мұндай тұлғаны "қоғамға қарсы тұлға" деп тану үшін негіз бола алмайды. Өйткені "қылмыскер тұлғасы" ұғымын біз "кездейсоқ" және "ситуативті" қылмыскерлерге де қолданамыз. Ал мұндай типке жататын қылмыскерлердің қылмыс жасауы, олардың тұлғасына тән теріс белгілер мен қасиеттерді емес, қайта керісін-



ше олардың тұлғасының құрылымына қарама-қайшы келетін және де олардың тіршілік әрекеті мен мінез-құлқына жат болып табылатын қандай да бір олқылықтарды сипаттайды. Ал адамды "қоғамға қарсы тұлға" деп тану үшін ол қоғамға және ондағы қатынастарға қатысты, заң нормалары мен талаптарына қатысты, қоғам ішіндегі адамдарға, еңбекке, еңбек ұжымына және тағы басқа да жағдайларға қатысты теріс көзқарасқа, теріс мақсатқа және теріс бағыттылыққа ие болуы қажет. Ал адамның бойында жақсы және жаман қасиеттер ажырамас тұтастық ретінде болады, яғни бұндай қасиеттер қатар жүреді. Сондықтан да адамның жаман жағын айтып, оның жақсы жағын ескермеу дұрыс емес.

Кез-келген адам тұлғасын анықтау сияқты, "қылмыскер тұлғасын" анықтау да біржақты түрде бола алмайды. Қылмыс жасаған адамның тек теріс жағын сипаттау арқылы, оларды ең жаман, түзелуге келмейтін, нашар адамдар ретінде түсіндіру қиынсыз. "Қылмыскер тұлғасы" қылмыс жасаған кез-келген адамның жеке мінез-құлқын, әрекетін сипаттайтын болғандықтан, бұл ұғымды біз жалпы ұғым ретінде қолдана алмаймыз. Өйткені мұндағы ұғымның мазмұны әрбір нақты жағдайда қылмыс жасаған адамның тұлғалық белгісіне, оның жеке басына тән қасиеттері мен ерекшеліктеріне байланысты болады. Сондай-ақ қылмыскер тұлғасы жөніндегі ұғым - аса қауіпті және қатыгез құқық бұзушыларды білдіру ретінде бола алмайды. Бұл ұғым тұлғаның криминологиялық теориясының бастамасы, әрі негізгі позициясы болып табылды [4, 32 б.]. Ол нақты объектінің ой жүзіндегі көрінісі және онсыз белгілі бір мәнге ие емес.

Адамның қоғамға қарсы бағыттылығы мен мотивтерінің қалыптасуы және де олардың қылмыстық әрекет түрінде көрсетілуі бір мезгілде жүзеге асырылмайды. Көп жағдайда теріс ықпалдардың нәтижесі ұзақ уақыт өткеннен кейін ғана байқалады. Бұл жағдайда, біріншіден, қылмыс жасаған адамның ішкі құрылымы күнделікті тіршілік әрекеттері барысында ескілерді жоғалта отырып, жаңа белгілерге ие болу нәтижесінде өзгереді. Екіншіден, мінез-құлқтың сол бір белгілерінің өзі жағдайға байланысты әртүрлі көрініске ие болады.

Сонымен, қылмыскер тұлғасына тән жалпы белгілер мен қасиеттерді қылмыстық құқық бұзушылық жасау фактісінің өзінен ғана емес, сондай-ақ ең алдымен, қоғамға қауіпті әрекетті анықтайтын және оның келешекте жасалуы мүмкін екендігін көрсететін, сонымен бірге оларды заңды орындаушы азаматтардан ажыратуға мүмкіндік беретін ерекшеліктерден іздеу қажет.

Қылмыскер тұлғасы "тұлға" ретінде қылмыс жасағанға дейін қалыптасады. Сонымен бірге "қылмыскер тұлғасы" - бұл қылмыс жасаған адамның жеке сипатын көрсететін социологиялық категория, ал бұл ұғымның мазмұны тұлғаның тек теріс жағын ғана емес, сондай-ақ жағымды жақтарын да, тіпті

тұлғаның криминогенді ерекшеліктеріне және де оның қылмыстық әрекетіне қарама-қарсы тұратын және қарсылық көрсететін бүкіл жақсы қасиеттерін де міндетті түрде қамтуы қажет.

Сонымен, өзінің тіршілік әрекетінде қылмыс жасаған адамды, оның тұлғасының қалыптасу процесін, оның іс-әрекетіндегі қоғамға қарсы бағыттылықтың пісіп-жетілуіне жағдай жасайтын әлеуметтік ортаның ішкі және сыртқы жағдайларын, әлеуметтік және психологиялық факторларды зерттеу - жеке қылмыстық әрекеттің себебін анағұрлым толық анықтауға апаратын жолдардың бірі ғана емес, сонымен бірге, жалпы қылмыстылықпен күрес жүргізудің және де қылмыстылықтың нәтижелі түрде алдын алудың бірден-бір тиімді жолы болып табылады [5, с.43].

"Қылмыскердің тұлғасы" ұғымына, қылмыс жасаған адамның әлеуметтік жағын сипаттайтын белгілер жатады. "Қылмыскердің тұлғасы" және "қылмыскер" деген ұғымдардың ара-қатынасы, "жеке тұлға" және "адам" деген ұғымдардың ара-қатынасы секілді. "Адам" ұғымының шекарасы "жеке тұлғаға" қарағанда кең ұғымы. "Жеке тұлға" түсінігі "адамның" нақтыланған әлеуметтік сипаттамасы. "Жеке тұлға" болып туылмайды, адам жеке тұлға болып қалыптасады [6, с.70-71].

Қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаушы тұлғалардың адамгершілік-психологиялық сипаттамасы өте кең ауқымды. Бір жағдайда олар әлеуметтік тоғышарлыққа тұрақты түрде бой ұрған анық байқалатын пайдакүнемдік-тұтынушылық ұстанымдағы кәсіп қылмыскерлер, кей жағдайда олар өмірдің қиын жағдайларына жеңілген азғана адамгершілік ақаулары бар типтік кездейсоқ қылмыскерлер (мысалға, тұрақты табыс көзінің болмауынан экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар жасап, күн көруге бел бұғандар).

Бұл тұрғыдан алғанда, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаушы тұлғалардың мына ерекшелігіне мән бере кету ләзім. Олар ешкімді де алдамайды, бөтеннің мүлкін ұрламайды, ешкімді де тонауға қабілеті жоқ т.б. (бұл жерде олар заңға бағынады), бірақ олар әрқашанда туған табиғаттың есебінен күн көруге, үлкен зиян келтіре отырып ірі экологиялық қылмыстар жасауға дайын.

Статистикаға сүйенсек, 83%-ке жуық қылмыскерлер 20 мен 35 жастың аралығында. Осылардың ішіндегі 30 жасқа дейінгілері жартысынан да көп.

Олардың әлеуметтік жағын сипаттағанда басым бөлігінің аяқталмаған орта, не орта білімге ие екендігін және шала сауаттылығын ескере кету керек.

Экологиялық қылмыскерлер әлеуметтік жағымсыз тұрғыдан алғанда, үш деңгейге жіктеледі:

1) аталған проблемаға селсоқ қарайтын импульсивті деңгей. Бұл деңгейдегілер абайсызда жасалатын экологиялық қылмыстарды жасауға бейім;

2) табиғи байлықтарға теріс көзқарастағы дең-

гей (жекелеген оқиғаларда ғана кездеседі);

3) табиғат пайдаланудың ережелерін ескермей-ақ материалдық және өзге де табыс табуды көздейтін деңгей.

Зерттелген ақпараттарды сұраптай келе қылмыс жасаушыларды қызмет түріне қарай бөлсек, 10% - жеке күзеттің қызметкерлері, 19% - бұрынғы жұмыскерлер, оның ішінде бұрынғы ауылшаруашылық жұмыскерлері мен өзінің көлігі барлар, 33% - коммерциялық құрылымдардың қызметкерлері, 11% - құқық қорғау органдарының қызметкерлері (бұрынғы қызметкерлер де осының ішінде), 27% - жұмыссыздар.

Қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаушы қылмыскерлердің барлығы дерлік (97%) ер адамдар. 14-17 жастағылар - 17%, 18-25 жастағылар – 47%, 25-30 жастағылар – 26%, 30-40 жастағылар – 7%, 40 жастан аскандар – 3%. Әйел жынысты адамдардың үлесі 3% ғана болғанымен олар зерттеліп отырған қылмыстық құқық бұзушылықтардың 10%-іне қатысады немесе жасайды. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау үшін жанұяның болу-болмауы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалу деңгейіне ықпал ететіндей маңызды фактор болып табылмайды. Сотталғандардың 87% -да жанұясы болған. Бұрын сотталғандардың үлес салмағы 16%-ды құрайды.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты рецидивтік қылмыстылықтың деңгейі бірқалыпты, тіпті кейбір аймақтарда төмендеу үрдісіне ие. Бұған қарап, бір рет сотталған адам екінші рет қылмыстық құқық бұзушылықтарды мүлде жасамай кетеді деген қорытындыны үзілді-кесілді айтуға болмайды. Керісінше, қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасап, бір рет сотталған адам келесі қылмыстық құқық бұзушылықтарды неғұрлым сақтықпен жасайды, әуелгісіне қарағанда өз әрекетінің құқықтық салдарын көре біледі, қылмыстық жауаптылықтан қашуға тырысады. Құқық қорғау қызметкерлерінің арасындағы сауалнама нәтижелері көрсеткендей соттылығы жоқ қылмыскерлердің латенттілік деңгейіне қарағанда бұрын соттылығы барлардың латенттілігі жоғары.

Зерттеліп отырған қылмыскерлерге тән көп ұшырасатын қасиеттерді анықтау осы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға өз жәрдемін тигізеді. Тұлғаның криминогендік ұстанымы оның қоғамдық өмірінде, сыртқы ортаның ықпалымен қалыптасады. Бұл құбылыс күрделі әрі көпқырлы.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектілерінің негізінен мінез-құлқын айқындайтын олардағы криминогендік ұстаным. Бұл жерде қылмыскерлердің көзқарастары мен адамгершілік ұстанымдары ерекше маңызға ие. Осы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаушылардың ішінде, мысалға, орманшылардың, қылмыс заттары қолдарында болған соң психологиялық тұрғыдан жеңілдікті сезінетіндігін айта кету керек. Кей жағдайда мұндай оқиғаларға олардың жасаған әрекеттерінің қоғамдық қауіптілігін ұғынбауға ұрындыратын құқықтық білімдерінің саяздығы да себеп болады. Сол сияқты, тұлғаларға осы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаған кезде, олар туралы хабардар бола тұра микроорта өкілдерінің жағымсыз көзқарастарының болмауы да әсер етеді. Әлбетте, осылардың ішінде материалдық түрткілердің ерекше орнын да ескере кету ләзім. Осы пиғылмен астасып жатқан "өзгелерден кем болмау және кем тұрмау", "өмір сүре білу" ережелері мен бәсекелестіктің рөлін айтпай кетпеске болмайды. Тағы айта кететін нәрсе, ер кісілердің бұл қылмысты жасау барысында ықпал ететін психологиялық қасиеті. Ол – жанұя алдындағы материалдық жауапкершілік. Жанұяның өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында отағалары табыстың әр түрлі көздерін іздей бастайды, оның ішінде қылмыстық жолдармен келетін табыстар да бар. Қолда бар материалдарды қорытындыласақ, негізінен бұл қылмыстар пайдакүнемдік ниетпен жасалады. Зерттеу объектісіне алынғандардың шамамен 65-66%-да аталмыш ниет қозғаушы болған. 12%-ы өзіне және жанұясының ең негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жасаса, 11,7%-ы өзі жақсы өмір сүру үшін, 6,7%-ы спирттік ішімдіктер алу үшін жасаған. Осылардың арасында тек қана жанұяның немесе өзінің таза материалдық қажеттілігін қанағаттандыру үшін емес, жеткілікті және барлықта өмір сүруге деген құлшыныспен қылмыс жасағандар да бар. Олар 20,3 %-ды құрайды.

Сол сияқты олардың бұл әрекеттерге батыл бара алуының бір себебі – ол "жұрттың жасап жатқанын мен де жасап жатырмын" деген түсінік.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаушы тұлғаларды зерттеп, алынған нәтижелерді қылмыстылықтың алдын алуға пайдалану қоғамның табиғи жағдайын жақсартуға ғана емес, сонымен қоса, қоғамның моралдық-адамгершілік көзқарастарын түзеуге жәрдемдеседі.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Алауханов Е.О. Криминология (Қылмыстану): Оқулық. - Алматы: Жеті жарғы, 2005. - 232 б.
2. Кайыржанов Е.И. Криминология. Общая часть. - Алматы, 2000.
3. Личность преступника. - М., 1975.
4. Ерімбетова Л. Кәметке толмаған қылмыскер тұлғасы. - Алматы, 2002.
5. Миндагулов А.Х. Личность преступника. - Алматы, 2003.
6. Алауханов Е.О. Криминология. Учеб: Общая и Особенная части. - Алматы: Жеті жарғы, 2008. - 664 с.

**Тауланов Сабит Сауменович**

генерал-майор запаса, доктор педагогических наук, доцент,  
начальник Специализированного лицея «Арыстан», info@lyceum-arystan.kz

**Фот Луиза Владимировна**

доктор Phd, преподаватель Специализированного лицея «Арыстан», luiza2979881@mail.ru

**ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПРОЦЕССЕ  
ОБУЧЕНИЯ В СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ  
(на примере специализированного лицея «Арыстан»)**

*Түйін. Мақалада ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқыту үрдісіне енгізудің жолдары мен тәсілдері «Арыстан» мамандандырылған лицейі негізінде көрсетіледі. Авторлар қазіргі білім беру жүйесіндегі ақпараттандырудың объективті қажеттілігін прогресс пен тұрақты өркеніетті қоғам дамуының негізі ретінде дәлелдер келтіреді.*

*Резюме. В статье демонстрируются пути и способы внедрения информационно-коммуникационных технологий в процесс обучения на примере Специализированного лицея «Арыстан». Авторами приводятся доказательства объективной необходимости информатизации современного образования, как основы прогресса и устойчивого цивилизованного развития общества.*

*Summary. Introduction of ways and methods of information and communication technologies in the learning process as in Specialized lyceum «Arystan» is demonstrated in this article. The authors substantiate the objective necessity of informatization of modern education as the foundation of progress and sustainable development of a civilized society.*

Современное состояние педагогической науки характеризуется интенсивным ростом новых методологических подходов, обуславливающих возникновение и совершенствование инновационных процессов в сфере развития и обучения личности, в том числе и продиктованные информатизацией образования. Наибольшую актуальность современные информационно-коммуникационные технологии приобретают в сфере образования как основа прогресса и устойчивого цивилизованного развития общества. Но при этом процесс внедрения информационно-коммуникационных технологий во все сферы деятельности, и, прежде всего, в образовательную среду требует глубокого научно-го осмысления.

Роль принципа наглядности в обучении, который обеспечивается посредством современных ИКТ, трудно переоценить. Так, о роли наглядного обучения писал в своём учебнике «Родное слово» К.Д. Ушинский: «Что такое наглядное обучение? Да это такое ученье, которое строится не на отвлеченных представлениях и словах, а на конкретных образах, непосредственно воспринятых ребенком: будут ли эти образы восприняты при самом ученье, под руководством наставника, или прежде, самостоятельным наблюдением ребенка, так что наставник находит в душе дитяти уже готовый образ и на нем строит ученье... Детская природа ясно требует наглядности. <...> Если вы входите в класс, от которого трудно добиться слова, начните показывать картинки, и класс заговорит, а главное, заговорит свободно...» [1].

Личность педагога в процессе информатизации образования выполняет ведущую роль: «В условиях информатизации современного общества учителя-предметники должны обладать ИКТ-компетенциями, использовать дополнительные ресурсы, в том числе интернет и формировать у учащихся умения находить, обрабатывать информацию по предмету. <...> Кроме того, в условиях информатизации современного общества необходимо учителю использовать дополнительный материал (дополнительную, эвристическую литературу, электронные ресурсы, специализированную литературу, справочники и своё творчество) и формировать у учащихся умения находить, обрабатывать информацию по предмету» [2, с. 9, 84].

Специализированный лицей «Арыстан», впервые распахнувший двери для своих воспитанников в 2011 году, приобрел широкую известность в каждом уголке нашей необъятной Родины. Конечно, 5 лет существования для учебного заведения небольшой срок, скорее наоборот, ведь статус и традиции складываются не одно десятилетие, но, несмотря на это, прошедшие годы позволили нашему лицею обрести «имя», самобытность, стать активно развивающимся учебным заведением Казахстана, со своим укладом, традициями. Специализированный лицей «Арыстан» идет в ногу со временем и признает, что процесс информатизации общества, связанный со стремительными темпами развития компьютерной техники, становится в начале третьего тысячелетия одним из важнейших факторов развития. Лицей «Арыстан» призван

воспитывать разносторонне развитых, интеллектуальных, интеллигентных юношей, способных занять достойное место в рядах граждан Казахстана. Будущие защитники Родины – это, прежде всего, юноши, обладающие высокими интеллектуальными и физическими способностями, наделенные духовно-нравственными качествами, важнейшим из которых является любовь к родной земле.

Осуществляя подготовку будущих офицеров, мы осознаем, что высокий уровень технического оснащения всех сторон жизнедеятельности общества в период информационно-технической революции в значительной степени изменили профессиональную характеристику личности военных специалистов: их образовательная и профессиональная деятельность тесно связаны с компьютерами и современными информационными технологиями. Эффективность подготовки высококвалифицированных военных кадров в современных условиях во многом определяется уровнем компьютеризации различных сфер военно-образовательной деятельности. Необходимость внедрения в учебный процесс программных средств учебного назначения, методов электронного обучения (e-learning), к которым относятся электронные учебники, уже не вызывает сомнений. Современные педагогические возможности информационно-коммуникационных технологий обеспечивают эффективную организацию учебно-познавательной деятельности, возможность рефлексии профессиональной деятельности и максимально реализуют личностно-ориентированный, деятельностный и аксиологический подходы к учебному процессу во всех его структурных компонентах.

Использование электронного обучения предполагает интерактивное взаимодействие субъектов образовательного процесса, достижение максимально возможных учебных результатов при минимальных временных затратах, что тоже является несомненным преимуществом информационно-коммуникационных технологий. За счет информатизации образования на их основе можно существенно повысить эффективность подготовки будущих военных кадров и создать предпосылки для формирования системы непрерывного военного образования.

Таким образом, полностью осознавая роль ИКТ в современном образовании, Специализированный лицей «Арыстан» активно внедряет в процесс обучения электронные учебники и цифровые образовательные ресурсы, в том числе и разработанные АО «Национальным центром информатизации». Все электронные учебники, разработанные АО «НЦИ», строго соответствуют стандартам казахстанского образования. Они ориентированы не на конкретные уроки, а на содержание изучаемого предмета в целом, что позволяет ученику увидеть учебный материал целостно и во всех взаимосвя-

зях. Создается интерактивная среда обучения, что имеет исключительную педагогическую значимость. Каждый электронный учебник разрабатывается большим авторским коллективом, который включает докторов и кандидатов наук, профессоров и доцентов, специалистов в той или иной области предметных знаний. Кроме этого, в авторский коллектив входят педагоги-технологи, методисты, программисты, аниматоры, дизайнеры, звукооператоры и другие.

Необходимо отметить, что тесное сотрудничество лицея и АО «НЦИ» началось в 2014 году, когда специалисты Центра информатизации проводили двухнедельный мастер-класс для педагогов «Арыстана». В ходе теоретических и практических занятий была проведена огромная совместная работа по определению путей и способов внедрения электронного обучения в образовательный процесс конкретного учебного заведения: педагоги лицея продемонстрировали открытые уроки с использованием e-learning, были представлены календарно-тематические планы по различным дисциплинам с внедрением электронных и цифровых ресурсов в урочный и внеурочный процессы. Необходимо отметить, что внедрение e-learning во все сферы образовательного процесса в лицее стало возможным благодаря современной учебно-материальной базе Лицея, которая в полной мере удовлетворяет потребности учебного заведения нового поколения. Учебно-материальная база включает:

- современный классно-лабораторный комплекс, с повсеместным интерактивным оборудованием, с высокой степенью компьютеризации учебного процесса;
- лингафонные кабинеты и медиатеки;
- библиотеку, которая представляет собой мультимедийный образовательный центр, с неограниченным доступом к интернету и образовательным ресурсам электронных библиотек по всему миру.

На новый уровень сотрудничество лицея и Центра информатизации вышло в июле 2015 года, когда 2-3 июля 2015 года состоялась международная научно-практическая конференция «Ценности и смыслы современного образования. Васильевские чтения в Казахстане – 2015». Чтения были организованы Академией информатизации образования и Национальным центром информатизации на базе Специализированного лицея «Арыстан». В Чтениях приняли участие более ста человек, в том числе ученые из России – Санкт-Петербург, Москва, Воронеж, Омск. Участники чтений обсудили проблемы преемственности поколений в педагогической науке и в системе образования; ценностно-смысловые ориентиры современного образования и ценностно-ориентированного обучения в условиях информатизации образования.



Таким образом, методика электронного обучения на основе новых информационно-коммуникационных технологий выступает в качестве одного из путей подготовки будущих офицеров, обеспечивающих интерактивное взаимодействие субъектов образовательного процесса, мобильность в обновлении содержания военно-педагогической подготовки, приобщение к широкому информационному пространству в контексте международного сотрудничества и расширение профессионального общения. Осознавая это, мы не можем не согласиться со словами вице-президента АО «НЦИ»

Артыкбаевой Е.В.: «Чрезвычайно важно, чтобы произошел коренной перелом в сознании педагогического сообщества, чтобы появилось понимание того, что информационно-коммуникационные технологии в казахстанском образовании – это не модное новшество, а объективная необходимость. Ведь истоки новой современной парадигмы обучения как инфокоммуникационного взаимодействия субъектов образовательного процесса должны исходить именно от учителя и от тех тысяч уроков, которые он проводит с учениками» [3, с. 8].

#### *Список литературы*

1. Ушинский К.Д. Родное слово: книга для детей и родителей. - Новосибирск: Детская литература, 1999.
2. Об особенностях преподавания основ наук в общеобразовательных организациях Республики Казахстан в 2015-2016 учебном году. Инструктивно-методическое письмо. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 232 с.
3. Артыкбаева Е.В. Теория и технология электронного обучения в общеобразовательной школе / автореф. дисс. на соиск. уч. степ. доктора пед.наук: КазУМО им.Абылай хана. – Алматы, 2010.

Амангельдиев Дархан Амангельдиевич

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Б. Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясы Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру институтының докторанты  
E-mail: DarkhanKVSH1979@mail.ru

### БЕКІРЕ ТҰҚЫМДАС БАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫМЕН КҮРЕСУДЕ БАҚЫЛАНАТЫН ЖЕТКІЗІЛІМДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІСІ

*Түйін. Бекіре тұқымдас балықтарының заңсыз айналымымен күресудегі ішкі істер органдарындағы жедел аппарат қызметінің тәжірибелік материалдарын талдау негізінде, бақыланатын жеткізілімді жүзеге асырудың құқықтық және ұйымдастырушылық ерекшеліктері қарастырылады.*

*Резюме. На основе анализа материалов практической деятельности оперативных аппаратов органов внутренних дел в борьбе с незаконным оборотом осетровых пород рыбы, рассматриваются правовые и организационные особенности осуществления контролируемой поставки.*

*Resume. On the basis of the analysis of materials of practical activities of operational offices of law-enforcement bodies in fight with illegal a turn of sturgeon breeds of fish, it is considered legal and organizational features of implementation of a controlled delivery.*

Назар орталығында елімізде жүргізіліп отырған қоршаған ортаны қорғау саясаты болып табылады, оның мақсаты «жасыл экономикаға» көшу процесінде жүйелі өзгерістерді жүзеге асыру болып табылады. «Жасыл экономиканы» жүзеге асыру табиғи ресурстарының тозуына және қоршаған ортаға жүктемені аз мөлшерде келтіре отырып дүние жүзіндегі елдердің 30 дамыған елдердің қатарына кіру және Қазақстан халқының өмір сүру сапасын, әлеуметтік жағдайын арттыруды күтеді. Экологиялық тұрақсыздықта экологиялық қылмыстарға маңызды көңіл бөлінеді. Профессор В.Д. Ермаковтың пікірі бойынша, экологиялық қылмыстар құқыққа қарсы әрекеттердің кең тараған түрі және көбінесе қоғамдық қауіптің бірі болып табылады.

Басқа да экологиялық құқық бұзушылықтардың жиынтығы, өздерінің демографиялық, экологиялық, әлеуметтік мінездерінің жағымсыз әсерлерін ескере отырып, олар бүгінгі таңда ұлттық қауіпсіздікке нақты қауіп төндіріп отыр, жоғарғы, жер асты суларының және тағы басқаларының сапасының күрт нашарлауын білдіреді [1, 194].

– Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарында құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері қозғалатын жеке және заңды тұлғалардың ескертпелері мен ұсыныстарын ескеру мақсатымен жүргізіледі. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының жобасын жария талқылау оның жария талқылау үшін орналастырылған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде оны «электрондық үкіметтің» веб-порталында орналастырылғаннан кейін жүзеге асырылады;

– Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметтер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ақылы немесе тегін негізде көрсетіледі. Қазақстан Республикасының заңдарында тегін ұсынылуға кепілдік берілген мемлекеттік қызметтерді көрсеткені үшін көрсетілетін қызметті алушыға төлемақы белгілеуге жол берілмейді;

– Мемлекеттік көрсететін қызметті мемлекеттік көрсететін қызмет стандарттарына сәйкес алынады. Қызмет алушылардан құжаттарды сұратып алдыру, олар ақпараттық жүйеден алынуы мүмкіндігіне жол жоқ.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 Қаулысымен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізіліміне сәйкес, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қазандағы № 1271 Қаулысы негізінде келесі мемлекеттік қызметтер көрсетілетін болды: мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектісінің халықтың

санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысын жасау; жобаларға, өнімге, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беріледі; санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын тамақ өнімдерін өндіру объектілеріне есептік нөмірлер беріледі.

Жеке және заңды тұлғаларға объектілерге мемлекеттік қызмет көрсету «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 62 бабы, 8 тармағында және мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын өнімдер мен объектілер тізімдемесіне жататын ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012 ж. 8 тамызындағы № 561 бұйрығымен бекітілген. Көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтарын сараптап өткен абзал: мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы толық және анық ақпарат алуға; мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға; орталық мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, халыққа қызмет көрсету орталықтарының және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен шағымдануға; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметті қағаз және (немесе) электрондық нысанда алуға; осы Заңның 15-бабында көзделген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының жобаларын жария талқылауларға қатысуға; мемлекеттік қызметтер көрсету саласында бұзылған құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау туралы талап арызбен сотқа жүгінуге құқығы бар.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар және шетелдік заңды тұлғалар мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен тең жағдайда алуға жағдай жасалған. Бұл Қазақстандағы мемлекеттік қызмет көрсету мен ұсыну саласындағы жаңа инновациялық өзгертулер болып табылатыны анық көрініп отыр.

Еліміздегі мемлекеттік қызмет көрсету мен ұсыну, оның нысаналы көрсеткіштерін бақылау барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған Үкіметтің салалық бағдарламасы қабылданған [4]. Бағдарла-

маны әзірлеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік орган болып Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі бекітілген. Бағдарламаны қабылдаудың негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру болып табылды. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында мынандай міндеттерді жүзеге асыру көзделді: халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ұлттық заңнаманы жетілдіру; сыбайлас жемқорлық қауіптерін азайту бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты жоғарылату; көлеңкелі экономика деңгейін төмендету. Аталған міндеттер негізінде әзірленген шаралар ойдағыдай жүзеге асып, 2015 жылы 18 қарашада № 410-V Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңының қабылдануына түрткі болды.

2013 жылғы 28 тамызда № 33 хаттама негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында 2014–2018 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мақұлданып бекітілген. Бағдарламаның басты нышандарының арасында мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру мәселесі орын алған [5]. Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту мемлекеттік қызметті одан әрі кәсібилендіру арқылы қамтамасыз етіліп, мемлекеттік қызметтің жаңа моделі тұжырымдамасына сәйкес барынша лайықты кадрларды іріктеуді, олардың жеке сіңірген еңбектері негізінде кәсіби және мансаптық өсуін қамтамасыз етуге бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Мемлекеттік қызметтердің кезең-кезеңмен автоматтандырылуын қамтамасыз ету үшін олардың ХҚКО арқылы көрсетілуіне кезең-кезеңмен өте отырып, оларды қысқарту және оңайлату тұрғысында мемлекеттік қызметтерді ұсынумен байланысты мемлекеттік органдардағы ведомствошілік сияқты, ведомствоаралық бизнес-процестерді де қайта қарау жүйелі негізде жүзеге асырылатыны ескерілді.

Автокөліктерді тіркеу және жүргізуші куәліктерін беру бойынша ХҚКО ашу, әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызметтер мен 200 кем емес рұқсат құжаттарын 100% электрондық форматта көрсетуге аудару бойынша жұмыстар жалғасын тапты.

Орталық мемлекеттік органдар стратегиялық функцияларды орындауға, ал өңірлер - саясатты іске асыруға және мемлекеттік қызметтер көрсетуге шоғырланған кезде ықшам үкіметті қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік басқару деңгей-

лері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату бойынша тәсілдерді көздейтін заң жобасы қабылданды.

Мемлекеттік қызметтердің және мемлекеттік функцияларды іске асырудың сапасын арттыру шеңберінде сот және құқық қорғау жүйесін жаңғырту, «электрондық үкіметті» дамыту жалғасын табуда.

Бүкіл әлемде мемлекеттік қызмет көрсетудің жоғары сапалы болуының құрамдас бөлігі, мемлекеттік билік органдары жұмысы нәтижелілігінің маңызды көрсеткіші олардың әрекетінің ашықтығы және азаматтардың мемлекеттік басқару саласында әлдебір мемлекеттік шешім қабылдауға әсер ету мүмкіндігінің болуы болып табылады.

Қазақстанға келер болсақ, ҚР Конституциясына сәйкес мемлекеттік істерге қатысу құқығы

азаматтардың негізгі құқығы мен еркіндігінің қатарына кіреді (33-бап) және мемлекеттік органдар әр азаматқа оның құқығы мен мүдделеріне қатысты құжаттар, шешімдер мен ақпарат көздерімен танысуға мүмкіндік беруге міндетті (18-бап).

Азаматтардың қатысуы (соның ішінде мониторингілеу мен баға беру үдерісіне) 2010 жылдың 1-ақпанында бекітілген Қазақстанның аса маңызды стратегиялық құжаты «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарының» негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Ол құжатта атап көрсетілген басымдылықтың бірі – азаматтарды жалпы алғанда мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылу үдерісіне баға беруге кірістіру және жекелей алғанда мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелілігін мониторингілеп, баға беруге қатыстыру болып табылады.

*Пайдаланылған нормативтік құқықтық актілер тізімі:*

*1 Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы.*

*2 Технологияларды коммерцияландыруға инновациялық гранттар беру. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 ақпандағы № 85 қаулысы.*

*3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ.*

*4 Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2011 – 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламаны бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 308 Қаулысы.*

*5 Қазақстан Республикасының 2014 – 2018 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында мақұлданған (2013 жылғы 28 тамыздағы № 33 хаттама).*

Калмухаметова Ботагоз Нурмухаметовна

Академия правоохранительных органов при Генеральной Прокуратуре  
Республики Казахстан, докторант, 87015184918; botagoz-7@mail.ru

## К ВОПРОСУ ОБ ЭКСТРАДИЦИОННОМ АРЕСТЕ

*Резюме. В данной статье автор на основании проведенного исследования полагает, что было бы целесообразно отказаться от процедуры экстрадиционного ареста, как противоречащего международным стандартам уголовного судопроизводства.*

*Түйін. Осы мақалада автор жүргізілген зерттеулердің негізінде, қылмыстық сот өндірісінің халықаралық стандарттарына қайшы келетін экстрадициялық қамаққа алу рәсімінен бас тарту орынды болар еді деп санайды.*

*Summary. In this article the author on the basis of the study believes that it would be appropriate to refuse the extradition procedure, the arrest is contrary to international standards of criminal justice.*

1 января 2015 года вступил в законную силу новый Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан (далее УПК РК). Одними из многочисленных модернизаций уголовно-процессуальных норм являются изменения, относящиеся к институту выдачи лиц (экстрадиции). Ранее, в прежнем УПК РК нормы, регламентирующие процедуру выдачи, располагались в главе 55 под общим названием «Основные положения о порядке взаимодействия органов, ведущих уголовный процесс, с компетентными учреждениями и должностными лицами иностранных государств по уголовным делам». В новом УПК РК вопросам выдачи отведена отдельная глава 60, которая так и называется «Выдача лиц (экстрадиция)».

Данный факт свидетельствует о том, что законодатель вопросам международного взаимодействия правоохранительных органов по уголовным делам уделил более пристальное внимание, подвергнув наибольшей детализации их регламентацию.

Однако некоторые нововведения на наш взгляд являются лишними. Так, статья 534 прежнего УПК называлась «Экстрадиционный арест (задержание и заключение под стражу для выдачи)». В соответствии с этой статьей при получении от компетентного учреждения иностранного государства соответствующе оформленного требования и при наличии законных оснований для выдачи лица, оно может быть задержано и к нему применяется мера пресечения в виде экстрадиционного ареста. О заключении под стражу лица немедленно прокурор уведомляет учреждение иностранного государства, направившее или могущее направить просьбу о выдаче, ходатайство об аресте, с предложением о времени и месте выдачи. Экстрадиционный арест задержанного производился судом на срок до сорока суток.

Если в течение сорока суток выдача не состоялась, лицо, содержащееся под стражей, подлежит освобождению по постановлению прокурора. Лицо, задержанное согласно части второй настоящей статьи, должно быть освобождено, если тре-

бование о его выдаче не поступит в течение срока, предусмотренного законодательством Республики Казахстан для задержания.

При непоступлении в этот срок из компетентного учреждения государства, объявившего розыск, ходатайства о выдаче, но при наличии ходатайства о заключении под стражу и гарантии последующего направления ходатайства о выдаче, срок экстрадиционного ареста по ходатайству прокурора может быть продлен судом до двух месяцев, о чем сообщается Генеральному Прокурору Республики Казахстан или уполномоченному прокурору.

В исключительных случаях, при наличии условий, указанных в части второй ст.534 УПК, срок экстрадиционного ареста по ходатайству прокурора области или приравненного к нему прокурора может быть продлен судом до трех месяцев [1].

И лишь только, в случае наличия обращения запрашиваемого к выдаче лица или его защитника по вопросам обжалования решения о выдаче, предоставления ему статуса беженца или лица, ищущего убежище, либо по иным вопросам, имеющим существенное значение для принятия решения о выдаче, срок экстрадиционного ареста по ходатайству прокурора может быть продлен судом до двенадцати месяцев, но не более чем на срок, к которому осуждено лицо в иностранном государстве, запрашивающем выдачу для приведения приговора в исполнение.

Содержание указанной статьи полностью регламентировало содержание под стражей, то есть арест. Процессуальный порядок задержания регламентацией не охватывался.

В новом УПК задержание и арест лица, подлежащего выдачи дифференцированы, и регламентируются отдельными статьями. Так статья 588 названа, «Временное содержание лица под стражей», а 589 называется «Экстрадиционный арест».

Самым существенным различием между экстрадиционным арестом по прежнему УПК и новому является его срок. Ранее арест производился судом на срок до сорока суток. В ч.7 ст.589 нового



УПК данная мера пресечения в отношении лица, подлежащего выдаче применяется сроком на двенадцать месяцев с момента задержания, а в отношении лица, запрашиваемого для приведения приговора суда в исполнение, не более чем на срок, к которому оно осуждено в запрашивающем государстве.

По нашему мнению такое существенное увеличение срока ареста совершенно необоснованно и не оправдано.

Сущностное содержание института экстрадиции в соответствии с разъяснениями, данными в п.1 ст.7 УПК выдача лица (экстрадиция) – выдача государству лица, разыскиваемого для привлечения к уголовной ответственности или исполнения приговора [2].

Данное разъяснение в различных вариантах толкуется и в правовой литературе. Так, Л. Н. Галенская определяет выдачу как «процесс передачи преступника другому государству для применения уголовного наказания» [3.122]. По мнению М. Д. Шаргородского, «выдача преступников - это передача преступника государством, на территории которого он находится, другому государству, для суда над ним или для применения к нему наказания» [4.55].

В. К. Звирбуль и В. П. Шупилов предлагает следующую дефиницию: «Выдача преступников – это акт правовой помощи, осуществляемый в соответствии с положениями специальных договоров и норм национального уголовного и уголовно-процессуального законодательства, заключающийся в передаче преступника другому государству для суда над ним или для приведения в исполнение вынесенного приговора» [5.6-11].

Наиболее приемлемым с рассматриваемой нами позиции является определение Д. Никольского, который рассматривает выдачу как «совокупность юридических действий, посредством которых одно государство выдает другому лицу, обвиняемое в совершении преступления в пределах последнего государства, которое имеет права суда и наказания» [6.80].

Действительно, выдаваемое лицо на территории Республики Казахстан не совершало уголовных правонарушений, поэтому наше государство не имеет каких-либо оснований для применения к данному лицу таких жестких мер уголовно-процессуального принуждения. Такое право принадлежит государству, на территории которой были нарушены их законы.

Сроки применения указанных выше мер принуждения должны быть обусловлены временем, необходимым для передачи лица. Об этом сказано в ст.6 Гагской Конвенции о борьбе с незаконным захватом воздушных судов принятой 16 декабря 1970 года: «Заключение под стражу и другие меры осуществляются в соответствии с законодатель-

ством такого Государства, но могут продолжаться только в течение времени, необходимого для того, чтобы предпринять уголовно-процессуальные действия или действия по выдаче» [7].

В Европейской Конвенции о выдаче ETS N 024 от 13 декабря 1957 г. также указывается на то, что если требуемое лицо не было передано в назначенную дату, оно может быть освобождено по истечении пятнадцати дней и в любом случае освобождается по истечении 30 дней [8].

С приведенными выше положениями международных правовых актов согласуются нормы Конвенций:

1) Минской 1993 г.: «Лицо, взятое под стражу согласно пункту 1 статьи 61, должно быть освобождено, если требование о его выдаче не поступит в течение одного месяца со дня взятия под стражу» [9].

2) Кишиневской 2002 г.: «Лицо, взятое под стражу на территории запрашиваемой Договаривающейся Стороны в соответствии с настоящей Конвенцией, должно быть незамедлительно освобождено, если... запрос о выдаче и прилагаемые к нему документы, предусмотренные статьей 67 настоящей Конвенции, не представлены в течение 40 дней с момента задержания и взятия под стражу разыскиваемого лица» [10].

Требованиям упомянутых выше нормативно-правовых актов в полной мере отвечают нормы части первой ст.588 нового УПК РК, где сказано: «После изучения представленных материалов и наличия достаточных оснований полагать, что задержанный является лицом, объявленным в розыск, и при отсутствии оснований, изложенных в статье 590 настоящего Кодекса, прокурор вносит за двенадцать часов до истечения семидесятидвухчасового срока задержания лица в районный и приравненный к нему суд ходатайство о применении временного содержания под стражей сроком на срок суток с момента задержания или иной установленный соответствующим международным договором Республики Казахстан срок до поступления запроса о его выдаче (экстрадиции)» [2].

При неукоснительном соблюдении должностными лицами всех предусмотренных законом процедур выдача (экстрадиция) лица вполне может быть произведена до истечения сорока суток. Этого срока может быть недостаточно только лишь в случае обжалования решения о выдаче, так как проверка законности и обоснованности этого решения производится судом в течение одного месяца. На наш взгляд, в случаях обжалования решения о выдаче необходимо предусмотреть продление срока содержания, например, до двух месяцев.

Мы не разделяем решение законодателя о порядке продления срока ареста согласно ч.9 ст.589 УПК РК, которое предусматривает следующее: «В случае истечения двенадцатимесячного срока

экстрадиционного ареста после принятия решения о выдаче лица (экстрадиции) срок содержания под стражей выданного лица до его фактической передачи иностранному государству может быть по ходатайству прокурора продлен следственным судьей районного и приравненного к нему суда в пределах максимального срока лишения свободы, предусмотренного санкцией уголовного закона иностранного государства по преступлению, в совершении которого обвиняется (подозревается) выданное лицо, если необходимо дополнительное время для:

1) организации этапирования выданного лица

на территорию запрашивающего выдачу государства;

2) рассмотрения жалобы выданного лица на постановление Генерального Прокурора Республики Казахстан или его заместителя о его выдаче» [2].

В данном случае получается, что подлежащее выдаче лицо фактически отбывает наказание в стенах уголовно-исполнительной системы Республики Казахстан.

На основании изложенного представляется целесообразным отказаться от процедуры экстрадиционного ареста, как противоречащего международным стандартам уголовного судопроизводства.

*Список использованных источников:*

1. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан – Алматы: «Издательство «Норма-К», 2013. 307с.
2. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан – Алматы: «Издательство «Норма-К», 2014. 368с.
3. Международная борьба с преступностью / Галенская Л.Н. - М.: Междунар. отношения, 1972. - 165 с.
4. Шаргородский М. Д. Выдача преступников и право убежища в международном уголовном праве. — «Вестник Ленинградского университета», 1947, № 8, стр. 55.
5. Звирбуль В. К., Шупилов В. П. Выдача уголовных преступников / - М., 1974. - 102 с.
6. О выдаче преступников по началам международного права / Никольский Д. - С.-Пб.: Тип. М.М. Стасюлевича, 1884. - 559 с.
7. Гагская Конвенция о борьбе с незаконным захватом воздушных судов принятая 16 декабря 1970 года.
8. Европейская Конвенция о выдаче ETS N 024 (Париж, 13 декабря 1957 г.)
9. Мнская Конвенция «О правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам». 1993 г. Изменения и дополнения: Протокол от 28 марта 1997 г.
10. Кишиневская Конвенция о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам от 7 октября 2002 года.

Кумарбекқызы Жания

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдары  
Академиясының докторанты, құқық магистрі, zhanika-7@mail.ru

### ЖАҢА ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАДАҒЫ АЙЫППҮЛДЫҢ ЖАЗАЛАУШЫЛЫҚ МӘНІ МЕН АЛДЫН АЛУШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

*Түйін. 2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексіндегі айыппұл жазасын талдауға арналған мақаласында автор аталған мүлкілік жазаны құқықтық реттеудегі және тағайындау тәжірибесіндегі жаңа үрдістерді көрсетеді. Айыппұл жазасының қолданылу аясын кеңейтудің объективтік алғышарттарын қарастырады, айыппұлдың жазалар жүйесіндегі орнын анықтайды, оның түзеу жұмыстарымен арақатынасын талдайды, қылмыстық жаза түрі ретіндегі жағымды және жағымсыз қырларын зерделейді. Парақорлық қылмыстары үшін пара сомасына немесе құнына еселеп саналатын айыппұлдың енгізілуіне орай құқық қолдану тәжірибесінде туындауы мүмкін мәселелерді көтеріп, оларды шешу жолдарын ұсынады.*

*Түйінді сөздер: жаза, айыппұл, мүлкілік жазалар, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстар.*

*Резюме. В статье, посвященной анализу наказания в виде штрафа в Уголовном кодексе РК 2014 года, автор обозначает новые тенденции в правовой регламентации и практике назначения данного имущественного наказания. Рассматривает объективные предпосылки расширения сферы применения штрафа, определяет его место в системе наказаний, анализирует соотношение штрафа с исправительными работами, отмечает положительные и отрицательные стороны штрафа как вида уголовного наказания. Поднимает проблемы, которые могут возникнуть в правоприменительной практике в связи с введением за взятничество штрафа, кратного сумме или стоимости взятки, предлагает пути их решения.*

*Ключевые слова: наказание, штраф, имущественные наказания, исправительные работы, общественные работы.*

*Summary. In the article dedicated to analysis of the penalty in the Criminal Code of the RK of 2014, the author defines new tendencies in the law regulation and practice of this forfeiture imposing. The author considers the objective prerequisites of penalty application sphere extending, determines its place in the punishment system, analyses co-relation of a penalty with correctional treatment, notices positive and negative sides of a penalty as a criminal sanction. The author discusses the issues that might occur in law enforcement practice in connection with implementation of penalty for bribery that is equal to the sum or coast of a bribe, suggests the solutions.*

*Keywords: punishment, fine, property punishment, remedial work, public Works.*

Айыппұлдың жазалаушылық мазмұнын сотталған адамнан мемлекеттің кірісіне ақша өндіріп алу арқылы оны мүлкілік шектеулерге ұшырату құрайды, осы себепті айыппұлды «мүлкілік жазалар», «сотталған адамның пайдакүнемдік уәждемесіне әсер ететін жазалар» қатарына жатқызады. Мамандардың барлығы айыппұлдың жазалаушылық әлеуетін сотталған адамның мүлкілік құқықтары мен мүдделеріне қысым көрсетумен байланыстырады. Басқа мүлкілік жазалардан айыппұл мүлкілік шектеулердің ақшалай нысанда көрініс беруімен, «сотталған адамның қаржылық мүдделерін шектеуге бағытталғандығымен» [1; 75] ерекшеленеді.

Айыппұл сотталған адамға психологиялық тұрғыдан әсер етеді, мемлекет оның қылмысты әрекеттерін мінеумен қатар айтарлықтай мүлкілік шектеулерге ұшыратады, осылайша пайдакүнемдік немесе өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаудың қауіптілігін, тиімсіздігін паш етеді.

Айыппұл қоғамдық қауіптілігі төмен қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрестің тиімді құралы болғандықтан, бұл жаза, әдетте, онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстар үшін

жауаптылық көздейтін баптардың санкциясына енгізіледі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы Қылмыстық кодексінде айыппұл ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін де көзделеді.

Қылмыстық құқықта кең тараған пікірге сай айыппұлды пайдакүнемдік қылмыстар үшін тағайындаған тиімдірек. Қылмыстық құқық оқулықтарының бірінің авторлары айыппұлды тек қана пайдакүнемдік қылмыстар үшін тағайындау – әділдікті қалпына келтіру қағидатының талабы деп жазады [2; 425]. Келтірілген ұстаныммен екі негіз бойынша келісуге болмайды: біріншіден, қылмыстық жазаны қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген материалдық зиянды қалпына келтіру құралы ретінде қарастыру қылмыстық құқықтың жария сипатына кереғар келеді; екіншіден, қылмыстық заң айыппұлды тек қана пайдакүнемдік қылмыстар үшін көздемейді, Қылмыстық кодексте пайдакүнемдік емес қасақана, тіпті абайсыз қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін айыппұл көзделетін жағдайлар көптеп саналады. Жаза тағайындау тәжірибесін зерттеген ғалымдар айыппұл ең жиі тағайындалатын қылмыстардың қатарында денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіруді, ұрып-соғуды,

ұрлықты, алаяқтықты, салық төлеуден жалтаруды және пара беруді атайды [1; 82].

2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімі баптарының жартысынан астамында (58 пайызында) айыппұл жазасы көзделген. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар тарауының айыппұл жазасын көздейтін баптарының үлес салмағы 94 пайызды құраса, Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар тарауы баптарының барлығы (100 пайыз) айыппұл жазасын көздейді.

Айыппұл жазасының қолданылу аясын осылайша кеңейтуге себепші болған объективтік факторлар қандай? Біздің ойымызша, бұл сұрақтың жауабын қоғам өмірінің әлеуметтік шарттарынан іздеу керек. Заманауи қоғамдарды «тұтыну қоғамы» деп атауға алып келген нарықтық экономика жағдайында адамдардың материалдық қажеттіліктері мен мүдделері рөлінің еселеп артуы айыппұл жазасын кеңінен қолданудың әлеуметтік алғышарты болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда пайдакүнемдік ниетпен жасалған немесе жеке тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің материалдық мүдделерін құрметтемеумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін айыппұлдың көзделуі орынды. Жауапсыздық, зейінсіздік салдарынан жасалатын, жүріс-тұрыс ережелерін сақтамаумен ұштасатын абайсыз қылмыстар үшін де айыппұлдың көзделуі жаза мақсаттарына лайық болып келеді. Айыппұлға сотталғандар арасында қайталану деңгейінің төмен болуы да айыппұлдың тиімділігінің объективтік көрсеткіші болып табылады.

Өкінішке орай, айыппұл сот тәжірибесінде сирек тағайындалатын жазалар қатарынан саналады. Айыппұл 2012 жылы 354 адамға (сотталғандардың 1,6 пайызына), 2013 жылы – 657 адамға (сотталғандардың 2,7 пайызына), 2014 жылы – 872 адамға (сотталғандардың 3,5 пайызына) ғана тағайындалған [3]. Жалпы санының мардымсыз болғанына қарамастан, айыппұлды тағайындау динамикасындағы оң өзгерістер байқалады: 2014 жылы 2012 жылмен салыстырғанда айыппұлдың жазалар құрылымындағы үлес салмағы екі еседен астам өскен.

Әлемде айыппұл мөлшерін есептеудің түрлі тәсілдері кездеседі. Біздің елде Кеңес заманындағы қылмыстық заңдарда айыппұлдың нақты сомасы көрсетілетін. Тәуелсіз Қазақстанның қылмыстық заңнамасында 2011 жылға дейін айыппұл мөлшерін есептеудің екі тәсілі көзделіп келді: а) айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде; ә) сотталған адамның жалақысының немесе екі аптадан бір жылға дейінгі кезеңдегі өзге де табысының мөлшерінде. Сот тәжірибесінде айыппұл мөлшерін есептеудің екінші тәсілі мүлде қолданылмайтындықтан, ғалымдар одан бас тарту-

ды ұсынған болатын [4; 15]. 2011 жылғы 9 қарашадағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңымен отандық заңшығарушы айыппұлды сотталған адамның жалақысының немесе белгілі бір кезең ішіндегі өзге де табысының мөлшерінде есептеу тәсілінен бас тартты.

2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексі бойынша айыппұл қылмыстық теріс қылықтар үшін де, қылмыстар үшін де тағайындалатын бір реттік негізгі жаза түріне жатады. Қылмыстық теріс қылықтар үшін айыппұл айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен бес жүзге дейінгі шегінде, ал қылмыстар үшін – айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден он мыңға дейінгі шегінде тағайындалады. Айыппұл мөлшерін есептегенде қылмыстық іс қозғалған немесе үкім шығарылған кездегі айлық есептік көрсеткіштің мөлшері емес, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кездегі айлық есептік көрсеткіштің мөлшері басшылыққа алынады.

Кәмелетке толмағандарға айыппұл айлық есептік көрсеткіштің оннан екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде тағайындалады (ҚР ҚК 81-баб. 3-бөл.). Көріп отырғанымыздай, айыппұлдың мөлшері кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтың түріне (теріс қылық немесе қылмыс) тәуелді емес. Біздің ойымызша, қоғамдық қауіптілік дәрежесі әртектес қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға айыппұл жазасының бірдей мөлшерінің көзделуі әділдік қағидасына кереғар келеді.

Қарастырылып отырған жаза түрін кәмелетке толмағандарға қолданудың орындылығына қатысты күмән келтіретін ғалымдар бар. Мысалы, Б.С. Никифоров пен Ф.М. Решетников былай деп жазады: «кәмелетке толмағандарға айыппұл қолдану оларға түзетушілік ықпал ету үшін жеткіліксіз болып табылады, өйткені жазаның бұл түрін олардың өздері емес, ата-анасы, өзге де жақын туысқандары немесе қылмыстық құрылымдардың ұйымдастырушылары атқарады» [5; 153].

Отандық қылмыстық заңнамада жазаның қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қатысы жоқ үшінші адамдарға келенсіз әсер етуіне жол бермеу қағидаты сақталады. Заң бойынша айыппұл кәмелетке толмаған сотталған адамның дербес табысы немесе өндіріп алуға жарайтын мүлкі болған жағдайда ғана тағайындалады (ҚР ҚК 81-баб. 3-бөл.). Келтірілген заңнамалық ереже айыппұл төлеу міндетінің кәмелетке толмағандардың ата-анасының немесе басқа да адамдардың мойнына жүктелуіне жол бермейді.

Айыппұл жаңа қылмыстық заңнамада мазмұны түбегейлі өзгерістерге ұшырамаған жаза түрлерінің қатарына кіреді. Дегенмен, 2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексі: а) айыппұлды балама (негізгі



де, қосымша да жаза ретінде қолданылатын) жазалар қатарынан негізгі жазалар қатарына көшірді; ә) айыппұлды пара сомасына немесе құнына еселеп есептеу мүмкіндігін көздеді.

Айыппұл мөлшерін пара сомасына немесе құнына еселеп санау тәсілі тек қана ҚР ҚК 366, 367, 368-баптарында көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қатысты қолданылады. Бір жағынан, парақорлық қылмыстары үшін бас бостандығынан айыру жазасына балама ретінде айыппұлдың көзделуі құптарлық жайт және қылмыстық-құқықтық саясаттың Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында көзделген «бас бостандығынан айырумен байланысты емес қылмыстық жазалауды қолдану саласын кеңейту», «айыппұл салуды қылмыстық жазалаудың тиімді түрі ретінде айқындау және оны қолдануды кеңейту» бағытына жауап береді. Осылайша, жаңа қаржылық-экономикалық жағдайда бас бостандығынан айырудың орнын пара сомасына еселенген айыппұл басып отыр. Сыбайлас жемқорлық өршіп тұрған тұста мемлекет парақорлық қылмыстармен күресте оларды жасауды экономикалық тұрғыдан тиімсіз ететін жазалау шарасы әлдеқайда нәтижелі болады деп тапты.

Ал мәселеге басқа қырынан қарасақ, пара сомасына немесе құнына еселеп саналған айыппұл мөлшері әділдік қағидасына, жаза мақсаттарына әрқашан сай келе бермейді. Пара сомасына немесе құнына еселеп саналған миллиондаған теңгелік айыппұлды төлеу кейде мүлде мүмкін емес, не оны төлеген жағдайда сотталған адам күнін көру мүмкіндігінен айырылады. Н.В.Бугаевская осындай айыппұлды жазалаушылық әсері бойынша мүлкіті толық тәркілеуге теңестіреді [6; 45]. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін міндетті қосымша жаза ретінде мүлкіті тәркілеу көзделетінін ескерсек, айыппұл төлеген сотталған адамның жағдайы қаншалықты мүшкіл болатынына көзіміз жетеді.

Айыппұлды пара сомасына еселеп санау тәжірибесі парақорларды қылмыс жасаудан айнытқанды былай қойғанда, оларды іс жүзінде жаңа қылмыс жасауға итермелеуі мүмкін. Парақорлық үшін сотталған адам сыбайлас жемқорлық жолмен табылған ақша қаражатын банк мекемесіндегі соттың депозиттік есеп-шотына айыппұл ретінде төлеу арқылы қылмыстық жолмен алынған ақшаны заңды айналымға тартады, басқа сөзбен айтқанда, ҚР ҚК 218-бабында көзделген қылмыстың объективтік жағын орындайды – «Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлкіті заңдастыру (жылыстату)». Әрине, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», 2009 жылғы 28 тамыздағы «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы

іс-қимыл туралы» Заңдары лауазымды адамдарды активтері мен міндеттемелері туралы, кірістері мен мүлкі туралы декларация тапсыруға міндеттейді, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен қолма-қол нысанда жасалған операцияларға қаржы мониторингін жүргізуді көздейді. Соған қарамастан, ресми табыстары мардымсыз шенеуніктердің айыппұлдың астрономиялық сомаларын төлеуі, олардың қаржылық мониторинг тетіктерін оңай айналып өтетінін көрсетеді. Мысалы, ҚР Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігінің бұрынғы төрағасы М. Оспановқа ҚР ҚК 366-баб. 5-бөлігі бойынша 1 миллиард 101 миллион 60 мың теңге айыппұл тағайындалып, 2015 жылдың 12 қазанында сотталушы айыппұл сомасын толығымен мемлекет қазынасына төлегені [7] айтылғандардың айшықты дәлелі бола алады.

Парақорлық қылмыстар туралы нормалардың санкциясында бас бостандығынан айыру жазасымен қатар айыппұлдың көзделуі қылмыстық заңды ізгілендіру саясатымен үйлескенімен, жазаның болмай қоймайтындығы қағидасына кереғар келеді. Көршілес Ресейде айыппұл мөлшерін пара сомасына еселеп санау тәжірибесі тағайындалған жазалардың іс жүзінде орындалмауына алып келді.

Қазақстан Республикасында да осыған ұқсас үдерістер байқалады: 2015 жылдың 10 айында ел көлемінде парақорлық үшін сотталғандардың 76 пайызына (196 адамға) 2,8 миллиард теңгенің айыппұлды тағайындалған. Тағайындалған айыппұлды дер кезінде төлей алмаған 14 адамға айыппұлды кейінге қалдыру туралы шешім қабылданған, мерзімі өтіп кеткен айыппұлдар бойынша 71 орындау парағы шығарылған, ал 3 адамға қатысты айыппұл бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылған. Мысалы, ОҚО Ордабасы аудандық сотының қаулысымен 9 млн. теңгенің айыппұлды 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасымен алмастырылған. Айыппұлды кейінге қалдыру туралы өтініш білдіргендердің біреуі – 33 млн. теңге айыппұлға кесілген Б. – құны 65 млн. теңге тұратын жер телімін сату үшін уақыт беруді сұраған. Сот бұл өтінішті қанағаттандырып, айыппұл төлеуді төрт айға кейінге қалдырған [8].

Айыппұл туралы үкімдердің іс жүзінде орындалмауы Ресей заңшығарушысын еселенген айыппұлдың шекті мөлшерін белгілеуге (2013 жылғы 28 маусымдағы Федералдық Заңға сай еселенген айыппұл сомасы 500 млн. рубльден аспауы керек), еселенген айыппұлдың минималдық мөлшерін төмендетуге (25-тен 10-ға дейін), айыппұлды ерікті түрде төлеу мерзімін 60 күнге дейін, кейінге қалдыру мерзімін бес жылға дейін ұзартуға мәжбүр етті [9]. Біздің пайымдауымызша, жуық арада Қазақстанда да осындай шараларды қолға алу қажеттігі туындауы мүмкін.

Еселенген айыппұлдың қарсыластары бұл шарадан мүлде бас тартпай, оны мүлкіті тәркілеу

жазасының орнына дербес жаза түрі ретінде көздеуге болады деп санайды. Ресей заңгерлері өз елдеріндегі мүлікті тәркілеу жазасының дағдарысын ескере отырып, сыбайлас жемқорлықпен күресте еселенген айыппұл жазасы мүлікті тәркілеумен салыстырғанда әлдеқайда тиімді болуы мүмкін деген пікір айтады [10].

Қылмыстық теріс қылықтар туралы нормалардың санкциясында айыппұл, әдетте, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу сияқты жеңілрек жаза түрлерімен, ал қылмыстар туралы санкцияларда түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру сияқты ауырырақ жаза түрлерімен қатар көзделеді.

ҚР ҚК Ерекше бөлімі баптарының санкциясында ең жиі ұшырасатын жүйе – айыппұл мен түзеу жұмыстары. Айыппұлдың түзеу жұмыстары түріндегі жазамен бірқатар ұқсас тұстары бар. Түзеу жұмыстары Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық заңнамасында айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған жаза түрлерінің қатарына жатады. Қазір түзеу жұмыстарының жазалаушылық мазмұнын сотталған адамның жалақысынан айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде мемлекет кірісіне ақша өндіріп ала отырып, оны негізгі жұмыс орны бойынша еңбекке тарту және сотталған адамның жалақысының (ақшалай үлесінің) жиырмадан қырық пайызға дейінгі мөлшерін ай сайын мемлекет кірісіне аударып отыру құрайды (ҚР ҚК 42-бабы). Демек, түзеу жұмыстары тағайындалған адам да мүліктік шектеулерге ұшырайды.

Түзеу жұмыстары сот тәжірибесінде мүлде тағайындалмайды деуге болады, оның 2014 жылы тағайындалған жазалар құрылымындағы үлесі тек 0,16 пайызды (40 адам) құраған [3]. Оның сирек тағайындалуының себебі – заң бұл жаза түрін еңбекке қабілетсіз адамдарға, тұрақты жұмысы жоқ немесе өндірістен қол үзіп оқу орындарында оқитын адамдарға қолдануға жол бермейді.

Түзеу жұмыстары да айыппұл сияқты қылмыстық теріс қылықтар үшін де, қылмыстар үшін де тағайындалатын негізгі жаза түріне жатады. Түзеу жұмыстарының айыппұлмен ұқсастығын арттыратын тағы бір жайт – олардың мөлшерлерінің бірдей болуы: қылмыстық теріс қылықтар үшін түзеу жұмыстары айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен бес жүзге дейінгі шегінде, ал қылмыстар үшін – айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден он мыңға дейінгі шегінде тағайындалады. Түзеу жұмыстары айыппұл сияқты кәмелетке толмағандарға да қолданылады.

Көріп отырғанымыздай, мөлшері, жазалаушылық қасиеті бойынша түзеу жұмыстары айыппұлға өте ұқсас болып келеді, бірақ айыппұл бір реттік жаза болса, түзеу жұмыстары белгілі бір уақыт аралығында өтелетін мерзімдік жаза болып табылады. Олай болса, қазіргі түзеу жұмыстарын

шартты түрде «бөліп төленетін айыппұл» деп атауға да болады.

В.С. Минская қылмыстық заңнаманың санкцияларында ең жеңіл жаза болып табылатын айыппұл мен ең ауыр жаза болып табылатын бас бостандығынан айырудың қатар көзделуін сын астына алып, бұл тәжірибеде айыппұлдың негізсіз жиі қолданылуына алып келуі мүмкін деп қауіптенеді [11; 20]. В.К. Дуюнов осындай санкциялардың зияндылығын қарама-қарсы сипаттағы жайтпен байланыстырады, оның пайымдауынша, аталған жазаларды қатар көздеу онша ауыр емес немесе орташа ауырлықтағы қылмыстар үшін бас бостандығынан айырудың шамадан тыс жиі қолданылуына себепші бола алады [1; 76].

ҚР ҚК Ерекше бөлімі баптарының санкциясында айыппұл мөлшері жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілік сипаты мен дәрежесіне сай жіктеледі. Нақты жағдайларда айыппұл мөлшерін жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығын және сотталған адамның мүліктік жағдайын ескере отырып, сот айқындайды (ҚР ҚК 41-баб. 2-бөл.). В.Д. Филимоновтың айтуынша, келтірілген заңнамалық ереженің ерекше маңызы бар: бұл талап «соңғы жылдары орын алған адамдардың мүліктік жағдайы бойынша терең жіктелуін есепке алады, онсыз айыппұл түріндегі жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған адамды түзеу және жаңа қылмыстардың алдын алу мақсаттарының іске асуын қамтамасыз ете алмайды» [12; 104].

И.М. Гальперин айыппұлдың жазалаушылық әсерінің көлемін мемлекеттің пайдасына алынатын ақша сомасының мөлшерімен байланыстырады. Айыппұл құқықтың өзге салаларында да қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болғандықтан, ғалымның пікірінше, оның мөлшері жалпы және арнайы алдын алу мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ете алатындай пәрменді және сотталған адам да, айналадағылар да оны қылмыстық жаза ретінде қабылдайтындай болуы керек [13; 141]. Дегенмен айыппұл мөлшері сотталған адам үшін шамадан тыс, оны жұтатып, жоқшылыққа ұшырататындай да болмауы керек. Бұл жерде А.Э. Жалинскидің негізді пікіріне қарсы дау айту қиын: «Айыппұл өтеуін беріп жазадан құтылып кетудің құралына да, сотталған адамды жұтатудың құралына да айналмауы керек» [14; 132].

Қылмыстық заңнамада көзделген жаза түрлері бір-бірінен құқықтық шектеулердің көлемі бойынша ерекшеленеді. Өз кезегінде құқықтық шектеулердің көлемі жаза түрлерін қаталдық дәрежесіне қарай жіктеуге мүмкіндік береді. Отандық заң шығарушының ұстанымы бойынша, біздің жазалар жүйесіндегі ең қатал жаза өлім жазасы болса, ең жеңіл жаза – айыппұл. Кейбір ғалымдар айыппұлдың жазалар жүйесіндегі орны дұрыс анықталмаған деп санайды. Мысалы, Б.А.Кулмуханбетова

1997 жылғы Қылмыстық кодекстегі жазалар жүйесінде айыппұл мен қоғамдық жұмыстарға тарту жазаларының орнын ауыстыруды ұсынған болатын [4; 15]. Демек, ғалымның пікірінше, құқықтық шектеулердің көлемі бойынша айыппұл белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырудан да, қоғамдық жұмыстарға тартудан да қаталырақ жаза.

Жаңа қылмыстық заңнамада белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру «таза» қосымша жазалардың қатарына ауыстырылды, сондықтан бұл жазаны айыппұлмен салыстыру қажеттігі жойылды. Ал айыппұл жазасының аясында сотталған адам басынан өткеретін құқықтық шектеулердің көлемі қоғамдық жұмыстарға тартумен салыстырғанда ауқымдырақ екендігімен біз келісеміз. Бірақ 2014 жылғы Қылмыстық кодексте қоғамдық жұмыстарға тартудың да жазалаушылық мазмұны қайта қаралғанын айтпай кетуге болмайды. Ескі қылмыстық заңнама бойынша осы жазаға сотталған адамдар қоғамдық пайдалы жұмыстарды негізгі жұмысынан бос уақытта орындауға тиіс болатын, жаңа заңнама бойынша қарастырылып отырған жазаны өтеу кезінде сотталғандар негізгі жұмыс орнындағы еңбек міндеттерін орындаудан босатылады. Олай болса, жаңа заңнама сотталған адамдарды негізгі жұмыс орнындағы жалақысынан айыру есебінен қоғамдық жұмыстарға тар-

тудың жазалаушылық әлеуетін күшейтіп отыр. Соған қарамастан, айыппұлдың заңнамада көзделген мөлшерлері оны бас бостандығынан шектеу жазасымен салыстырғанда қаталырақ жаза деп бағалауға негіз береді.

Қысқаша талдау көрсеткеніндей, айыппұл жазасының жағымды жақтары көптеп саналады:

- қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға шектен тыс қатал шараларды қолданбай-ақ тиімді ықпал етеді;
- бас бостандығынан айыру жазасының қолданылу аясын шектеп, түрме халқының санын азайтады;
- жазаны атқарудың арнайы жүйесін қажет етпейді;
- мемлекеттік бюджетті толықтыру көзі болып табылады.

Дегенмен, айыппұлдың дербес жаза түрі ретінде жағымсыз қыры да бар. Айыппұлдың тиімділігін төмендететін жайттардың қатарында халықтың мүлкілік жағдайының бірдей болмауы салдарынан, бұл жаза түрінің сотталғандардың барлық санатына қолданыла алмауын атауға болады. Айыппұл мен бас бостандығынан айырудың бір-біріне балама ретінде көзделуі бірдей қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кедейлерге – бас бостандығынан айырудың, байларға – айыппұлдың тағайындалуына алып келуі мүмкін.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Дуюнов В.К. Проблемы уголовного наказания в теории, законодательстве и судебной практике. – Курск: РОСИ, 2000. – 504 с.
- 2 Уголовное право. Общая часть. /Под ред. Н.И. Ветрова, Ю.И. Ляпунова. – М.: Новый юрист, 1997. – 704 с.
- 3 Аналитическая справка об отправлении правосудия по уголовным делам судами республики за 2014 год. //URL: //http://sud.gov.kz/rus/content/za-2015-god.
- 4 Құлмуханбетова Б.А. Имущественные наказания по уголовному праву Республики Казахстан. Автореф. дисс. ... к.ю.н. - Алматы, 2004. – 25 с.
- 5 Никифоров Б.С., Решетников Ф.М. Современное американское уголовное право. – М.: Наука, 1990. – 153 с.
- 6 Бугаевская Н.В. Назначение наказания в виде штрафа, кратного сумме взятки, как отражение антикоррупционной политики в новых финансово-экономических условиях //Известия Тульского государственного университета. Экономические и юридические науки. – 2014. – №2-2. – С.43-49.
- 7 <http://today.kz/news/proisshestviya/2015-10-14/700081-700081-byivshij-glava-arem-murat-ospanov-oplatil-shtraf-v-polnom-obeme/>
- 8 <http://today.kz/news/kazahstan/2015-11-04/701878-kak-shtrafuyut-za-vzyatki-v-kazahstane/>
- 9 <http://www.ugolkod.ru/statya-46>
- 10 <http://vz.ru/politics/2010/4/6/390264.html>
- 11 В.С. Минская. Дифференциация уголовной ответственности в УК РФ. – Уголовное право. – 1998. – №3. – С.18-24.
- 12 Комментарий к Уголовному кодексу Российской Федерации. /Под ред. Н.Ф. Кузнецовой. – М.: Зерцало, 1998. – 878 с.
- 13 Гальперин И.М. Наказание: социальные функции, практика применения. - М., 1983. –208 с.
- 14 Комментарий к УК РФ. Общая часть. – М.: ИНФРА М-НОРМА, 1996. – 586 с.

Назымбеков Шамхан Әбдікәрімұлы

докторант ИПО Карагандинской академии МВД РК им. Б.Бейсенова  
+77787977770, nazymbekov91@inbox.ru

### УСТАНОВЛЕНИЕ ПРИЧИНЫХ СВЯЗЕЙ В ПРОЦЕССЕ ОСМОТРА МЕСТА ПРОИСШЕСТВИЯ

*Түйін. Қарау барысындағы себеп-салдар байланысын анықтау тергеушінің ой-саналы қызметінің қажетті элементі болып табылады, онсыз болған оқиға туралы анықталған зардаптардың пайда болуын түсіндіру, болжамдарды құру және оқиға механизмін егжей-тегжейлі жаңғырту жүзеге асырылуы мүмкін емес.*

*Себеңті дұрыс анықтау, оның әр бір жағдайда негізгі белгілерге, яғни оқиға болған жердің ерекшеліктерін ескеретін себеп-салдар байланысын сипаттайтын, өзгерістердің пайда болу жағдайларының ерекшеліктеріне, сонымен бірге уақыттылығына және жағдай туралы талдауының толықтығына сәйкес болуына тікелей байланысты.*

*Summary. Establishing causal relationships in the course of the inspection is a necessary element of the mental activity of the investigator; without which it is impossible to explain the origin of the detected effects of the accident, the construction of versions of events and playback mechanism in detail. The correctness of determining the cause in each case depends on the compliance of its compliance with all the basic features that characterize a causal relationship, taking into account the peculiarities of the situation of the scene, the specificity of the conditions of formation changes, as well as the timeliness and completeness of the analysis of this situation.*

Осмотр места происшествия - это неразрывное сочетание чувственного и рационального элементов познания. Одним из важнейших направлений умственной деятельности при осмотре места происшествия является установление причинно-следственных связей обнаруженного с событием, которое должно быть опознано. Анализ найденных следов (изменений обстановки места происшествия и расположенных на нем объектов) сам по себе не дает возможности восстановить картину произошедшего в целом, поскольку следы - это лишь ее более или менее полное отражение. Такое восстановление становится возможным в результате познания причин возникновения этих изменений - отображаемого, то есть реальных действий, поведения участников событий, явлений, которые состоялись в прошлом.

С учетом этого одной из задач данной статьи является раскрытие значения и особенностей установления причинных связей в процессе осмотра места происшествия. Эта задача связана с определенными сложностями, через опосредованность познания события прошлого по результатам ее материального отражения в настоящем. В момент осмотра следователь, как правило, не имеет возможности наблюдать явлений, послуживших причиной, они могут быть воспроизведены только на воображаемом уровне. Трудности обусловлены также фрагментарностью отражения события в окружающей среде, изменениями первоначального отображения, чаще всего связанными с сокрытием преступления, намеренным направлением следователя по ложному пути. Названные обстоятельства создают предпосылки для ошибочных выводов

о причинной связи, что приводит к выдвижению ложных версий, усложняет процесс расследования. В связи с этим важным при проведении осмотра места происшествия является умение следователя правильно определять причинно-следственные связи между выявленным и поведением лиц. А это, в свою очередь, позволяет сделать вывод об относительности объектов, которые осматриваются, к событию, об их происхождении, а также очертить круг объектов дальнейшего поиска [1, 176-177].

В подтверждение важности затронутой проблемы в криминалистической литературе указывается на наличие предпосылок для формирования новой частной криминалистической теории - теории причинности. При этом выделяются два направления исследования указанных вопросов. Первый, уголовно-процессуальный - касается вопросов связи между доказательствами и предметом доказывания. Второй, криминалистический - ставит целью исследование ситуационных признаков явлений, которые позволяют раскрыть процесс отражения, проследить причинную обусловленность и зависимость результата последнего (то есть отражение исследуемого явления) от отображаемого объекта - преступления со всеми его внутренними и внешними связями, имеющими значение для процесса доказывания [1, 510-511].

Рассматривая значение названных признаков при установлении причинных связей в процессе осмотра места происшествия, можно отметить следующее. Действие (причина), порождая изменения материальной обстановки, оставляет в ней информацию о себе, которая содержится в причине и следствии, является одной и той же, только за-



писанной в различных кодах - код причины и код последствия [2, 382]. На непосредственно воспринятом уровне след может отражать структуру, элементы внешнего строения отображаемого объекта, содержать производные от него микрочастицы, микровещества. Такие признаки последствия будут одновременно и признаками причины, способствующими нахождению в процессе сравнения, сопоставления выявленных признаков материальных объектов обстановке с воображаемыми признаками предметов, явлений, действий.

деп мәлімдеген ақпарат болды, бұл жайында не айтасыз деген сұрағына Владимир Божко ресми ақпаратта біздің аумақта террористерді дайындайтын лагерьлер жоқ деп мәлімдедік. Бірақ біздің аумақ, Өзбекстаннан жекелеген террористерді Ақтау арқылы, Баку арқылы Ауғанстанға лагерьлерге дайындыққа алып өту үшін пайдаланылған. Мұндай ақпарат бар. Біз оны Өзбекстандағы әріптестерімізбен бірлесіп тексерудеміз, деді. Комитет отырысында Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Халықаралық қылмыстық Соттың билігіне адамдарды тапсыру туралы келісімді бекіту туралы заң жобасы қаралды. Жоба бойынша баяндаған бас прокурордың орынбасары Мерей Уәйісовтың айтуынша, келісімнің мақсаты Америка Құрама Штаты Қазақстан Республикасының жазбаша келісімінсіз Қазақстан азаматын халықаралық соттың билігіне бермеу туралы өзіне міндеттеме алады, Қазақстан тарабы да өзіне осындай міндеттеме алатын болады, дейді[5].

Бұл заң жобасы көптеген пікір талас туындады, бірақ ол қоғамдағы әр түрлі ой-пікірдің бар екендігін айқындап, әр түрлі келеңсіз жағдайларға қарсы тұруға дайын болуымыз керектігін дәлелдейді.

Аталған келісімді қарау барысында сенат депутаттары тарапынан ешқандай сұрақ туған жоқ. Ал, «Азаттық» радиосы берген сұраққа жауабында Сенат депутаты Уәлихан Қайсаров мұндай заң жобасын қабылдауға қажеттілік бар деген ойын айтты. Оның пікірінше, заң жобасы биліктің әсерімен қабылданып жатыр. Билікте отырған біраз адамдардың елге жамандық жасағандары бар. Олар өздерінің келешегін ойлап ертең Америкада, Еуропада жүргенде тұтқынға алып, халықаралық сотқа беріп қоя ма деп содан қорқып жүр. Ал, егер осы заң жобасы қабылданса АҚШ осы құқынан айырылады. Егер Қазақстан жағынан келісім болмаса, дейді сенат депутаты Қайсаров. Сенат депутаты Светлана Жалмағанбетованың пікірінше, мұндай заң жобасының қабылдануы Қазақстан заңдарын халықаралық нормаларға жақындатады. Философия ғылымдарының докторы, профессор Қамалбай

Марданов аталған заң жобасы бекітіліп жатса, бұл халықаралық, мемлекетаралық құқықтық қатынастарды үйлестірмек, дейді. Аталған Келісімге өткен жылы Нью-Йоркте қол қойылыпты. Келісімді қолдану кезінде даулар туып жатса ол тараптар арасында консультациялар арқылы шешіlmек екен[6].

Біздің пікірімізше, біріншіден, Халықаралық қылмыстық сот барлық елдер үшін сот жүйесінің бір бөлігі болып танылуы қажет және әр азамат оның атқаратын жұмысы туралы, жұмыс тәсілдері туралы оның сүйенетін қағидалары туралы қанық білуі қажет. Бұл ұлттық құқықпен тығыз байланысты бір бөлшегі болуы қажет. Себебі Ұлттық Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде адамзатқа қарсы қылмыстар бір бөлігі ретінде еңгізілген, бірақ ондай істердің қаралуы туралы еш мәлімет жоқ. Зерттеу жүргізген кезде қарапайым адамдардың көбі Халықаралық қылмыстық сот бар екендігі туралы және қандай істерді қарайтындығынан ешбір хабары жоқ екендігі анықталды. Әрине бұл сотқа мүше болған жағдайда оның жұмысын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар жасауға әр елдің өкілі құқылы екендігі бекітілуі қажет. Екіншіден, барлық елдер міндетті түрде Халықаралық қылмыстық соттың мүшесі болуы керек, себебі қазіргі экономикадағы дағдарыспен саясаттағы түсініспеушіліктер көбейіп, қала берсе босқындардың ел аралап кетулеріне байланысты, көптеген адамдардың күйзеліс жағдайында әртүрлі аса ауыр бірнеше мемлекетке зияны тиетін қылмыстарға баруы әбден ықтимал, сондықтан бұл сотқа мүше болу бұлда бір қылмыстарға тосқауыл және алдын алу шарасы деп қарауға болады. Үшіншіден, Халықаралық қылмыстық соттың Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдердің аумағында терроризмге қарсы бірлесуіне және сыбайлас жемқорлықпен күресуге де маңызы зор. Төртіншіден, бұл Халықаралық қылмыстық соттың құзырына сыбайлас жемқорлықты аса үлкен мөлшерде бірнеше елдердің мүддесіне қатысты жасаған азаматтарда тартылуы қажет.

#### *Қолданылған әдебиеттер тізімі*

1. Бала-солдаттарды пайдаланған үшін кінәлі Томас Лувангаға қатысты Халықаралық Қылмыстық Соттың тарихында алғаш үкім шығарылды: //mir-info.com/
2. Ербол Тұрдығұлұлы Қазақстан БҰҰ жанындағы халықаралық сотқа мүше <http://alashainasy.kz/>
3. Фисенко И.Б. Постоянный международный уголовный суд.// Московский журнал международного права. - 2002. - №4 - С.47-59.
4. Жұмагул Темірғали Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Халықаралық қылмыстық соттың билігіне адамдарды тапсыру туралы келісімге қол қою <http://adilet.zan.kz/>
5. Жұмагул Темірғали Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдердің аумақтарында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ережені және Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Халықаралық Қылмыстық Соттың билігіне адамдарды тапсыру туралы келісімді бекіту туралы заң жобалары сенаттың жалпы отырысында қаралады <http://www.azattyq.org/10.09.2004>
6. <http://www.azattyq.mobi/>



Серғалиева Гүлсезім Қанибекқызы

Қазақ-орыс халықаралық университетінің магистранты, Ақтөбе, 87010844888

Ғылыми жетекші Жумагазиева Райса Шамшединовна

заң ғылымының кандидаты, доцент

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТТЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕКТЕ МАҢЫЗЫН КҮШЕЙТУ ЖОЛДАРЫ

*Түйін. Бұл мақалада автор Халықаралық қылмыстық соттың құрылу тарихы және келешекте маңызын күшейту жолдарына қатысты мәселелерді зерттеп оның жұмысын жетілдіру жолдарын ұсынып отыр.*

*Резюме. В данной статье автор исследует историю Международного Суда и предлагает пути совершенствования деятельности Международного уголовного суда.*

*Summary. In this article the author examines the history of the International Court of Justice, and suggests ways to improve the work of the International Criminal Court.*

*Тірек сөздер: Қылмыстық кодекс, Қазақстан Республикасы, Халықаралық Қылмыстық сот.*

*Ключевые слова: Уголовный кодекс, Республика Казахстан, Международный Уголовный Суд.*

*Key words: The republic of Kazakhstan, International Criminal Court minority.*

Халықаралық қылмыстық соттың 1998 жылы Римде халықаралық дипломатиялық конференцияда құрылған жаңа ұйым болып табылады. Халықаралық қылмыстық соттың құрылу тарихы күрделі және ұзаққа созылды, соған қарамастан оның жұмысы жүйелі және жетілген, бүгінгі талапқа сай деп айту қиын. II-ші дүниежүзілік соғыста фашистік Германия мен жапон сепаратистерінің осы соғыс кезіндегі жасаған қауыпты іс-әрекеттерді халықаралық қылмыстар деп танылды. Екінші Дүниежүзілік Соғыстан соң Халықаралық қылмыстық сотты құру идеясы пайда болды, бірақ осындай органды құрудың алғышарттары I-ші дүниежүзілік соғыстан кейін, Версаль шартымен Германия әкскайзері Вильгельм II-ші ге қатысты әскери трибуналды құру көзделген кезде туындаған болатын. Алайда Германия әкскайзері Вильгельм II-ші Голландияда жасырынып үлгерді, бұл жағдай жоғарыда аталған трибуналдың құрылуына кедергі болды, өйткені Германия әкскайзері жасырынған мемлекет ол жасаған қылмыс шын мәнінде қылмыс емес деген сылтаумен оны беруден бас тартты. Осылайша қажетті құқықтық негіздеудің жоқтығына байланысты жақсы іс күйреуге ұшырады. II-ші дүниежүзілік соғыстан кейін жағдай қайта қайталанды, бірақ бұл соғыстың зардаптары оған кінәлі тұлғаларды жазасыз қалдыруға болмастай аса үлкен болды. Сондықтан Нюрнбергте өз жұмысын бастаған әскери трибунал құрылды. Бұл қалада өткізілген процесс жалғасымдылығы бойынша ең ұзақ және қарастырылған істері бойынша ең атышулы процесс болғандықтан, Нюрнберг Халықаралық әскери трибунал тарихта Нюрнберг процесі деген атпен көпке мәлім[1].

Бұл процесте фашистік ұлтшылдарды жақтаушылар I-ші дүниежүзілік соғыстан кейінгі голландтықтарға ұқсас пікірлер келтірген. Бірақ

олардың пікірлері 1942 жылдың қаңтар айында Бельгияның, Чехословакияның, Француз Ұлттық Комитетінің, Грецияның Люксембургтың, Голландия, Норвегия, Польша және Югославияның өкілдері атынан жарияланған бірінші халықаралық құжатқа сәйкес ескерілмеді. Бұл декларацияда соғыстың негізгі мақсаты – ұйымдасқан сот әділдігі арқылы жазалау туралы айтылды. Ұйымдасқан сот әділдігі ретінде халықаралық соттың соғыстың басты қылмыскерлері туралы істерді қарастыруы мен шешуі түсінілді. Осы сатыда сот әділдігін сотпен немесе саяси құжатпен жүзеге асыру туралы мәселе шешімін тапқан. Мәселе халықаралық соттың пайдасына шешілді. Жоғарыда аталғандардың нәтижесінде Лондонда КСРО, АҚШ, Ұлыбритания Біріккен корольдігі және Солтүстік Ирландия мен Француз республикасының Уақытша үкіметтерінің арасындағы еуропалық елдердің басты әскери қылмыскерлерін соттық жазалау туралы келісімге қол қойылды. Осы құжатпен жоғарыда аталған Нюрнберг Халықаралық әскери трибуналын құру туралы шешімге қол жеткізілген болатын. Бұл жерде трибуналдың қылмыстардың құрамы бойынша емес, жазаланатын қылмыскерлердің тиесілілігі бойынша әскери болғандығын айтып өту қажет[1].

Сонымен, жоғарыда аталып өтілгендей Халықаралық соттың құрылу тарихы Нюрнберг процесінен басталады. Ал 1948 жылдың 9 желтоқсанында БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы БҰҰ-ның Халықаралық сотының жанындағы қылмыстық алқаны құруды ұсынды. Бірақ, халықаралық құқық жөніндегі комиссия мұндай органды БҰҰ-ның Халықаралық сотының шеңберінде құруға болмайды, өйткені бұл Халықаралық сот қызметінің ішкі қалыпқа қайшы келеді деп шешті.

Екі жыл өткеннен кейін БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы құрамына БҰҰ-ға мүше 17 өкіл-мемлекет-

тер кіретін комитет құру туралы шешім қабылдады. Бұл комитет Халықаралық қылмыстық соттың Статутын жасап шығару үшін құрылды. 1951 жылы Комитет өзінің арнайы мәжілісінде болашақ соттың жарғылық құжатының Жобасын жасауды аяқтайды. Бұл құжаттың басты ерекшелігі органның тұрақты құрылымы және оның қызметі оған берілетін істердің негізінде ғана жүргізілетіндігі туралы Ереже болып табылды[2]. Бірақ, кейбір мемлекеттердің үкіметтері бұл жобаға біршама жағымсыз сынай танытты. Нәтижесінде 1952 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы жғарыда аталған функцияларды орындау үшін құрамына БҰҰ-ға мүше 17 өкіл-мемлекеттер кіретін жаңа Комитет құру туралы 687 резолюцияны қабылдады. Комитеттің мәжілісі БҰҰ-ның Орталық мекемесінде 1953 жылдың жаз айында өтті, онда 1951 жылғы статуттың жобасына бірқатар өзгерістер енгізілді.

Комитеттің баяндамасы 1954 жылғы сессияда Бас Ассамблеяның қарауына ұсынылды. Бірақ, баяндаманы тыңдау агрессия қылмысының дәлме-дәл анықтамасының жоқтығына байланысты кейінге қалдырылып, тек 1974 жылы осындай анықтама қабылданғаннан соң ғана Комитет өзінің жұмысын жалғастырды[3]. БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі бұрынғы Югославия мен Руанда бойынша Халықаралық қылмыстық трибуналдарды құрғаннан соң жағдай түбегейлі өзгерді. Бұл кезде әлемдік қауымдастық жеке тұлғаларды халықаралық қылмыстық жауапкершілікке тартатын әмбебап, тұрақты қызмет ететін сот мекемесінің қажеттілігіне толық көз жеткізген болатын. Осыған байланысты 1993 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы Халықаралық қылмыстық сот Статутының жобасын жасаудағы өз жұмысын жалғастырып, оны Халықаралық құқық Комиссиясының 1994 жылғы 46-сессиясына дайындауды ұсынды. Осы сессияда Халықаралық құқық комиссиясы болашақ сот жарғысының жобасын дайындау жөніндегі жұмыс тобын құру туралы өзінің шешім қабылдады[3].

Жаңадан жасалған Халықаралық қылмыстық сот Статуты 8 бөлімге бөлінген 60 баптан құралды: 1 бөлім – сотты құру туралы; 2 бөлім – соттың құрамы мен соттың әкімшілік басқарылуы туралы; 3 бөлім – соттың юрисдикциясы туралы; 4 бөлім – тергеу мен қылмыстық жазалау туралы; 5 бөлім – сот талқылауы туралы; 6 бөлім – шағымдану мен қайта қарау туралы; 7 бөлім – халықаралық ынтымақтастық пен сот уәкілеттіліктері туралы; 8 бөлім – шешімдерді орындау туралы болды.

Бұл жобаны Халықаралық құқық Комиссиясы түсіндірмемен бірге қабылдап Бас Ассамблеяға жарғының жобасын оқып, Халықаралық қылмыстық сотты құру туралы халықаралық шартты жасасу үшін мемлекеттердің уәкілетті өкілдерінің Халықаралық конференциясын өткізуді ұсыну туралы қаулы етті[3]. БҰҰ-ның Халықаралық қылмыстық сотты құру туралы бастамашылығымен

уәкілетті өкілдердің Дипломатиялық конференциясы өз жұмысын 1998 жылдың 15 маусымында Римде бастап, осы жылдың 17 шілдесінде аяқтады. Конференцияның жұмысына әлемнің 156 мемлекетінің, соның ішінде Қазақстан Республикасының және 260 үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты. Осы конференция жұмысының соңғы күні Халықаралық қылмыстық соттың Статуты қабылданды. Халықаралық қылмыстық соттың жарғылық құжатының соңғы нұсқасы 128 баптан және 13 бөлімнен тұрады. Ал Нюрнберг Халықаралық әскери трибуналының Жарғысы 6 бөлімнен, 80 баптан құралған.

Біздің пікірімізше, Халықаралық қылмыстық соттың жарғылық құжаттарымен олардың практикалық қызметін зерттеудің нәтижесінде біз мынадай тұжырымға келдік, қылмыстық сот бірыңғай, әмбебап және халықаралық қылмысқа баратын жеке тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тартатын тұрақты қызмет ететін сот органы болғандықтан дүниежүзіндегі барлық елдер өз қалауы бойынша мүшесі болуға мүмкіндік берілуі қажет. Елдерге бұл мәселеге қатысты, яғни, бұл сотқа мүше болу үшін қиыншылықтар, кедергілер, орынсыз талаптар қойлмауы керек.

Әрбір елдің Жоғарғы Сотының үш мүшесі, әрі осы соттың және Халықаралық Қылмыстық Соттың мүшесі болып тағайындалуы қажет. Оларға, міндетті түрде қосымша, жоғары талаптар қойлуы қажет, мысалы, оның сот жүйесінде қызмет еткеніне кем дегенде жиырма жылдық тәжірибесі болуы, олар жақсы деңгейде ағылшын тілін білуге тиіс, олар шетелдің құқықтық жүйелерін, заңнамаларын білуге тиісті және біздің елімізге, яғни, біздің елдің азаматына қатысты халықаралық қылмыс жасаған болса, сол сот отырысында сот алқасының мүшесі болуына мүмкіндік заң жүзінде қарастырылып бекітілуі тиіс.

Осы сотқа тағы бір мүмкіншілік беру қажет деп есептейміз, ол, мысалы, халықаралық қылмыстарға жататын аса қауыпты іс-әрекеттердің санын көбейтуге немесе азайтып әр мемлекеттің өзіне қайтаруға, ішкі сот жүйесінің құзырында қарауына мүмкіндік берілсе әділдік қағидаларына сай болады деп есептейміз. Мысалы, интернет-ресурсында пайда болған аса қауыпты сайт бар, себебі ол жалдамалы кісі өлтіруге арналған құрал және оның негізгі мақсаты құқық қорғау органдарына ұсталмау және ешқандай жауаптылыққа тартылмау, бұл басқада аса қауыпты қылмыстар жасауға бағытталған. Компьютерлік технологиялар жеке және топтардың байланысуына және жасырын түрде өзара іс-қимыл жасауға үшін мүмкіндік беретін құрал. Интернет жалдамалы өлтіруге пайдалануға болатын алғашқы қоғамдық краудфандингovy Интернет қызметін ашты. қызмет анонимді TOR желісі мен электронды валютаны Bitcoin пайдалану негізделген. Бұл қызметтің идеясы: «қара тізім

белгіленеді» жалдамалы кісі өлтіруші осы тізімдегі адамдардың өлімінің күнін белгілейді. Жалдамалы кісі өлтіруші ролін кез-келген адам атқаралады. Сол адам дәл сол күні өлсе, ақша сол адамның шотына аударылады[4] 2013 жылдың желтоқсан айында жалдамалы кісі өлтіруге арналған сайт блокталды[5].

Бұл сайтты құрастырушылар Халықаралық қылмыстық Соттың қарауына жіберіліп жауапқа тартылуы тиіс деп санаймыз, себебі, бұл мемлекеттерге және қоғамға аса қауып төндіретін іс-әрекеттердің бірі, бұл сайттың адамзаттың көзқарасына қайшы келетін сәті, ол ауыр қылмысты жасап сонан соң жауапкершілікке мүлдем тартылмауға бағытталған, қылмыскерлерге жағымды және ыңғайлы тәсіл, сондықтан бұған жол ешқашан берілмеуі керек, бұл жариялы ашық түрде осы сотта қаралуға жататын істердің бірі деп танылуы қажет және бұл көптеген аса қауыпты қылмыстардың алдын алу шарасы болар еді.

Халықаралық қылмыстық соттың Статутын Нюрнберг және Токио бойынша Халықаралық әскери трибуналдар және Югославия мен Руанда бойынша Халықаралық қылмыстық трибуналдар, сондай-ақ, Сьерра-Леон бойынша Арнайы сот сияқты мекемелердің құрылтай құжаттарын біріктіріп бір атаумен бір Халықаралық қылмыстық сот құрған жөн деп есептейміз, себебі барлық халықаралық соттардың мақсаттары бір, ол заңдылық орнату, әділ шешім қабылдау. Себебі, мысалы, Қазақстан Республикасының өзінің ұлттық

Қылмыстық кодексінің төртінші тарауында «Бейбітшілікке және адамзаттың қауыпсіздігіне қарсы қылмыстар» деп белгіленгенмен бұл халықаралық қылмыстарды қарап, шешім қабылдағаны туралы мәліметте, тәжірибеде жоқ оны осындай қауыпты қылмыстардың алдын алу шарасы деп қарастыруға болады. Соттың әмбебаптылығы оның қатысушы мемлекеттердің аумағына, азаматтарына, қылмыстың жасалған уақытына, аумағына және халықаралық қылмыс субъектілерінің азаматтығына байланыссыз юрисдикциясының болуында. Бұл сот органының қызметі халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Халықаралық қылмыстық соттың құқықтары мен міндеттерінің заң жүзінде анықталмаған, оның үстіне Халықаралық қылмыстық соттың қатысушыларының құқықтық мәртебесі туралы нақты заңда белгіленбеген, бұл жағдай жеке құқықтарының бұзылуына әкеледі сондықтан барлық дүниежүзіндегі елдерге түсінікті және адамдардың құқықтарын қорғауға бағытталған, барлық сотқа қатысушыларға бірдей міндет арттыратын «Халықаралық процессуалдық кодекс» және «Халықаралық қылмыстық соттың мәртебесі туралы» заң қабылдануы қажет деп есептейміз, әрине ол біраз уақыт әр елдің Жоғарғы Сотының өкілдерімен талқыланып, пікірталас жүргізіп, іс қараған кезде кездесетін қиыншылықтар қарастырылып, кәзіргі кездегі өзекті мәселелер, саяси жағдайлар ескеріліп сонан соң қабылдануы тиіс деп есептейміз.

#### *Қолданылған әдебиеттер тізімі*

1. Полянский Н.Н. *Международный военный трибунал под ред. Рычкова И.М.- Москва.: юридическое издательство Министерства юстиции СССР, 1946. - 189с.*
2. Уильям Шабас. *Международный уголовный суд: исторический шаг в борьбе с безнаказанностью// Московский журнал международного права. -1999.-С.25-32.*
3. Кудайбергенов М.Б. *Международная уголовная ответственность физических лиц. Диссертация на соискание учёной степени кандидата юридических наук. - А., 1999. - С.112.*
4. *Жалдамалы кісі өлтіруге арналған сайт ашылды <https://ru.wikinews.org/wiki/>*
5. *Блокталған сайтыңызда қастандық <http://pn14.info/>*

**Таргинова Каламкас Аскарвна**

магистрант Казахско-Русский Международный университет; г. Актөбе, miss.zhuzum@mail.ru

**Каирова Нелля Имамуратовна**

научный руководитель, к.ю.н., профессор КРМУ г.Актөбе

### **НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ СТРАН КАЗАХСТАН И КИТАЯ ЗА УГОЛОВНЫЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ (КОМПАРАТИВИСТКИЙ АНАЛИЗ)**

*Аннотация:* В данной статье рассмотрены некоторые проблемы уголовной ответственности за коррупционные уголовные правонарушения. На примере стран Казахстана и Китая сделан сравнительный анализ уголовной ответственности и наказания норм уголовного законодательства, такие как получения, дачи, посредничества во взяточничестве.

*Ключевые слова:* уголовное законодательство Республики Казахстана, уголовное законодательство КНР, уголовная ответственность, уголовное наказание, состав преступления, получения, дачи, посредничества во взяточничестве.

*Түйін:* Бұл мақалада кейбір мәселелері қылмыстық жауапкершілік сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылық қарастырылады. Қазақстан мен Қытай елдердің салыстырмалы талдау қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату нормаларының қылмыстық заңнаманы алу, беру, парақорлыққа делдал болу мысал жасалды.

*Кілтті сөздер:* Қазақстан Республикасының қылмыстық заң, ҚХР қылмыстық заң, қылмыстық жауаптылық, қылмыстық жаза, қылмыс құрамы, алу, беру, парақорлыққа делдал болу.

*Summary.* In this article some problems of criminal responsibility are considered for corruption criminal offences. On the example of countries of Kazakhstan and China the comparative analysis of criminal responsibility and punishment of norms of criminal statute of receipt, summer residence, mediation in a bribery is done.

*Keywords:* criminal statute of Republic of Kazakhstan, criminal statute of China, criminal responsibility, criminal punishment, corpus, receipt, summer residence, mediation in a bribery delict.

Уголовное законодательство большинства стран содержат нормы, направленные на защиту прав, свобод и законных интересов человека и гражданина, охраняемых законом интересов общества и государства от общественно опасных посягательств, а также предупреждение уголовных правонарушений.

В группу коррупционных уголовных правонарушений входят несколько составов, такие как: взяточничество, которое охватывает три самостоятельных состава – получение, дача, посредничество во взяточничестве. Такие деяния опасны тем, что они нарушают нормальную деятельность органов публичной власти, создают у значительно-го числа людей представление о возможности решить вопросы, получить желаемое за счет подкупа должностных лиц.

В настоящее время повышенный интерес представляют сравнительно- правовые исследования, особенно стран, демонстрирующих высокие темпы экономического роста, постепенно выходят на более высокие позиции в мировой системе. Кроме этого, опыт таких стран может предложить иные методы борьбы с преступностью, чем страны Европы, США и другие, на которые традиционно ориентируется большинство государств. Необходимо также учитывать, что многие азиатские стра-

ны, к примеру, как Китай, ближе к нашей стране не только географически, но и по духу, что увеличивает вероятность более удачного заимствования.

Сформированная в конце 2010г. правовая система КНР уникальна и состоит из единства традиционного (древнего) права Китая, права стран социалистического лагеря, имплементированных в национальное законодательство некоторых норм международного права. Она также включает в себя отдельные законодательные системы Гонконга, Макао и Тайваня. Все это живет в едином пространстве, управляет правящей коммунистической партией и функционирует по непонятным для большинства иностранцев правилам. В плане правотворческой работы 2015г. было принято десятых основных поправок в Уголовный кодекс КНР, включая отмену смертной казни по 9 составам преступлений (контрабанда ядерных материалов, контрабанда оружия и боеприпасов, контрабанда поддельной валюты, подделка валюты, получение денежных средств путем мошенничества, организация проституции, на сильное вовлечение занятие проституцией, воспрепятствование исполнению должностных обязанностей в военной сфере, распространение слухов в военное время).

В 2015 году УК КНР гуманизировал ряд норм, отменив смертную казнь по 9 составам преступле-



ний, таких как: контрабанда ядерных материалов, контрабанда оружия и боеприпасов, контрабанда поддельной валюты, подделка валюты, получение денежных средств путем мошенничества, организация проституции, на сильное вовлечение занятие проституцией, воспрепятствование исполнению должностных обязанностей в военной сфере, распространение слухов в военное время. Общее количество составов преступлений в Китае, по которым лицо может быть приговорено к смертной казни, по состоянию на март 2015 года, снизилось с 68 до 55, что на 19,1%. Вместе с тем, смертная казнь за такие ненасильственные преступления как коррупция, перевозка/хранение-сбыт наркотических (психотропных) веществ китайским государством продолжает применяться (сравнения приведены в приложении 1) [1].

Китайский законодатель только в одном уголовном законодательстве поместил нормы об ответственности за взяточничество в отдельную главу «Коррупция и взяточничество». По мнению китайских ученых, выделение самостоятельной главы о коррупции и взяточничестве и её строение имеют большое значение для борьбы с данными видами опасных и распространенных преступлений.

С января 2015 года в Республике Казахстан действует новый Уголовный кодекс, предусматривающий уголовную ответственность за коррупцию в главе 15 «Коррупционные и иные уголовные правонарушения против интересов государственной службы и государственного управления». Следует отметить, что по УК РК предусмотрено деление уголовного правонарушения: на уголовные проступки и преступления, что отсутствует в УК КНР [2]

За последние годы Казахстан активно борется с коррупцией, усилив ответственность не только уголовным кодексом, но новым Законом РК №410-V «О противодействии коррупции» от 18 ноября 2015 года, введенный с 1 января 2016 года, поэтапно с 2017 и 2020 гг., направленный на реализацию антикоррупционной стратегии Республики Казахстан на 2015–2025 годы. Новый Закон направлен не только в отношении физических, но и юридических лиц РК, а также в отношении иностранных лиц, зарегистрированных в Республике Казахстан, если иное не предусмотрено международным договором, ратифицированным Республикой Казахстан [3].

Проведя сравнительный анализ составов коррупционных правонарушений УК РК и УК КНР, пришли к следующему. Обязательным признаком получения взятки является ее предмет. Согласно ст. 366 УК РК взятка может выражаться в виде: 1) денег, 2) ценных бумаг, 3) иного имущества (автомобили, земельные участки и т.д.). Позиция китайского законодателя сходна с казахстанским. Предметом взятки по УК КНР (ст. 385) может вы-

ступать: 1) имущество третьих лиц, 2) выгоды, причитающиеся третьим лицам, 3) именованное комиссионное или агентское вознаграждение.

Объективная сторона преступления за получение взятки согласно ст. 366 УК РК состоит в получении взятки лично или через посредника. При этом должностное лицо обязано совершить определенные действия в пользу взяткодателя:

- действия (бездействия), если такие действия (бездействия) входят в служебные полномочия должностного лица;
- действия (бездействия), если лицо в силу должностного положения может способствовать таким действиям (бездействию);
- общее покровительство взяткодателю со стороны должностного лица;
- попустительство взяткодателю по службе со стороны должностного лица.

Но данные действия находятся за пределами объективной стороны, что их фактического совершения не требуется для квалификации действий взяткополучателя. Состав этого преступления является формальным, то есть оно будет окончательным с момента фактического принятия должностным лицом хотя бы части заранее оговоренной взятки.

Объективная сторона аналогичного преступления согласно ч. 1 ст. 385 и ч.1 ст. 387 УК КНР состоит в требовании и получении взятки государственными служащими или юридическими лицами от других лиц или в незаконном получении выгоды, причитающейся третьим лицам, с использованием своего служебного положения (для юридических лиц без такового). Согласно ч. 2 ст. 385 и ч. 2 ст. 387 УК КНР взяткой является незаконное получение именованного комиссионного или агентского вознаграждения государственными служащими и юридическими лицами в процессе осуществления хозяйственно-экономической деятельности, что характеризует более широкое понимание объективной стороны данного состава китайским законодателем, чем казахстанским.

Так как состав дачи взятки сконструирован как формальный, то его следует считать окончательным с момента вручения должностному лицу хотя бы части заранее оговоренной взятки.

Ещё одна норма посвящена составу получения взятки - ст. 388 УК КНР. Она закрепляет самостоятельный вид данного преступления, особенность которого заключается в том, что государственный служащий при получении взятки может не только использовать свои служебные полномочия, но и действовать противоправно благодаря служебному положению, а также использовать полномочия других государственных служащих. Данный состав наиболее сходен с составом, предусмотренным ч.1 ст. 366 УК РК. Все вышеуказанные составы получения взятки являются формальными.

Объективная сторона дачи взятки по ст. 389 УК

КНР включает в себя следующие деяния: а) передача имущества государственному служащему в целях получения незаконной выгоды; б) передача имущества государственному служащему в сравнительно крупном размере либо выдача государственному служащему именного комиссионного или агентского вознаграждения в процессе осуществления экономической деятельности в нарушение государственных установлений. Причем передача имущества государственному служащему под принуждением, не имеющая целью получение незаконной выгоды не является дачей взятки (ст. 389 УК КНР). Состав данного преступления формальный, как и по УК РК.

Субъектом получения взятки согласно уголовному законодательству Казахстана является должностное лицо (специальный субъект). В соответствии со ст. 3 УК РК должностное лицо - лицо, постоянно, временно или по специальному полномочию осуществляющее функции представителя власти либо выполняющее организационно-распорядительные или административно-хозяйственные функции в государственных органах, органах местного самоуправления, а также в Вооруженных Силах Республики Казахстан, других войсках и воинских формированиях Республики Казахстан.

В УК КНР определен специальный субъект получения взятки — государственный служащий. Законодательное определение государственного служащего содержится в ст. 93 УК КНР, где называет таковыми лица, выполняющие служебные обязанности в государственных органах. Согласно ч. 2 ст. 93 УК КНР к ним относятся служащие, посвятившие себя государственной службе в государственных компаниях, предприятиях, организациях, народных коллективах; служащие государственных учреждений, компаний, предприятий, организаций, которых назначают на работу в негосударственные компании, предприятия, организации, общественные объединения, а равно и прочие служащие, которые согласно закону посвятили себя государственной службе. Китайское законодательное определение специального субъекта должностных преступлений — государственного служащего принципиально отличается от казахстанского законодательного определения субъекта состава получения взятки — должностного лица. В качестве основного критерия определения столь сложного понятия китайский законодатель, в отличие от казахстанского, использует не содержательный критерий — функции, а формальный критерий — занятие должности, на которой лицо посвящает себя государственной службе. Такой критерий не говорит ничего о содержании деятельности работника. Кроме того, уголовный закон Китая не дает определения государственной службы. Выходит, что одно искомое понятие — государственный служащий — определяется через

другое — государственная служба. Представляется, что такое определение позволяет относить к субъектам получения взятки довольно широкий круг лиц. К юридическим лицам - субъектам получения взятки согласно ст. 387 УК КНР относятся государственные органы, компании, предприятия, непроизводственные единицы, народные организации. При этом следует отметить, что УК РК предусматривает в качестве субъекта, лишь физическое лицо. Однако вышеуказанный Закон в ст. 18 под иными субъектами противодействия коррупции, подразумевает государственные органы, субъекты квазигосударственного сектора, общественные объединения, а также иные физические и юридические лица, который лишь обязывает соблюдать требования Закона, не предусматривая, при этом, уголовную ответственность.

Субъективная сторона получения взятки по уголовным законодательствам как Казахстана, так и Китая, представлена прямым умыслом и корыстным мотивом, который вытекает из существа данного преступления.

По УК РК наказывается минимальным наказанием штрафом в размере пятидесятикратной суммы взятки либо лишением свободы на срок до пяти лет, с конфискацией имущества, с пожизненным лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью. Не является преступлением в силу малозначительности и преследуется в дисциплинарном или административном порядке получение впервые лицом, указанным в части первой ст. 366 УК РК, имущества, права на имущество или иной имущественной выгоды в качестве подарка при отсутствии предварительной договоренности за ранее совершенные законные действия (бездействие), если стоимость подарка не превышала двух месячных расчетных показателей.

По уголовному законодательству Китая наказание дифференцировано в зависимости от суммы полученной взятки и наличия смягчающих и отягчающих обстоятельств. К преступникам может применяться административное взыскание, краткосрочный арест, лишение свободы на срок от 2 до 10 лет и более, пожизненное лишение свободы и конфискация имущества как дополнительное наказание, а также смертная казнь (ст. 383 УК КНР). Виновные юридические лица согласно ст. 387 УК КНР наказываются штрафом, а их руководящие или ответственные лица - лишением свободы на срок до 5 лет или арестом. Отказ в принятии на работу лиц, ранее совершивших коррупционное преступление. Вместе с тем, УК КНР не определяет минимальный и максимальный размеры штрафа.

Дача взятки по ст. 366 УК РК максимальным наказанием за получение взятки является штраф в размере восьмидесятикратной суммы взятки либо лишением свободы на срок от десяти до пятнадца-

ти лет, с конфискацией имущества, с пожизненным лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью. Наказание же по ст. 391 УК КНР за аналогичное преступление отличается большей суровостью: арест либо лишение свободы на срок до 5 лет, при отягчающих обстоятельствах - лишение свободы на срок до 10 лет, при особо отягчающих обстоятельствах возможно назначение пожизненного заключения с конфискацией имущества в качестве дополнительного наказания. Юридическое лицо наказывается штрафом, кроме того лица, непосредственно ответственные за руководство, и другие непосредственно ответственные лица наказываются лишением свободы до 3 лет либо краткосрочным арестом (ст. 391 УК КНР). [4;5]

Уголовное законодательство Казахстана и Китая предусматривает отдельную статью за посредничество во взяточничестве, то есть способствование взяткополучателю и взяткодателю в достижении или реализации соглашения между ними о получении и даче взятки ст.368 УК РК, посредничество при передаче взятки государственно-

му служащему при отягчающих обстоятельствах (ст. 392 УК КНР). Сходны позиции казахстанского и китайского законодателей в том, что лицо, давшее взятку, освобождается от уголовной ответственности, если имело место вымогательство взятки со стороны должностного лица (государственного служащего), или если оно добровольно сообщило о даче взятки в уполномоченный орган.

Из вышесказанного видно, что и Республика Казахстан и Китайская Народная Республика имеют довольно развитое уголовное законодательство способное к борьбе и противодействию коррупции. Вместе с тем, мы придерживаемся мнения многих казахстанских ученых о необходимости установления уголовной ответственности юридических лиц.

Таким образом, в Казахстане сложился профессиональный фундамент анти коррупционной политики, который дает возможность гражданам и должностным лицам продолжать консолидацию усилий в глобальном движении по оздоровлению человеческих отношений, свободных от невежества и корысти.

#### Список использованной литературы

- 1 Троцкий П.В. Законодательная политика Китая на современном этапе. Право и политические системы зарубежных стран
- 2 Закон «О противодействии коррупции» от 22 января 2015 года №410-V (с изменениями и дополнениями от 22.01.2016 г.)
- 3 Уголовный кодекс Республики Казахстан с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.11.2015г.
- 4 Уголовный кодекс Китайской народной республики с изменениями на 2015г.
- 5 Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 27 ноября 2015 года № 8 «О практике рассмотрения некоторых коррупционных преступлений»

#### Приложение 1

Общая картина законодательного регулирования института высшей меры наказания в правовом пространстве Китая выглядит следующим образом:

Континентальный Китай	Гонконг	Макао	Тайвань
Сохранена. Действует 55 составов преступлений, предусматривающих смертную казнь(ранее 68 составов). (в 2015г. планируется снизить до 46)	Отменена. В 1993г. практический не применялась с декабря 1966г. Последний приговор был приведен в исполнение на территории 16.11.1966г. в отношении гражданина Вьетнама совершенные им разбой и убийство. Затем все приговоры к смертной казни решением английской королевы заменялись на пожизненное лишение свободы.	Отменена. В 1966г. (действующий с 1886г. португальский УК устанавливал смертную казнь, однако на территории Макао она не применялась 14.11.1996 был принят УК Макао, юридический отменив смертную казнь.	Сохранена. В общей сложности действует около 50 составов преступлений предусматривающих высшую меру наказания. В последние годы приговоры смертной казни. В исполнение не приводятся (с декабря 2005 смертная казнь не применялась в течение 1505 дней до апреля 2010г. когда были расстреляны четверо особо опасных преступников.

Шуланбекова Гүлмира Құралбекқызы

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Кеден, қаржы және экологиялық құқық»  
кафедрасының аға оқытушысы, gul15-73@mail.ru

## МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕ ДАМУ ТЕТІКТЕРІ

Қазақ жері – мал шаруашылығы қалыптасқан ең көне аймақтардың бірі. Жабайы жануарларды қолға үйрету неолит дәуірінен басталды. Ең алғаш қолға үйретілген үй жануарлары – қой мен ешкі. Қойдың арғы тегі арқар (муфлон), ал ешкінікі – таутеке. Қой мен ешкі мөлшермен б.з.д. 8–7 мыңжылдықтарда қолға үйретілген деп есептеледі. Осы кезге жататын Жерорта теңізі маңайындағы тұрақтарда қой мен ешкінің сүйегі табылған.

Сиыр тұқымының дәл қай жерден шыққаны әлі анықталмаған. Дегенмен де қолға үйретілген сиырдың да ең көне заманғы сүйегі б.з.д. 7-мыңжылдыққа жатады, ол Оңтүстік Анадолы жерінде (Түркия) табылған. Б.з.д. 6–5-мыңжылдықта Месопотамия жерінде мал шаруашылығы болғандығы бүгінде дәлелденген [1]. Қазақстан жерінде мал шаруашылығы ежелден жайылым ауыстырып отыруды талап ететін көшпелі жүйе бойынша дамығандықтан негізінен қой, ешкі, жылқы және түйе өсірілді. Салыстырмалы түрде күтімді және құнарлы азықтарды көп қажет ететін сиырдың кеңінен таралуы ХІХ ғасырдан басталады. Қазақстанда 19 ғасырдың соңына дейін негізінен қой, ешкі, түйе және жылқы түліктері өсірілуінің бірнеше басты себептері бар: Жер аумағының 70%-ға жуығын (182 млн. га) осы малдарды өсіру арқылы тиімді пайдалануға болатын жайылым алқаптары алып жатты; айтылған малдар жергілікті табиғат жағдайларына барынша бейімделді, жыл бойына дерлік жайылым азығын пайдаланып өсіп-өнді, сонымен бірге, жергілікті халық олардың өзіндік құны төмен және зор сұранысқа ие өнім түрлерін өндіру мен оларды өңдеудің тиімді технологияларын (ет, май, сүттен, тағам, жүн, теріден киім-кешек, көшпелі баспана – киіз үй жасау) жақсы меңгерді. Әр түрлі аймақтардағы мал шаруашылығының дамуы мен түлік түрлерінің үлес салмағына нақты аудандардың жер, су, ауа райы ерекшеліктері үлкен әсерін тигізеді. Сиыр өсіру әуелден-ақ топырағы құнарлы, шалғынды аймақтарда нәтижелі жүргізілсе, шөл және шөлейт жерлерде малдың негізгі бөлігін (80%-дан аса) уақ малдар (қой, ешкі) құрады [2].

Қазақстанда ауыл шаруашылығы мен өндірісті жоспарлы түрде дамыту, жаңа жерлерді игеру және отырықшылық өмір салтының берік орнығуы Мал шаруашылығының жаңа бағыттары – сүтті және етті мүйізді ірі қара мал шаруашылығын, биязы және биязылау жүнді қой шаруашылықтарын, қаракөл қойы шаруашылығын өркендетуге кең жол ашты. 1934—90 жылы аралығында ұжымдық және кенестік шаруашылықтар жұмысының жүйелі ұй-

ымдастырылуы мал шаруашылығының барлық салаларын айтарлықтай жоғары қарқында дамытуға мүмкіндік берді. 1990—92 жылы Қазақстанда малдың 51, оның ішінде 18 қой, 11 мүйізді ірі қара, 13 жылқы, 3 түйе тұқымдары мен тұқымдық топтары өсірілді. Олардың жартысына жуығы 12 қой, 4 сиыр және 3 жылқы тұқымы Қазақстан ғалымдары мен Мал шаруашылығы саласы мамандарының бірлескен жемісті еңбегі нәтижесінде шығарылды. Осы мал тұқымдарының гендік қорын тиімді пайдалану, зоотехникалық талаптарға сай азықтандыру мен бағуға негізделген технологиялардың кеңінен қолданылуы жыл сайын 1,5 млн. тонна ет (сойыс салмағымен), 5,5 млн. тонна сүт, 100 мың тонна (табиғи) жүн және 1700 мың данаға жуық қаракөл елтірісін өндіруді қамтамасыз етіп келді. 1990 – 2000 жылы ауыл шаруашылығын реформалауда жіберілген кемшіліктер салдарынан мал саны күрт кеміді, оның ішінде сиыр 2,4, қой мен ешкі 3,7, жылқы 1,7, түйе 1,5 есеге азайды. Нәтижесінде негізгі мал шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемі 2,5 – 3,0 есеге дейін қысқарды [2].

Еліміздегі мал шаруашылығын дамыту – халық әлеуетінің арта түсуіне ықпал ететін негізгі фактор. Ол үшін мемлекеттік деңгейдегі заң қабылданып, аталған саланы жақсартудың тиімді тетіктерін үйлестіру қажет. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында ел Үкіметі Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту бағдарламасының аясында «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту» жобасын бекітті. Үкімет жүзеге асырып отырған «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту» жобасының аясында етті ірі қара малдың басын көбейту және ел экспортының жалпы құрылымындағы агроөнеркәсіп кешенінің экспорттық үлесін арттыру жоспарланды. «2016 жылға қарай еттің экспорты 60 мың тоннаны құрауы керек, бұл 4 миллион тонна астыққа бара-бар. Мал шаруашылығын дамытуға мемлекет 130 миллиард теңге несие ресурсын бөледі. Бұл шара ауылда 20 мыңнан астам жұмыс орнын ашады, 100 мыңнан астам ауыл тұрғынына табыс көзін тауып береді» [3] деп мәлім етті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Жолдауында. Осы бағытта мал шаруашылығын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаулысы қабылданды [4].

Мал тұқымын асылдандыру ісі де заңнамалық әрекеттерді қажет етеді. Асылдандыру ісін ха-



лықаралық талаптарға сәйкестендіру мақсатында министрлік тарапынан жоғарыда айтылған заң жобасына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларда асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында қауымдастықтарды құруды және оларға асылдандыру ісін реттеу, асыл тұқымдық куәліктерді және асыл тұқымды мал мәртебесін беру құзіретін жүктеуді қарастырады. Республикада мал тұқымын асылдандыру және асыл тұқымды малдың үлес салмағын арттыру Үкімет тарапынан бекітілген агроөнеркәсіп кешені саласын дамытуды қарастыратын салалық бағдарламада қамтылған. Осы бағдарламада республикадағы асыл тұқымды малдың үлесін жақын болашақта жиырма пайызға дейін жеткізуді көздейді.

Қазір елімізде етті ірі қара мал тұқымдары бойынша үш қоғамдық бірлестік: Қазақтың ақ бас тұқымы қауымдастығы, Агнус тұқымы қауымдастығы, Герфорд тұқымы қауымдастығы құрылған. Ал мемлекеттік бақылау функциялары қауымдастықтарға берілмейді, яғни бұл функцияларды асыл тұқымды мал шаруашылығындағы инспекциялардың өздері атқарады. Мұндай жағдай көпшілік экспорттаушы елдерде (Австралия, АҚШ, Канада) тәжірибеге енген. Осы әрекеттер болашақта малдың тұқымдық сапасын жақсарту есебінен асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытудың тиімділігін жоғарылатуға ықпал етеді. Бүгінгі таңда шетелдік тәжірибелер, ауыл шаруашылығы малдарын асылдандыру ісін жүзеге асыру арқылы оның өнімдерін өндіру көлемін арттыруға және сапасын қамтамасыз етуге, сондай-ақ өнімнің өзіндік құнын арзандатуға мүмкіндік беретінін дәлелдеп отыр. Көптеген шет елдерде бұл сала біршама ілгері дамыған, осыған орай отандық мал шаруашылығы өнімін экспорттау үшін ол өнім бәсекеге қабілетті болуы қажет. Кедендік одақтың басты талабы – бәсекелестік. Кедендік одаққа мүше болғаннан бері елімізге ет, сүт өнімдері еркін келуде. Осы ретте отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын шараларды қолданудың қажеттілігі туындап отыр. Дәл қазіргі таңда мал шаруашылығына қатысты қордаланған мәселелердің түйінін тарату қажет. Мал өнімін арттыру үшін ең бірінші кезекте сол малға азық беретін жерге үлкен қамқорлық керек болып отыр. Оларды тарқатып айтар болсақ:

Біріншіден, жемдік астық дақылдарын өндіруге басымдық беріп, Үкімет тарапынан қолдау көрсету. Мемлекеттік жемдік астық қоры жасақталуы керек. Екіншіден, жоғары белокты, қажетті амин қышқылдары бар, сапалы жемшөп дақылдарын өсіру үшін суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын жақсартуға бағытталған шараларды жүзеге асыруға қажетті субсидия беру жүзеге асуы шарт.

Үшіншіден, пайдаланылмай жатқан суармалы жерлерді айналымға ендіріп, жем-шөп дақылда-

рының көлемін ұлғайту үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жеңілдетілген, ұзақ мерзімді несие беру керек.

Төртіншіден, мал өнімдерінің өзіндік құнының 40-45 пайызын мал азығы құрайтынын ескере отырып, оның көлемі мен сапасын арттыру қажет. Осы мақсатта жем-шөп дақылдарының тұқым шаруашылығы мен құрама жем өндірісін дамытуға бағытталған ынталандыру шараларын қарастыру керек. Бесіншіден, еліміздегі табиғи жайылымдарды тиімді пайдалану, мал басын және оның өнімділігін арттыру үшін мал жайылымдарын сұландыру мақсатында арнайы бағдарлама жасалуы қажет.

Мал шаруашылығын жолға қойған шетелдерде жемшөптің құнын дотациялау, жасанды ұрықтандыруды қолдау, ветеринарлық қызмет құнын мейлінше төмен ұстау арқылы мемлекет жекеменшіктің мал өсіруіне жағдай жасап отыр. Соның арқасында Австралия, АҚШ, Канада елдері ірі ет экспорттаушы мемлекеттерге айналған. Олардан тыс, бұрынғы КСРО-ның құрамынан шыққан Польша да нарықтық қарым-қатынасқа тез бейімделіп, қысқа мерзім ішінде ет экспорттауға қол жеткізді. Мұндай жетістікке Польша ауыл халқының қажеттілігі мен сұранысына түсіністікпен қараудың арқасында ие болды. Біздің мемлекет те ұтымды жобаларды назарға алып, мал шаруашылығына қатысты заңдық актілерді жетілдіруі тиіс. Сонда халықтың әл-ауқатын арттырып қана қоймай, үйде отырған жұртты жұмыспен қамтуға, бюджеттен тыс нәпақа табуға, нарықты да етпен, сүтпен қамтуға болады. Әлемдегі жыл сайынғы сиыр етінің экспорты мен импорты шамамен 8 миллион тоннаны құрайды. Тұтыну көлемі өсуде, ал өндіріс оны қуып жете алмай келеді. Негізгі экспортшылар – Аргентина, Бразилия, Уругвай – өздерінің мүмкіндігі шегінде жұмыс істейді. Өсіп келе жатқан сұранысты Қазақстан сияқты жаңа нарықтардың есебінен қанағаттандыруға болады.

Еліміздің шығыс өңірі мал шаруашылығы кеңінен қанат жайған аймаққа жатады. Бұл аймақ ірі қара мал басының, қойдың көптігімен танымал. Сүтті де көп өндіреді. Негізі, мал шаруашылығы бойынша елімізде Алматы облысынан кейін Шығыс Қазақстан облысы алдыңғы қатардағы орынды иемденеді. Сонымен бірге Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының территорияларынан мал өнімдерінің экспортына тыйым салынған. Бірақ онда термикалық өңдеуден өткен мал өнімдерінің экспортына рұқсат. Қазақстандық ет экологиялық таза және дәмді. Жалпы әлемдік санитарлық және ветеринарлық стандарттарға сәйкес еттің ірі көлемін қалыптастыру үшін инфрақұрылым құру қажет. Ет экспортын жолға қою, мал өнімін алдымен Ресей нарығына жеткізу – негізгі міндеттердің бірі болып саналды. Бұл орайда шағын және орта фермерлік

қожалықтарға мемлекеттің арнайы бағдарламасы демеу болмақ. Стратегиялық маңызы бар құжат саланың экспорттық әлеуетін арттыруға өз септігін тигізетіні анық.

Ауыл шаруашылығы министрі А. Мамытбековтың сөзіне қарағанда, дамыған елдерде, әсіресе, мал шаруашылығын дамытуда табыстарға жеткен мемлекеттерде «асыл тұқымды мал» мәртебесі енгізілген. Яғни, шаруашылықтың үлкендігіне немесе кішілігіне, я болмаса сертификатының барына немесе жоғына қарамастан, субсидия бөлу туралы шешім қабылдау үшін тек қана малдың сапасына ғана көңіл бөлінеді. «Бұл ретте елімізде қолданылатын осы жаңашылдық малдың генетикалық құндылығын бағалайтын жаңа әдістің енгізілуімен қатар жүргізілуі тиіс. Жаңа заң жобасында бұл мәселе де қарастырылған. Қазір ангус, герефорд, қазақтың ақ бас сиыры тұқымдары бойынша қауымдастықтар құрылды, сондай-ақ қалған барлық қауымдастықтар бойынша малдың етті тұқымдарының ортақ қауымдастығы құрылды» [5] деді министр.

Ауыл шаруашылығы жете дамыған елдерде шағын және орта шаруашылықтар аграрлық салада үлкен жетістіктерге жетуі үшін мемлекет ұдайы көмек пен қолдау көрсетіп отырған. Сонымен қатар бұл елдерде фермерлік қожалықтардың белсенді дамуына қолайлы жағдай жасалған, жақсы ұйымдастырылған вертикальды және горизонтальды кооперация, қолжетімді сервистік қызмет көрсету мен кепілденген ауыл шаруашылығы өнімдерін сату қамтамасыз етіледі. Біздің ел шетелдерден пестицидтерді жыл сайын миллиондаған долларға сатып алуға әлсіз, өйткені егіндік алқап көлемі әлемдік деңгейде үлкен аймақты алып жатыр. Егін шаруашылығын химизациялау арқылы ауылшаруашылығы өнімдерінің өнімділігін екі есеге өсіруге болады. Бұл теория емес, ол алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың көпжылдық тәжірибесінің жемісі. Егер бұл қосымшаны астық егілген жердің жалпы көлемімен есептесек, егіндік жердің аумағын көбейтпей-ақ қосымша 11-12 миллион тонна өсімдік шаруашылығы өнімін алуға болады. Ауылшаруашылығы өнеркәсібі кешендерін реформалау ол субсидиялау мен оның механизмін жетілдіру ғана емес, көптеген жанама факторларға

да негізделеді. Осы орайда Қазақ агротехникалық университеттің ректоры А.Күрішбаев: «Егер біз ауылшаруашылығында түбегейлі өзгеріс жасаймыз десек, егістік жерді химиялық өңдеумен шын мәнінде парасаттылықпен айналасуымыз керек. Тек сонда ғана еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, біз Елбасының, Қазақстан ауылшаруашылығы өнімдерін әлемдік деңгейде экспорттайтын басты мемлекет болуы керек деген шешімін шынайы қамтамасыз ететін боламыз. Мен кезінде пестицид өндіретін шетелдік ірі химиялық компаниялардың басшыларымен кездескенде республикада пестицидтерге формуляция жасау жолға қойылғанның өзінде, олардың құнын небары 20 пайызға ғана төмендете алатынынын есептеп шығардық. Бүгінгі күні елімізде глифосфаттық типтегі гербицидтердің құны АҚШ, Канада, Австралия мемлекеттерімен салыстырғанда үш есе қымбат. Бұл нольдік, минимальдық технология, химиялық парларға өтуді тежейтін басты себептер болып табылады. Өзімізге таныс Беларусияда етті мал шаруашылығын дамыту жақсы қарқын алып отыр. Онда малды импорттау барысы ғалымдардың тікелей араласуымен іске асырылып, олар тек өздеріне керекті ірі қараларды алып, генотипті малдардың тұқымын асылдандыруды жақсартуға оны пайдаланған» дейді [6].

Қорыта айтқанда, мал шаруашылығын дамытуға қатысты заңнамалық актілер бірқатар түйткілдерді шешуге мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығы, Қаржы, Ұлттық экономика, Әділет министрліктері еттің экспорт-тық әлеуетін дамыту жобасы бойынша нақты шараларды қадағалауы тиіс. Ауыл шаруашылығы министрлігі мал шаруашылығындағы еттің экспорттық әлеуетін дамыту жобасының іске асырылу барысына үнемі мониторинг жүргізуді ұйымдастырса, бұл өз кезегінде шаруа қожалықтарының жұмысын алға бастырады еді. Сонымен бірге, облыстардың әкімдеріне еттің экспорттық әлеуетін дамыту жобасын іске асыру жөніндегі барлық іс-шаралардың орындалуын және жоба бойынша жоспарлы көрсеткіштердің берілген нысандарға сәйкес орындалуы туралы есепті Ауылшаруашылығы министрлігіне шынайы беріп тұруы да істі алға бастырады анық.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер*

1. Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Ә. Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, т.б. – Алматы: Мектеп баспасы, 2006. – 232 бет.
2. ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. Арнайы басылым. 2011.
3. Назарбаев Н. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Жолдауы. 28.01.2011.
4. Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі №278 Заңы. ҚР 2011.07.05 №452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізілді)
5. Мамытбеков А. Ауыл шаруашылығы – экономикамыздың еңселі саласы // Шаруа анықтамалығы 2011, № 10 (34)

# ПЕДАГОГИКА. ФИЛОЛОГИЯ

# PEDAGOGY. PHILOLOGY



**Аюпова Зауре Каримовна**  
заң ғылымдарының докторы,  
Аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық универси-  
тетінің халықаралық қатынастар факультетінің  
халықаралық құқық кафедрасының профессоры  
e-mail: zaure567@yandex.ru



**Құсайынов Дәуренбек Өмірбекұлы**  
философия ғылымдарының докторы,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті саясаттану және әлеуметтік-  
философиялық пәндер кафедрасының профессоры  
e-mail: daur958@mail.ru

## БІЛІМ БЕРУДІҢ ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ БАСТАУЛАРЫ

*Резюме. В данной статье рассматриваются теоретико-методологические основы философии образования. Авторы проанализировали мировой опыт и особенности становления феномена образования, его роль в развитии современного казахстанского общества, опираясь на труды ведущих российских и казахстанских ученых-философов. Ими был сделан вывод о необходимости изучения философии образования, как самостоятельного предмета в педагогических ВУЗах нашего государства.*

*Resume. In this article the theoretic-methodological basics of philosophy of education were examined. The authors have analyzed the international experience and peculiarities of the formation of a phenomenon of education, its role in the development of the modern Kazakhstan's society, relying on the research works of the*

*famous Russian and Kazakhstan scientists-philosophers. They made the conclusion about the necessity of studying of philosophy of the education as an independent subject in pedagogical higher education institutions of our state.*

*Түйін. Бұл мақалада білім беру философиясының теориялық-әдіснамалық бастаулары қарастырылған. Мақала авторлары білім философиясы феноменінің әлемдік және отандық білім кеңістігінде қалыптасу тәжірибесін талдаған, сонымен қатар оның қазіргі Қазақстан қоғамын одан әрі дамытудағы рөлін көрсеткен, бұл бағытта олар Ресей және Қазақстанның белгілі философ ғалымдарының мәселеге байланысты еңбектерін талдаған. Мақала авторларының жасаған қорытындысы бойынша білім беру философиясын жеке пән ретінде еліміздің педагогикалық мамандықтарында оқыту қажет.*

Қазақстан экономикасының тұрақты дамуы мен әлеуметтік-мәдени қалыптасуының негізгі тетіктерінің бірі, еліміздің көркеюі мен жетілуі білімнің әлеуметтік институты мен білімнің жетістіктеріне тікелей байланысты. Қазіргі заманда Біріккен Ұлттар ұйымы мен ЮНЕСКО білім беруді ұлттар мен ұлыстарды, әлем халықтарын жаһандық этика мен мәдениетке тәрбиелеудің, демократия құндылықтарына тәрбиелеудің, толеранттылыққа, адам құқығын сыйлауға тәрбиелеудің негізгі құралы деп есептейді. Бүгінгі күнде қоғамдағы білімнің қалыптасуы мен тұрақтылығының кепілі ретінде көрініс тапқан рухани бағыт - білім институты, қоғамдық өмірдің қақ ортасы болып отыр. Ерте-ректе бұндай орталықта шіркеу (діни институттар) болатын. Білім беру жүйесінде білімді көрсету ғана емес, сонымен қатар білім табу, жаңа білімдер қалыптастыру да жүзеге асырылады.

Бүгінгі күні білімді бүтіндей феномен ретінде қарастыратын оның онтологиялық, идеологиялық, әдіснамалық, логикалық, аксеологиялық, саяси, этникалық, эстетикалық анықтамалары мен қырларын зерттеу қажеттіктері туды. Сондықтан да білім философиясы жеке қалыптасу қажеттіктері талап етеді. Білім философиясы зерттеудің ерекше бағыт болып қалыптасуының негізгі себептері:

1. Білімнің қоғам өмірінің автономды бөлігі болып бөліне бастауынан;
2. Білім институттарының диверсификациялануынан;
3. Білім идеалдарының әртүрлі түсіндірулерінен, олардың білім берудің көппарадигмалы бағыттарының пайда болуынан;
4. Білім жүйесіне жаңа талаптардың қойыла бастауынан, индустриалды қоғамның постиндустриалды ақпараттық қоғамға ауысуына байланысты, білім философиясының ішіндегі империка - аналитикалық білім мен гуманитарлық бағыттар алшақтауынан, адам тәрбиелеудегі альтернативті бағыттар пайда болуынан.

Қазақстанда білім берудің түбірлі философиялық және мәдени негіздерімен қатар, оның қазіргі жағдайын айқындау, алдымен, жалпы білім беру феноменінің өзіне философиялық рефлексия жасауды, танымның нысаны ретіндегі бұл феноменнің ұғымы мен түсінігін, мәні мен мазмұнын анықтап алуды қажет етеді. Ал бұл болса, өз кезегінде, осы мәселелердің арнайы зерттеумен айналысатын білім беру философиясының пәндік саласын, оның

қамтитын ауқымын, оның қоғамдық және мәдени өмірдегі маңызы мен орнын танып-білуді талап етеді. Білім беруді осы қырлары бойынша теориялық тұрғыда талдап жіктеу, индивидуалды және әлеуметтік даму феномені ретіндегі білім беру философиясының тарихына, оның қазіргі жағдайына сараптамалық талдау жасау арқылы ашылады. Тек содан кейін ғана Қазақстандағы білім берудің тарихи және мәдени негіздеріне тікелей кірісуге болады. Демек, бұл мақалада зерттеу жұмысының өзегін құрайтын білім беру философиясының феноменологиялық қырлары мен тарихи-мәдени негіздерінің әдіснамасының басы ашылып, оның негізгі ұғымдық аппараты айқындалады.

Бұл мәселелерге бірден кіріспес бұрын, білім беру философиясында кеңінен қолданылатын негізгі терминдер мен сөздердің қазақша баламасына түсінік бере кету керек. Орыс тіліндегі «образование» сөзі (түп төркіні «образ» - бейне, кейіп, «образовать» - қалыптастыру, құрастырудегенді білдіреді) қазақшаға білім беру, ал мағынасы осыған жақын «просвещение» сөзі ағартушылық деп аударылып жүр. Жалпы қабылданып кеткендіктен бізде тәржіманың осы нұсқасын пайдаланамыз. Дегенмен бұл сөздердің дәл сондай кең мағынасының қазақ тілінде дәл баламасының болмауын қазақтың этностық мәдениетінде білім берудің бүгінгідей жүйесінің жоқтығымен түсіндіріледі. Басқаша айтқанда, отырықшы өркениетке тән білім беру дәстүрлі мәдениетте болған жоқ, бұл қазақ халқының архетиптік санасында көшпенді шаруашылық тәртіптің басым болуымен сипатталады.

Білім берудің классикалық жүйесінің батыстық өркениеттік түбірге ие екендігі көпшілікке мәлім. Дәстүрлі қазақ қоғамында білім берудің дәл осындай жетілген институты болған жоқ. Қазақ қоғамында жүйелі түрде білім берудің мектептік жүйесі ислам дінінің ықпалы негізінде қалыптасты. Ал оған дейін тәрбие мен білім берудің міндетін ауызекі дәстүр, әдет-ғұрып сияқты көшпелі қоғамға тән институттар атқарды. Мұсылмандық үлгідегі білім беру жүйесі енгенімен, ауылдар мен медереселердегі мектептерде ортодоксалды кадимизм үлгісінде тек діни ілімдер ғана оқытылып, жаратылыстанымдық ғылымдарды үйренуге тыйым салынды.

Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ даласына Қырым және Еділ бойынан мұсылмандық оқытудың «усул-и жадид» деп атала-



тын жаңа тәсіл қадымшылдықты ығыстырып жаппай ене бағады. Діни сауаттылыққа зайырлылық принципін кіргізген бұо джадидизм бағыты (негізін қалаушылардың бірі Исмаил Гаспринский), сөз жоқ, Қазақстан үшін прогрессивті құбылыс еді. Қазақтың көптеген зиялы қауым өкілдері осы мектептен шыққан түлектер болатын. Большевизмнің билікке келуімен бұл мәдени қозғалыс тоқтатылды. Қазақ мәдениетінде қазіргі заманғы білім беру жүйесі жиырмасыншы ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап қана қалыптасты. Қазақстандағы білім беру жүйесінің мәдени-тарихи қалыптасу ерекшеліктері келесі тараушада кеңінен сөз болады. Сондықтан біз ойды осы жерден тоқтата тұрып, жоғарыда көтерілген мәселеге қайта ораламыз.

Адамдар өздерінің интеллектуалдық және физикалық дамуы жағынан әркелкі болып келетіні белгілі. Адамдардың бұл әрқилылығынен туындайды, табиғаттың әсерінен бе, әлде тәрбиенің әсерінен бе немесе екеуінің қосындысының ықпалынан ба деген сұрақ туындайды.

Адамдар бір мезгілде әрі табиғи, әрі әлеуметтік жан болып табылады. Адамдар тек әлеуметтік қасиеттерімен – санасымен, еркімен және т.б. ғана емес, генетикалық тұрғыда да әралуандылығымен ерекшеленеді. Бұл ерекшелік әрбір адамның анатомиялық, биохимиялық, физиологиялық, нейродинамикалық және басқа өзгешеліктерінің, темпераментінің қайталанбастығының алдын алады. «Жер бетінде генетикалық тұрғыда бірдей екі адам жоқ, өткенде де болмаған, болашақта да болмайды» [1, 155 бет]. Адамдардың әлеуметтік әралуандылығы, мүмкін, осы генетикалық әркелкіліктен туындайтын шығар? Мүмкін, біреулердің дарындылығы мен таланттылығы, ал кейбіреулердің топастығы мен ақымақтығы адамның осы генетикалық қайталанбастығына негізделген болар?

Ғылымда және қарапайым санада бұл сұрақтың тура қарама қарсы екі жауабы бар. Біреулердің пікірінше, әрбір адамға қабілет пен таланттың белгілі бір мөлшерін табиғат алдын ала беріп қояды. Туа біткен табиғи нәрсені ғана тәрбие онан ары дамыта алады. Ал келесілерінің тұжырымдауынша, табиғи жаратылысында барлық адамдар тең. Біреулердің қабілетін дамыту үшін барлық жағдайлар мен алғышарттар беріп, екіншілерін ондай жағдайлардан жұрдай ете отырып, қоғам адамдарды теңсіздікке итермелейді.

Бұл терең философиялық сұрақтың шешімі үлкен теориялық және клонданбалы маңызға да ие. Адам қабілетінің табиғи алғышарттылығы немес тәрбиеге көнетіні мәселесі тарих ағымындағы идеологиялық күрестер барысында ең өзекті мәселеге айналып отыруы да тегін емес. Осы маңызды мәселемен негізінен педагогика немесе білім беру философиясы айналысады. Мұның методологиялық рөлі бүкіл педагогикалық үдерістің сипаты,

мазмұны мен құрылымы соның шешіміне тәуелді болатынымен анықталады. Сонымен, философиялық антропологияда адамның «индивид – адам – тұлға» деген деңгейге бөлінетін дәстүрлі сатысын ескере отырып, «білім беру» ұғымына және білім беру философиясының анықталуына тоқталайық.

Жоғарыда айтып өткендей, жалпы қабылданған қазақша «білім беру» сөзі оның шет тілдік баламаларына толық сай келе бермейді. Батыс елдеріне кең таралған «education» деген терминнің орыс тіліндегідей «образ» деген түбірлі «морфемі» болмағанымен, оның да білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекетінің барлық қырларын қамтитындай, ұғымдық мазмұны мейлінше кең.

Білім беру саласы, әдетте, тек педагогтардың, кейде психологтардың ғана ісі деген пікір қалыптасқан. Сондықтан өзінің тар мағынасында ол мәдениет пен моральдан тыс, жүйелі білімді, шеберліктер мен дағдыларды игеруді ғана білдіреді. Мұны жай ғана кәсіби дайындық деп атауға да болады. Мұнан кеңірек мағынасында ол жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырумен байланыстырылады. Бұл тұрғыдан алғанда «тәрбие мен білім беру ажырамастай тұтас... білім бермей тәрбиелеу мүмкін емес, кез-келген білім тәрбиелі әрекет етеді» [2, 409 бет] деген Л.Н. Толстойдың сөзі еске түседі. Сондықтан да қазіргі педагогикада білім беру үдеріс ретінде де, нәтиже ретінде де ұғынылады: ол тек білімдерді, шеберліктер мен дағдыларды игерудің нәтижесі ретінде ғана емес, тұлғаның бойында, сәйкесінше, психологиялық, адамгершілік және өзге қасиеттерді егумен де анықталады. Демек, «білім беру – оқыту барысында (бастауыш, орта, жоғары) игерілген жалпы және кәсіптік білімге, мәдениетке қол жеткізу арқылы тұлға қалыптастыру; соған қол жеткізуге бағытталған әрекет; оны қамтамасыз ететін оқу, ғылыми және әдістемелік органдар мен мекемелердің жүйесі» [3, 21-22 бет].

Білім беру адам мен қоғам үшін жоғары құндылық болып табылады, өйткені ол адам мен қоғамның өмір сүруінің, дамуының алғышарты түрінде көрінеді. Егер емші адамның тәнін емдесе, ал білім беру оның жанын емдейді.

Білім беру әлеуметтік институт ретінде де көзге түседі. Білім берудің мазмұны қоғамның мәдени жағдайын, бір жүйеден екіншісіне көшетін, мысалы дәстүрлі кезеңнен индустриалдық кезеңге, индустриалдық кезеңнен постиндустриалдық (акпараттық) кезеңге көшудің өтпелі жағдайын да білдіреді. Бұл жерде мәдениет пен білім беру өзара қарым-қатынасқа түседі. Бұл өзара қатынас кейбір қазіргі заманғы авторлардың тұжырымдамаларында мейлінше көрініс тапқан. Олардың қатарына М. Мидтің постфигуративті, кофигуративті және префигуративті мәдениеттер теориясын, А.Г. Асмоловтың «пайдалылық мәдениеті» және «абырой мәдениеті» өзара әсері теориясын, «ересектер әлемі»

мен «балалар әлемі» қатынастарының мәселелеріне негізделген А.Б. Орловтың гуманистік бағдардағы білім беру теориясын жатқызуға болады [4].

Білім беру философиясында көбіне білім беру түсінігі тәрбиелеу ұғымымен тұтастықта қарастырылады. Оларды осылайша ажырамас тұтастықта қарастыру, олардың арасындағы айырмашылықты аңғармау білім беру феноменінің шығу тегін түсіндірудегі шатастырушылықтарға әкелетін тәрізді. Білім беру мен тәрбиелеу көп жағдайда ұқсас әлеуметтік-мәдени функцияларды атқара отырып, оларға әрқилы тәсілдермен жетеді. Білім беру өзінің мәні жағынан тұлға қалыптастыруға бағытталады және тұлға қалыптастыру мүмкін болатын жағдайларда ғана орын алады. Ал тәрбиелеу болса, ол тұлғасыз қоғамдық құрылыс жағдайларында да (мейлі алғашқы қауымдық құрылыс болсын, бұқаралық немесе діни қауым болсын) орын ала береді. Осыдан-ақ білім беру стратегиясы мен тәрбиелеу стратегиясының арасындағы алшақтықты байқауға болады. Осы себепті де, белгілі мәдениеттанушы Б.Ф. Нұржанов білім берудің шығу тегін антикалық дәуірдегі грек полистік (қалалық) жүйесінің орнығуы барысында бұрынғы ру-тайпалық тұлғасыз индивидті тәрбиелеуден жекелей жауапты шешім қабылдай білетін, саяси, заңнамалық және өзге де құқықтарға ие азаматты тәрбиелеуге көшу төңкерісінен шығара отырып, білім беруді, ең алдымен, әлеуметтік-мәдени институт ретінде қарастырады [5, 15 бет].

Алайда бұл білім берудің ұғымдық аясын біршама тарылтып тұрғандай көрінеді. Білім беруді мазмұнына қарай құндылық ретінде, жүйе ретінде, үдеріс ретінде және нәтиже ретінде айқындай отырып, оны күрделі ұғым ретінде сипаттауға болады.

Білім беру адам мен қоғам үшін жоғары құндылық болғандықтан және ол оның өмір сүруі мен дамуының алғышарты болғандықтан білім беру жеке тұлғалық қана емес, мемлекеттік және қоғамдық құндылық түрінде көзге түседі.

Білім беру, сондай-ақ өзара байланысты және қарым-қатынасты жай жүйелері мен элементтері бар, мазмұны мен мақсаты ұрпақтан ұрпаққа тәжірибе жеткізетін бағдарламалармен, жоспарлармен сипатталатын жүйе де болып табылады. Жүйе ретіндегі білім беру үш өлшемде қарастырылады:

- әлемдегі, елдегі, қоғамдағы, аймақтағы, ұйымдағы және т.б. білім беруді білдіретін әлеуметтік ауқымдылық. Бұған мемлекеттік, жеке, қоғамдық, зайырлы, клерикалды және өзге білім беру жүйелері де кіреді;

- білім берудің сатылары (мектепке дейінгі, өз кезегінде бастауыш және орта деп бөлінетін мектептік, әртүрлі деңгейлердегі, мысалы бакалавриат, магистратура, маманды тереңдетіп дайындау, аспирантура, докторантура, БЖИ деп бөлінетін жоғарғы мектеп);

- білім берудің бағдары (жалпы, арнаулы, кәсіби, қосымша және т.б. [6, 19 бет].

Білім беру білімдер мен тәжірибелерді, шеберліктер мен дағдыларды бірінен екіншісіне тасымалдау түрінде адамды оқыту мен тәрбиелеу ретінде көрінетіндіктен үдеріс (процесс) болып табылады. Тәрбиемен тұтастықта оқыту барысында оның тұлға ретінде өзіндік дамуы мен шығармашыл дамытылуы ең басты нәрсе саналады. Мұнан өзге оның негізгі белгісі ретінде байқалатын білім берудің үздіксіздігі оның үдерістік (процессуалдық) қырын айқындай түседі.

Білім беруде оқытудың сапалылығын бағалаудың стандарттары (нәтижесі) де болады. Бүгінгі күні әрбір адами индивидтің білімі – тек жеке ғана емес, сонымен бірге қоғамдық маңызды капитал. Алынған нақты білімнің мөлшері мен қалыптасқан индивидуалды, тұлғалық қасиеттер мен дағдылардың жиынтығы білім беруді нәтиже ретінде көрсетеді.

Білім беру мен тәрбие ұғымдарының кең ауқымдылығына сай, арнайы ғылым саласы ретіндегі білім беру философиясының пәндік аумағын, оның мәртебесін, оның жалпы философиямен өзара байланысын айқындау да оңай шаруа емес. Терминнің өзінің шығу тегіне келер болсақ, «тәрбиелеу және білім беру философиясы» деген сөз тіркесін ең алғаш рет XIX ғасырда В.В. Розановтың қолданғаны белгілі. Кейінірек, XX ғасырдың бірінші жартысында ғылыми әлемге танымал болған педагогикалық антропология деп аталған ілімнің көрнекті теоретигі С.И. Гессен өзінің осы салаға арналған фундаменталды еңбегін «Тәрбие философиясы» деп атады.

Білім берудің «классикалық» жүйесі немесе қазіргі заманғы үлгісі XVIII- XIX ғасырларда өріс алған философиялық және педагогикалық идеялардың ықпалымен қалыптасты. Алайда XX ғасырдың орта тұсына қарай жалпы батыстық классикалық философияның дағдарысқа ұшырауымен қоса қабат білім беру саласына қатысты да негізгі педагогикалық парадигманың дағдарысы байқалады. Осы дағдарыстан шығудың жолдарын интеллектуалдық іздестіру барысында ерекше зерттеу бағыты ретінде, бір жағынан жалпы философиямен байланысын үзбеген, екінші жағынан педагогикалық теория және практикамен тығыз қарым-қатынастағы білім беру философиясы қалыптасты. Қазіргі кезде білім беру философиясының мәртебесін анықтайтын бірнеше негізгі көзқарастар бар.

Бірінші көзқарас бойынша, білім беру философиясы педагогиканың синонимі. Бұл көзқарасқа сәйкес педагогика мен білім беру философиясының өздеріне тән ерекшеліктері жойылып, білім беру философиясы өзінің ғылыми білімнің дербес саласы ретіндегі мәнін жоғалтады. Білімге қатысты барлық күрделі мәселелер жалпы педагогиканың шеңберінде шешіліп, абстракциялар мен принцип-

тер мазмұнын құрайтын оның теориялық бөлігі педагогиканың бір саласы ретінде қарастырылады. Жалпыфилософиялық тұрғыдағы теориялық мәселелер педагогиканың методологиясы шеңберінде шешіледі (мысалы, В.В. Краевский, Г.Н. Филонов, Б.Л. Вульфсон, В.В. Кумарин және т.б.).

Дегенмен, білім беру философиясының тек бір ғылымның – педагогиканың методологиясына теңгеріле алмайтынын ескеруіміз қажет. Оның үстіне, педагогиканың білім беру философиясынан тағы бір мәнді айырмашылығы бар: ғылым ретінде анықталатын педагогиканың айналысатын пәндік аумағы тәрбиелеу мен білім беру болып табылса, ал білім беру философиясы танушы субъект ретіндегі адамның қалыптасу үдерісіндегі субъект-объектілік өзара қатынастарды пайымдайды. Білім беру философиясы білім беру мен педагогиканың түпкі негіздерін - өмірдің мәдени универсумындағы білім берудің мәні мен орны, адамды және білім берудің мұратын ұғыну, педагогикалық әрекеттің мәні мен ерекшеліктері және т.б. – талқылайды.

Екінші көзқарас бойынша, білім беру философиясы «қолданбалы» сипатқа ие философиялық білімнің саласы ретінде ұғынылады. Білім берудің даму заңдылықтары мен оның мәртебесін негіздеу үшін көпқырлы білім беру әрекетінің құндылықтық-мақсаттық, жүйелік, процессуалдық және нәтижелік қырларына қатысты да, немесе жалпы күйінде де философиялық қағидаларды қолдансақ немесе білім беру философиясын әр қырынан қарастыратын педагогикалық антропология, білім берудің эмпирикалық-аналитикалық философиясы (сыншыл рационализмді қоса алғанда), герменевтикалық бағыты (феноменологиялық, экзистенциалдық, диалогтық), сыншыл-эмансипаторлық, психоаналитикалық, постмодерндік, діни-теологиялық бағыттарына көз жүгіртсек, бұл көзқарастың мәні айқындалып шыға келеді.

Ағылшын тіліндегі нұсқасында *philosophy of education* деген сөз тіркесімен қатар, *philosophy and education* деген сөз қосындысы жиі қолданылады, яғни бұл жерде әңгіме білім беру философиясы туралы емес, философия мен білім беру туралы болып отыр. Әр алуан философиялық мектептер мен ағымдарды шексіз салыстырып, білім берудің арнайы саласына қарапайым формальды дедуктивті тәсілді қолдану арқылы білім берудің мәртебесін сипаттауға болады және бұл қажет те. Оның үстіне білімдердің универсалдық жүйесі ретіндегі философиялық танымның кең ауқымды қамтитыны айқын. Оған мына сөз тіркестерінен-ақ көз жеткізуге болады: тарих философиясы, мәдениет философиясы, шаруашылық философиясы, ақырында ойын философиясы, күлкі философиясы және т.б. Философиялық көзқарастардың плюрализмі керек болғанымен, білім беру философиясының қалыптасуындағы индукциялық тәсілді де жоққа шыға-

руға болмайды, білім беру практикасының барлық қырындағы мәселелік ахуалдарды білдіретін идеялар ағымы білім философиясының арнаулы бағытына жан бітіреді [7, 89 бет].

Үшінші көзқарас бойынша, білім беру философиясы пәндік аумағы білім беру саласына қатысты әртүрлі ғылымдардың (экономика, әлеуметтану, мәдениеттану, психология, демография, этика, эстетика және т.б.) мәліметтерінің синтезі болып табылатын өз алдына дербес сала. Бұл ғылымдардың әрқайсысы білім берумәселесін өз қисыны бойынша, өзінің арнаулы ракурсында қарастырады, ал білім беру философиясы барлық осы білімдерді анағұрлым жалпы тұжырымдамалық түрде қорытып шығарады және сондықтан оның тек жалғыз объекті болады, ол - өзінің барлық құндылықтық, жүйелік, процессуалдық және нәтижелік сипаттамаларындағы білім беру. Демек, білім беру философиясы ғылыми білімдердің толыққанды интегративтік саласы түрінде көрінеді. Оның пәндік аумағы білім берудің қызмет етуі мен дамуының мейлінше жалпы фундаменталды негіздері болып табылады.

Бұл көзқарастарды түйіндей келе оларға қосарымыз, «философия дегеніміз танымның құралы», - деп немістің атақты ойшылы Иммануил Кант айтпақшы, білім беру философиясы – білім арқылы болмыстың түпкі тұңғықтарына жету. Білімсіз философияның болуы мүмкін емес, сондықтан да философия мен білім беру біртұтас. Білім беру пайдалылық принципіне негізделген утилитаризм емес, ол - өзіндік құндылық, болмыстың қуанышы мен шаттығы.

Сонымен, арнаулы ғылыми білімнің саласы ретіндегі білім беру философиясының зерттеу нысаны - өзінің мәнді сипаттамаларындағы білім беру, ал пәні білім берудің қызмет етуі мен дамуының анағұрлым жалпы негіздері, осы ғылымның түбірлі білімдерін анықтайтын теориялар, заңдар, категориялар, ұғымдар, әдістер, болжамдар мен идеялар түріндегі іргелі қағидалар болып табылады деп қорытынды жасауға болады.

Таным үдерісінде, әсіресе, ғылыми танымда логикалықпен тарихилықтың бірлігі әдісі кеңінен қолданылатынын еске түсірейік. Біздің ойымызша да, тәрбие мен білім беру туралы түсініктерді, білім беру философиясын жете меңгеру үшін осы негізгі категориалдық ұғымдарды теориялық саралаумен қатар, сыңаржақтылықтан аулақ болу үшін, оның тарихи даму жолына да терең бойлап, талдау жасау қажет.

Әлемдік философия өз тарихының бүкіл ағымы барысында тәрбие мен білім беру жүйесінің дамуына орасан зор ықпалын тигізіп келді. Адамзаттың алғашқы таң шапағынан бүкіл әлемге сәулесін шашқан Ежелгі Шығыстағы Үнді және Қытай топырағындағы философиялық мектептерден, антикалық дәуірдегі адам тәрбиесінің «пайдейя» иде-

ясынан бастап, А. Августин, М. де Монтень, Я.А. Коменский, Ж.-Ж. Руссо, И. Кант, Гегель, Гумбольдт сияқты әлемдік философияның көрнекті өкілдері тәрбие мен білім туралы терең ой қозғап, педагогикалық теория мен практиканың өзекті мәселелерімен айналысып қана қоймай, оны дамытудың өзіндік жолдарын да ұсынды. Кейінірек, он тоғызыншы және жиырмамыншы жүзжылдықтарда, білім берудің классикалық үлгісі дағдара бастаған тұста да бұл дәстүр жалғасын тапты. М. Бубер, С.И. Гессен, В. Дильтей, Д. Дьюи, А.С. Макаренко, В.В. Розанов, В.А. Сухомлинский, К.Д. Ушинский, М. Хайдеггер, К. Ясперс және т.б. рухани мұралары білім берудің алтын қорын құрайтыны сөзсіз.

Білім берудің тарихына шолу жасағанда осы саладағы ғылыми әдебиеттерде оның орнығуына қатысты көзқарастарды жіктеудің үш тобы бар екендігін ескеру қажет:

- ақиқат пен игіліктің көзі ретіндегі классикалық дәстүрге сүйенетін культуранцентристік көзқарас (идеализм, рационализм, діни философия, консерватизм, мәдениет философиясы, герменевтика, аналитикалық философия, реализм, эмпиризм, позитивизм, сциентизм сияқты философиялық бағыттарды енгізеді);

- жалпы пайдаға, прогреске ұмтылысты, қоғамның саналы мұратына деген сенімді негізге алатын социоцентристік көзқарас (утилитаризм, агностицизм, әлеуметтік реформизм, ғаламдық этиканы енгізеді);

- адамның ізгі жаратылысын, жеке пайда мен тұлға еркіндігін негізге алатын индивидуализм (гуманизмді, персонализмді, прагматизм мен либерализмді, экзистенциализмді енгізеді) [8, 40-42 бет].

Бұл жіктемемен келісетіндер де, келіспейтіндер де бар, сондықтан біз өзіміздің шолуымызда хронологиялық тәртіпке жүгінеміз. Білім берудің тарихы мәдениеттанумен, мәдениет тарихымен тығыз байланысты. Оның алғашқы нышандары адамзаттың алғашқы өркениет ошақтарының (Мысыр, Вавилон, Қытай, Үнді, Парсы) пайда болуымен қабат байқалады. Осы ошақтарда ең алғашқы жазба мәдениеттің, мектептердің, оқытушылар мен оқушылардың, бұйрықтар, міндеттер, заңдар, сұрақтар мен жауаптар жинағы ретіндегі алғашқы кітаптардың пайда болуымен билік пен білім орталықтандырыла бастайды. Солайша білім беру мен тәрбие әдет-ғұрыпқа негізделген рулық архаикалық формадан өркениеттік формаға өтеді.

Ежелгі Мысыр жер бетіндегі ең ертедегі өркениет бесіктерінің біріне жатады. Онда бір орталыққа бағынған мемлекеттілік пен иероглиф түріндегі жазудың орнығуы біздің заманымызға дейінгі үш мыңжылдықтан бастау алады. Бұл жерде орын алған тамаша өркениет географиялық ерекшелігі мен тарихи тағдырына сай, оқшаулық

пен тұйықтықты қалады. Қозғалыс пен дамудан гөрі тұрақтылық пен тоқыраумен сипатталатын мысырлықтардың мұраты болашақтан гөрі өткен шақпен байланысты сияқты. Олар өздерінің ұлттық ескерткіштері мумия мен пирамидада қатып семіп қалған тәрізді.

Мысырлықтардағы білім беру мен тәрбие олардың діни және әлеуметтік өміріне тәуелді болды. Екі үстем тап болды: әскерилер және абыздар. Тек абыздар ғана діннің, ғылым мен өнердің құпияларын меңгерді. Мұнан өзге олар басқарудың жоғарғы лауазымды қызметтері мен сот орындарын иеленіп, бүкіл қоғамдық өмір мен тәрбиенің барысын уыстарында ұстап отырды. Абыздар мен әскерилер үшін Фивы, Мемфис және Гелиополис қалаларында арнаулы мектептер болды. Мұғалімдер тек абыздардан болды. Оқу пәндерінің қатарына тіл, математика, геометрия, астрономия, жаратылыстану, музыка және дін кірді. Платонның мәліметіне қарағанда, барлық мысырлық балалар бірігіп дауыстап оқып қабылдайтын педагогикалық тәсілді қолданған. «Оқу мен жазуды үйренуге, - дейді Диодор Сицилийский, - көп уақыт кетірмейді және барлығы бірдей емес, тек өздерін еркін өнерге арнайтындар ғана сауат ашады». Ал қалғандары үй тәрбиесінде болды және қарапайым халық өз әкелері мен жақындарынан өздерінің айналысатын кәсіптерін үйренді. Жалпы білім құрамына оқу, жазу және санау кіретін, ал гимнастика мен музыка міндетті болып саналмайтын. Жазудың сатылы түрде үйретілетін үш түрі болды: демотикалық, иеротикалық және иероглифтік. Мұның соңғысы тек діни абыздар табының өкілдеріне ғана оқытылатын. Сақталып қалған мысыр жазбаларында иероглиф таңбаларының 800-ге жуық таңбалары кездеседі.

Ежелгі еркін эллиндер мысырлықтардан білім беру мен тәрбиені қабылдап алғанда, оның діни қырын емес, ғылымы мен өнерін ғана алды. Жалпы Мысыр Батыс пен Шығыстың ежелгі замандағы байланыстырушы буыны болды. Ол өз өркениетінің жемістерін Грекиямен қатар Иудеяға беріп, өзі келмеске кетті. Бұл оның тарихи миссиясы тәрізді болды.

Антикалық дәуірдегі (латынша antiquus – ескі, көне дегенді білдіреді) мәдениет дегенде жалпы көне мәдениетті емес, бүгінгі күні ғаламдық сипатқа ие болған Еуропаның ежелгі мәдениетін айтады. Ал бұл мәдениеттердің қатарына ерте грек және рим өркениеттері жатады. Ежелгі гректер Балқан түбегін, Эгей теңізінің аралдарын және Кіші Азия жағалауын жайласа, римдіктер бастапқыда Рим төңірегіндегі шағын территорияны мекендеп, кейіннен бүкіл Италияны, Жерорта теңізі маңайындағы елдерді, оның ішінде Грекияны да, ақырында Еуропа мен Алдыңғы Азияның барлық белгілі елдерін жаулап алып, орасан зор империя құрды. Грек мәдениетінің алғашқы жазба ескерт-



кіштері - б.з.д. VIII ғасырға, ал римдіктердікі б.з.д. III ғасырға тиесілі. Батыс Рим империясының құлауы, сонымен рим мәдениетінің ақыры б.з. V ғасырына жатқызылады, сондай-ақ, кейіннен византиялық мәдениет жолына түскен антикалық грек мәдениетінің құлдырауы да осы уақытпен айқындалады. Осылайша, өзінің пайда болғанынан бастап ортағасырларға дейін антикалық мәдениет уақыттың үлкен кезеңін – 1200 жылдай уақытты қамтиды.

Кезінде Ф. Энгельс «Грекия мен Рим негізін қалаған іргетас болмағанда, қазіргі Еуропа да болмас еді», - деп жазды. Шындығында ежелгі Грекияның философиялық көзқарастары, әдебиеті мен өнері, әсіресе, білім беруі мен тәрбиесі тікелей немесе эллиндік және римдік мәдениет арқылы бүкіл адамзаттық қоғам мәдениетінің барлық кейінгі тарихына орасан зор ықпал етті. Тіпті ерте гректердің пұтқа табынушылық рухына қарсы келетін ортағасырлық дүниетанымның, мәдениет пен өнердің

формаларын айқындаған христиан діні мен мұсылман діні де антикалық мұрадан нәр алып отырды. «Мұсылман қайта өрлеуі», «еуропалық қайта өрлеу» (ренессанс), «классицизм» деген атаулардың өзі, белгілі бір мағынада, антикалық мәдениетті қайта түлетуді білдіреді.

Қорыта айтқанда, білім беру философиясы әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде бастау алып, Еуропа арқылы, одан Ресей асып, әртүрлі тарихи-мәдени жағдайларда қазақ даласына да жетті. Бүгін әлемнің алдыңғы қатарлы отыз елі деңгейіне іліну қажеттігінде, білімді дамытып, білім феноменінің әлеуміттік-мәдени процесстерде өзгеруін философиялық тұрғыдан талдау қазақ мемлекет үшін зор қажеттілік, сол себептен де бұл пән яғни «Білім философиясы» қазір педагогикалық университеттерде арнайы пән ретінде оқытыла бастады. Осы мақалада оның негізделу шарттары айқын көрсетілген.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы, 1992.
2. Абу Насыр Әл-Фараби. Дін кітабы. (Китабул милла). – Бейрут, Ливан, 1976 (араб тілінде).
3. Байтұрсынов А. – Алматы, 2003. I-II том.
4. Қазақтардың оқу-ағартуы жайлы ой-пікірлер // Шыңжаң қоғамдық ғылымы. – № 4. – 1987. – 11-19 бет.
5. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жиынтығы. – III т. – Алматы: Ғылым, 1999. – 304 б.
6. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жиынтығы. – III т. – Алматы: Мектеп, 2003. – 400 б.
7. Есімов Ф. Хакім Абай. – Алматы, 1994. – 2004 б.
8. Әлиемдік философиялық мұра. – Алматы: Жазушы. – I том. – 2005. – 560 б.

**Аюпова Зауре Каримовна**

заң ғылымдарының докторы, Аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетінің халықаралық құқық кафедрасының профессоры  
e-mail: zaure567@yandex.ru

**Құсайынов Дәуренбек Өмірбекұлы**

философия ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті саясаттану және әлеуметтік- философиялық пәндер кафедрасының профессоры  
e-mail: daur958@mail.ru

**БІЛІМ БЕРУДІ АРНАЙЫ ПӘН РЕТІНДЕ ЗЕРТТЕУ ҚАЖЕТТІКТЕРІ  
ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТТЕГІ ҮЛГІЛЕРІ**

*Резюме. В данной статье рассматриваются проблемы необходимости изучения философии образования, как самостоятельного предмета и примеры данного в мировой культуре. Авторы проанализировали мировой опыт и особенности становления феномена образования в индийской, китайской, персидской, греческой культуре. Ими был сделан вывод о необходимости изучения философии образования, как самостоятельного предмета в педагогическом образовании в отечественных ВУЗах.*

*Resume. In this article the problems of the necessity of studying of philosophy of the education as an independent subject and examples in the world culture have been considered. The authors have analyzed the international experience and peculiarities of the formation of the phenomenon of the education in the Indian, Chinese, Persian, Greek culture. They made the conclusion about the necessity of studying of philosophy of the education as an independent subject in the pedagogical education in domestic higher education institutions.*

*Түйін. Бұл мақалада білім беруді арнайы пән ретінде зерттеу қажеттіктері және оның әлемдік мәдениеттегі үлгілері қарастырылған. Мақала авторлары әлемдік мәдениеттегі білім беруді талдап, нақтырақ айтқанда Қытай, Үнді, Парсы, Грек мәдениеттеріндегі осы феноменнің көріністеріне тоқталған. Қорытындысында білім беру философиясын жеке пән ретінде еліміздің педагогикалық мамандықтарды дайындау барысында пайдалану қажет екендігін көрсеткен.*

Еліміздің индустриялық инновациялық даму қажеттіктері және интеллектуалды ұлт қалыптастыру бастаулары білім беру жүйесіне деген көзқарастарды түбегейлі өзгертті. Қандай экономикалық, саяси, әлеуметтік реформалар болмасын оны жасайтын нақты тұлғалар, мамандар. Сондықтан да олардың дүниетанымын, азаматтық позицияларын әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің үлгісінде қалыптастыру қазіргі еліміздегі білім берудің, сол саладағы жүріп жатқан барлық түбегейлі, кешенді реформалардың ең негізгі мақсаты. Әлемдік нарықтағы рухани процесстердегі және экономикалық өзгерістердегі алғы шарттарға байланысты білім қоғам өмірінің автономды бөлігі болып бөліне бастады, сонымен қатар білім институттары диверсификацияланды, білім идеалдарының әртүрлі түсіндірулерінен, олардың білім берудің көппарадигмалы бағыттары пайда болды, білім жүйесіне жаңа талаптар қойыла бастады, индустриалды қоғамның постиндустриалды ақпараттық қоғамға ауысуына байланысты, білім философиясының ішіндегі империка - аналитикалық білім мен гуманитарлық бағыттар алшақтауынан, адам тәрбиелеудегі альтернативті бағыттар пайда болды. Осы фактілер білімді арнайы философиялық талдау пәніне айналдырып арнайы «білім философиясы» бөлініп шықты. Бұл жағдайлар әлемдік мәдениетте өзінің тарихи бастаулары бар феномен. Ертедегі шығыс елдерінде, антикалық мәдениет астарында грек елінде ерекше дамып әлемдік мәде-

ниеттің үлгісіне айналған. Енді осы ойларды нақтылай түссек, оған төмендегі дәлелдер айғақ болады.

Ежелгі Қытайда өте ерте кезден бастап, б.з.д. төрт мыңжылдықтан бастап қызық әрі ерекше өркениет қалыптасты. Қытайлықтар тамаша материалдық және рухани мәдениет құрастырып, оның жетістіктерін әлемдік мәдениет қазынасына құя білді. Қытайдың бүкіл рухани өміріне әсерін тигізген негізінен үш діни-философиялық және саяси-идеологиялық ілімдер болды, бұлар: даосизм, конфуцийшілдік және легизм. Бұл ілімдер ежелгі қытайлықтардың дүниетанымы мен ойлау ерекшеліктерінде ғана емес, ұлттық мінезі мен ділінде де өзінің орасан зор ізін қалдырды. Даосизм табиғат философиясының метафизикасын, онтологиясын білдірсе, конфуцийшілдік пен легизм адам мен қоғам философиясын білдіреді. Бірақ бұл соңғы екеуі бір-біріне деген қарама-қарсы тұрпатымен сипатталады: адамдардың өзара қарым-қатынасында, олардың қоғаммен және мемлекетпен қатынасында үйлесімдікті сақтау үшін конфуцийшілдік адамгершілікті насихаттаса, ал легизм жазалауды уағыздады. Қытай тарихында әр билеуші әулеттің алмасуы барысында кезектесіп үстемдік еткен бұл ілімдер Қытайдың бүкіл мәдениетіне, оның ішінде, әсіресе білім беру мен тәрбиелеуге де үлкен әсерін тигізді.

Қытайда үлкенге деген құрмет культінің ықпалымен отбасында балалар әкенің еркіне қалай бағынса, бүкіл халық та мемлекетке немесе импе-

раторға солай бағынды. Соған сәйкес мемлекеттік шенеуніктермен қатар, ұстаздарға да құрмет көрсетіліп, оларға сыйласымдықпен және сыйайлықпен қатынасағын. Балалар 6-7 жасынан бастап оқытылады. Ең алдымен тәрбие мәселесіне үлкен көңіл бөлініп, балалардың міндеттері түсіндіріледі. Одан ары үш басты күштің (аспан, жер және адам), жылдың төрт мезгілі және әлемнің төрт шартарабының, бес түпкі элементтің (металл, ағаш, су, от және жер), бес негізгі ізгі қасиеттердің (сүйіспеншілік, әділеттілік, сыйайлық, даналық, шынайылық), нанның бес тегінің (күріш, арпа, маис, сұлы, тары және бидай) жеті құмарлықтың (махаббат, жек көрушілік, ызакорлық, қуаныш, түңілу, тәнқұмарлық, ашу және қорқақтық), сегіз музыкалық нотаның, туыстықтың тоғыз деңгейінің, он арнаулы міндеткерліктердің (император мен министрдің, әке мен баланың, әйел мен еркектің, аға мен інінің, достардың арасындағы) мәні түсіндіріледі.

Қытайдың білім беру мен тәрбие жүйесі бұл жерде ежелден дамып жетілген жазба мәдениетпен, ғылыммен, әдебиет және өнермен тікелей байланысты. Жазу осы күнге дейін сақталып отырған он мыңнан астам таңбаларға негізделген иероглифке негізделді. Қытайлықтардың математика, астрономия және медицина ғылымдарының жеткен жетістіктері, сәулет өнері мен музыка өнеріндегі табыстары, өнертапқыштығы (қағазды, жібекті, оқдәріні, тұсбағдарды және т.б. ең алғаш қытайлықтар ойлап тапты) әлемге әйгілі. Дегенмен гуманитарлық ғылымдардың беделі аса жоғары болғанын мойындау қажет. Ертедегі қытайлықтарда «әрқашан индивидуум емес, қоғам мен мемлекет алдыңғы орында тұрғандықтан, бұл өмір мен тұрмыстың қатаң реттелуі орын алды... мұның арты догматизм мен конформизмге алып келді... төзімділік, мойынсұну, белсенді әрекеттен бас тарту, үлкенге сөзсіз бағыну насихатталды» [1, 92, 99 бет].

Ерте үнді халқының білім мен тәрбиесіне сол қоғамда үстемдік еткен қатаң касталық құрылыс (ол бойынша бүкіл әлеумет төрт топқа: брахмандар – діни абыздар, кшатрийлер - әскери шонжарлар, вайштер – шаруа, қолөнерші бұқара халық, шудралар – еш құқы жоқ құлдар) үлкен әсерін тигізді. Ману заңдарымен бекітілген бұл әлеуметтік құрылыс үнді өркениетінде ұзақ уақыт бойы қатаң сақталды. Білім мен тәрбиенің ең жоғарғы үлгілері алдыңғы үстем екі таптың еншісіне тиесілі болды.

Әлемдегі әрқилы кезеңдердегі әртүрлі өркениеттер мен халықтардағы педагогиканың тарихын терең зерттеген орыс ғалымы Л.Н. Модзалевский ерте үнді қоғамындағы оқыту үдерісі туралы былай дейді: «Қарапайым оқыту оқудан, жазудан және санаудан тұрады... Оқыту кезінде жазу оқумен қабат жүрді және бастапқыда құмның бетінде жүргізілді, бұл әдісті педагогикалық деп атауға болады. Кейін темір қазықпен аплъма жапырағына және ақырында, ерекше сиямен платанның жапырағына жазатын

болды. Оқушылар жазғандарын бір-біріне көрсетеді, үлкендер кішілерден сабақ сұрайды, өзара оқыту болады. Бірақ браминдердің жоғарғы мектептері ерекше қамқорлыққа алынды. Бенарестің, Трициурдың және Нуддеяның оқу мектептерінде екінші және үшінші кастаға жататын эксотериктер (төменгі бөлім) грамматикаға, просодияға және математикаға үйренді, ал үлкен эксотериктер, мұнан өзге поэзияға, тарихқа, философияға, астрономияға, медицинаға және құқыққа үйретілді. Бес жыл бойы оқушы тек тыңдауы керек, содан кейін ғана ол ұстазына өз ойы мен кмәнін айта алды немесе диспутқа қатыса алды. Жоғары каста өкілдері үшін бүкіл оқу курсы 12-ден 20 жылға дейін созылды; барлық бұл уақытта оқушы абыз-ұстаздың қолында болады; әдетте дәулетті тұратын абыз өзінде 6-дан 12-ге дейін оқушы ұстай алады. Оқыту үшін ақы алу ұят іс және заңмен қуғындалады, бірақ әртүрлі сыйлықтар ала алады» [2, 51 бет]. Оқыту мәнері, заң бойынша, төзімді болуы тиіс, тек шектен шыққан жағдайда ғана жазаланады. Ману заңы былай дейді: «Үлгілі оқыту оқытушыға жаман әсер қалдырмауы керек және ізгілікті құрметтейтін ұстаздың аузынан тек тәтті, төзімді сөздер шығуы керек. Егер оқушы жаман қылық жасаса, ұстаз оны бастапқыда қатаң сөзбен, егер қайталанса соғылатынын ескерте алады; егер сол қылық суық ауа райында жасалса, ұстаз баланы суық суды үстіне құйып жазалай алады».

Дегенмен, Қытаймен салыстырғанда, ұстаз бен оқушы арасындағы қатынас әке мен баланың арасындағы қатынастан анағұрлым жоғары болды. Бұл үнділіктердің діни-философиялық әсерінен болуы да мүмкін. Ең ежелгі діни мәтіндердің жинақтары – Ведалардың, оның түсіндірмесі – Упанишадтың беделі өте жоғары болды. Веданың беделін мойындайтын санкхья, йога, ньая, вайшешика, миманса, веданта сияқты танымал ілімдер негізгі дін – индуизмнің философиялық негізін құрады. Мұнан өзге ведалық дүниетанымға қарама қарсы келетін буддизм, джайнизм, локоятта сияқты ағымдар да кеңінен таралды, бірақ олар жапсарлас елдерге жайылғанымен (мысалы буддизм), үнді топырағында тұрақтамады.

Парсылар Қос өзен аңғарындағы Аккад-Вавилон-Ассирия жерлерін басып алып, олардың мәдени мұрасын игеріп қана қоймай, өздерінің төлтума рухани мәдениетімен де ерекшеленді. Олар әлемдегі ең алғашқы монотеистік жүйені дүниеге келтірген халық болып саналады.

Парсы тәрбиесінің биім мұраттары антикалық автор Ксенофонттың «Киропедиясында» көркем тілмен сипатталған. Парсылардың ұлттық тәрбиесі әрбір азаматтың батапқы 24 жасын қамтыды. Жеті жасқа дейін балалардың тәрбиесі шешесінің қолында болды: итті алты айға дейін, баланы жеті жасқа дейін сақта, дейді олардың заңдары. Нәресте дүниеге келісімен, оның аузына бірінші ана сүтін емес, ерекше емдік қасиеті бар хаома (хаомаварға сақтары дегенді еске түсіріңіз) сусынын құяды. Содан

кейін жуындырып, астролог жұлдыздарға қарап, оның тағдыр талайын айқындап, ат қояды. Жеті жасқа дейін баланы ұруға тыйым салынады, жақсы мен жаманды айырудан аулақ ұстайды, тек денесіне зақым келтіруден аман сақтауға тырысады.

Жеті жастан бастап қоғамдық тәрбие басталады. Барлық үлкен қалаларда мемлекеттік оқыту мекемелері болды. Онда балалар өз қатарларымен бірге тәрбиеленіп, ат үстіндегі өнерге, садақ тартуға, өзін өзі ұстауға, әділеттілікке, шыншылдыққа үйренеді. Он және он бес жас арасында діни ілімдерді оқып үйренеді, әртүрлі әдет-ғұрыптардан өтеді де, ақырында Заратустраның заңын сақтауға ант береді. Он бес жасқа толғаннан кейін жасөспірім өзінің отбасылық қатынастарынан толық ажырап, мемлекеттің меншігіне айналады. Жоғары адамгершілік және физикалық жаттығулармен айналыса отырып, соғыс пен аң аулауға дайындалады. Жиырма беске толысымен ол өз мемлекетінің азаматына айналады. Соғыс пен бейбіт өмірдегі барлық жалпымемлекеттік істерге араласады. Бұл міндетті ол елу жасқа дейін атқарады да, сосын өскелең ұрпаққа басшылық жасау мен тәрбиелеу арқылы жалпы игілікке қызмет етеді.

Бұл сипатталған бастапқы өркениет ошақтарында ірі діни жүйелердің ықпалы зор болғаны белгілі: Қытайда – дао және конфуцийшілдік, Үндіде – ведизм немесе индуизм, парсыларда – зороастризм. Осы діни жүйелердің қасиетті кітаптары – Дао де цзин, Веда, Авеста және т.б. қасиетті мәтіндердің, кітаптың беделінің өсуіне әкелді. Бұл білім мен тәрбиеге де өз әсерін тигізіп, сөз әлеуметтік болмысты реттеудің құралына айналды. Зерттеушілер осыған орай, бұл патшалықтар мен мемлекеттік бірлестіктерде абсолюттік биліктің орнығуымен байланыстыра отырып, білім берудің авторитаризмге, ұстаздың билігі мен беделіне негізделетінін айтады. Бұл оқушыларды енжарлыққа әкеліп, оларды итермелейтін күш - танымдық және зерттеушілік мүдде емес, қорқыныш, - деген пікір айтады [3, 284 бет]. Білім беру философиясын арнайы зерттеумен айналысқан отандық ғалым Гүлжан Бейсенова былай дейді: «Оқытудың негізгі құралдары мыналар болды: ғұрыптық-магиялық, жазалаушы (қамшы, қайыс, таяқ) құралдар, емтихандар, түсіндірмелер, жаттап алу. Осылайша, ежелгі мәдениеттердегі білім беру жүйесі өз бойында элитаризмнің, сакральдылықтың элементтерін сақтай отырып, қоғамның әлеуметтік-тарихи дамуын тежеді және көп ұзамай ол жас әрі демократиялық антикалық мәдениеттің мүлдем өзге типімен алмастырылды» [4, 22-23 бет].

Егер Шығыста тылсым күштерге бағына отырып, табиғатпен үйлесімді көнбіс өмір басым болса, антикалық халықтардың рухы бұл күштерді игеруге, табиғи еркіндікке ұмтылды. Әрине, бұларда да бүкіл тәрбие мемлекеттілік пен ұлттықтың ықпалында болса да, гректер адамның индивидуалдық күш-жігерін көркемдік тұрғыда дамытуға ұмтылды, ал римдіктер бұл күштерді іс-әрекет барысында

практикалық түрде қолдануға тырысты.

Гректер бүкіләлемдік оқиғалардың сахнасын Азиядан Еуропаға көшірді және адамзаттың өмірі мен тәрбиесінде жаңа кезең басталды. Ақыл-ойдың сыңаржақтылығы мен шектеулілікке түскен Шығыс дәрежі пұтқа табынушылық пен еңсені езетін деспотизмнің құрбанына айналған тұста ешқандай қысымнан ада дербес өзіндік философиялық дүниетанымды, еркін өнерді, тәуелсіз ғылымды, бұқараның дауысын қоғамдық пікірге дейін көтеріп, демократиялық мемлекеттің үлгісін берді, ақырында білім беру мен тәрбиенің бай элементтерінің дамуына жол ашты.

Гректердің шынайы әрі кемел тәрбиесі көркемдік сипатпен байланысты болды. Грек өз-өзімен және табиғатпен толық үйлесімділікте болуға ұмтылды; сәйкестілік пен сымбаттылық оның бүкіл әрекетіне енді; тұлғаның үйлесімді дамуының барлық әдемілік пен ізгілікке бағытталуы – міне бүкіл грек тәрбиесінің міндеті мен мақсаты осы. Мұндай тәрбиенің мұраты «калокагатия» (грекше калос – сыртқы кейіптің сұлулығы және агатос – жақсы қасиеттер, ішкі ізгіліктер дегенді білдіреді) принципі болды. Бұл сыртқы және ішкі кемелдікті, барлық тән күштері мен қабілеттердің үйлесімді дамуын, сырттай да, іштей де жетілген адам дегенді білдірді.

Грек тәрбиесіндегі алғашқы орындардың бірін гимнастика алады. Гимнастикалық тәрбие адамның тәнін оның жанының толық әрі таза бейнесіндегі ету мақсатында сымбаттылық пен үйлесімділікке жеткізуді мақсат етіп қойды. Гректер гимнастиканы жан мен тәнді бірдей тірілтетін, демек, қоғамдық өмірдің гүденуіне де жеткізетін өнер деп түсінді. Жаттығулар өтетін арнаулы орындар гимназиялар мен палестралар деп аталды. Ең көне әрі қадірлі жаттығу жүгіру болып табылады, оның жылдамдығы мен ұзақтығы ептілік пен төзімділікке жетелейді. Диск лақтыру, оның алыстығы мен биіктігіне қарай иықтың, аяқ ұштарының бұлшық еттерін күшейту көзделді. Биіктік пен ұзындыққа секіру бүкіл дененің беріктілігі мен ықшамдылығына негізделді. Найза лақтыру нық, еркектік қалыпта жүруге, асқақ әрі еркін тұрпатты сақтауға және бүкіл сезімдерді қырағылыққа үйретті. Ақырында күрес адамның күшін де, шыдамдылығын да, шапшаңдығын да, батылдығын да дамытуы тиіс және ол барлық гимнастикалық жаттығулардың үйлесімді қосындысын құрады. «Пентатлон» (бессайыс) деп аталатын бұл бес жаттығу бүкіл гимнастиканың өзегін құрады. Олимпия, Истма, Немея және Дельфы мейрамдарында жеңімпаз атанып, пальма бұтағын, мирта немесе лавр жапырағын жеңіп алу кез-келген жасөспірімнің арманы болды. Тәндік-рухани сұлулыққа жету тәрбиесінің гректер өміріндегі маңыздылығын, қазіргі заманда таңсық көрініп, біржақты түсіндірілетін, олардың мәдениетіндегі педофилия құбылысынан аңғаруға болады.

Гректердегі көркем тәрбие муза-тәңіриялары-



ның қамқорлығында болды және олар кемел сұлулық құдайы Аполлонға бағынды. Олардың түсінігінде құдайлардың өмірі адамдардың тіршілігімен ұқсас болды. Гимнастикамен қатар поэзия, ән-күй мен музыка грек тәрбиесінің келесі сатысы болды. Кейінірек бұлардың қатарына грамматика мен графика ғана емес, өзінің барлық салаларындағы жалпы ғылым да қосылды. Осылайша оқыту рухтың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Жан мен тәннің, гимнастика мен өнердің бірлігін гректердің құдайлар туралы түсінігінен де байқауға болады. Мысалы, олардың ұғымынша, Гермес палестраны да, кифараны да ойлап табушы, Афина соғыстың да, ғылымның да тәңіріясы.

Грек музыкасының айқын әрі жарқын саздары (мелодиясы) сезімнің әдемі қозғалыстарын білдірді, ол ойындарды, әнді және биді сүйемелдеді. Грек музыкасы үйлесімділік пен ырғақ заңдарына негізделді. Үш, төрт және жеті ішекті лира аспабы әрқайсысы өзіндік сипатқа ие фригиялық, дорийлік, иониялық, эолистік және лидиялық әр алуан әуендерді ойнады. Үндестік пен ырғаққа негізделген музыка поэзиялық өнермен де, грек лирикасымен тығыз байланысты болды. Ақын-жыршылар эпостық жырларды, авторлық поэзияны жырлады. Осы тұтастықтан әлемге әйгілі болған грек драматургиясы мен театр өнері дүниеге келді.

Гректердегі бүкіл көркемдік білім берудің толық және ең жетілген үлгісі философия болды. Гимнастика мен музыка барлық өнердің ішіндегі ең биігі саналатын осы философияның дайындығы ғана болатын. Оның мақсаты индивидуалдық өмірді үйлесімді жандандырып, жанның барлық қабілеттерін – сезімін, еркін және танымын келісімге келтіріп, орнықтыру үшін философиялық ойлаудың негізін қалау болатын. Оның үстіне, ойлауды жаттықтыру мен дамыту үшін философияға математика қосылып оқытылатын. Осылайша, грек тәрбиесінің жалпы мақсатына гимнастика мен өнерден басқа философия мен ғылым да енді. Жүздеген грек полистерінде білім беру мен тәрбие үдерісі бір-бірімен ерекшеленгенімен, әсіресе Спарта мен Афины арасында айрықшаланғанымен, жоғарыда сипатталған тәртіп бәріне ортақ болды.

Грек білім беруі мен тәрбиесінде ежелгі грек ақындары мен ойшылдарының еңбегінің маңызы орасан зор болды. Барлық гректерді бірнеше ғасыр бойы өзінің «Илиада және Одиссеясымен» тербеткен олардың ең байырғы ұстазы Гомер болып есептеледі. Бұл эпостық жырлар баланы мектеп табалдырығынан қарсы алып, оны өмір бойы асқақтыққа, ерлікке шабыттандырып өтті. Ал грек философиясындағы ең алғашқы жүйелі ілімдердің бірін, ең алғашқы философиялық мектептің негізін қалаушы Пифагор болып саналады. Бұл мектеп математика мен философияны байланыстыра отырып, пифагоршылдар бұл хаостық дүниеден жанның үйлесімділігін орнықтыруды мақсат тұтты. Олардың жасаған

таңғажайыптары туралы аңыздар Пифагор іліміне мистикалық сарын береді. Дегенмен Грекияда тәрбие мен білім берудегі төңкеріс оның классикалық дәуіріндегі софистердің, Сократтың, Платонның және Аристотельдің философиялық және педагогикалық ілімдерінен кейін жүзеге асты.

Ерте грек заманында дәстүрлі қоғамнан полистік жүйеге өту барысындағы азаматты тәрбиелеу жаңа білім беру жүйесін өмірге әкелді. Бастапқыда «даналыққа құштарлық», кейіннен барлық рационалды білімнің жалпы жиынтығы ретінде қалыптасқан философия басында космологиялық натуралистік сипатта дамыса, сонсоң софистердің және Сократтың ілімдерінде мүлдем өзге мазмұнға ие болды. Дүниетаным антропологиялық даму жолына түсті. Сократтың беделімен көлеңкеде қалып қойса да, «адам барлық нәрсенің өлшемі», - деген принципке сүйенген софистерді білім беру жүйесіндегі «ең алғашқы ұстаздар» қатарына жатқызуға болады. Софистиканы (көрнекті өкілдері Протагор және Горгий), әдетте теориялық тұрғыда тұрлаусыз, ақиқатқа жету жолында шынайылықтың орнына жеке мүддені ойлаушылар деп және тағы басқа күнәлармен айыптайды. Шындығында бұл ілім б.з.д. V ғасырдың екінші жартысындағы Грекия өміріне объективті әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамудың алғышарттарымен келген феномен болып табылады. Софистер өз заманының талабын дұрыс ұғып, оған форма мен дауыс берді. Олар аға ұрпақтың дәстүрлі құндылықтарымен қанағаттанбаған жастардың арасында үлкен табыс пен қолдауға ие болды. Оларды Сократпен қоса «грек ағартушылар» деп те атайды. Софистер дәстүрдің орнына рух еркіндігін жариялап, бұрынғы әлеуметтік кестені бұзып, оның орнына тәрбие мәселесін алдыңғы орынға қойды. Бұл мәдениетті бұрынғыдай тек таңлаушылардың арасында ғана емес, қоғамның барлық қабатына кеңінен енгізуге жағдай жасады. Полистің тар шеңберін кеңейтіп, панэллинистік бастаудың негізін қалады. «Адам – барлық нәрсенің өлшемі» деген Протагор аксиомасындағы релятивизм мен прагматизм Горгий нигилизміне ұласқанымен қатар, сөз өзінің шынайылығынан гөрі нандыру мен сендірудің құралы дегенге саятын теориялық жаңалыққа да әкелді. Сондықтан да ол сол заманда риторика мен иландырудың өнеріне, «мемлекет қайраткерінің қолындағы нағыз штурвалға» айналды.

«Өз-өзінді таны», «ізгілік – бұл білім» деген императивтерімен жақсы таныс, адамзат даналығы тарихының ұлы ойшылы ретінде белгілі Сократ та софистер секілді өзінің басты назарын адам табиғатына аударып қана қоймай, адамның мәні – ақыл-ойға негізделген белсенділік және адамгершілік бағдар ұстанған әрекет ретіндегі оның жаны деген түйінге тоқталып, философия тарихында этикалық рационализмнің негізін қалады. Ол құндылықтардың дәстүрлі жүйесінде төңкеріс жасады деуге болады. Байлық, данқ, билік, денсаулық, сұлулық өз табиға-

тында ешқандай игілікке жаппайды, бірақ олар тек ғылыммен, таныммен және дұрыс пайымдаумен басқарылғанда ғана нағыз игілікке айналады. Сократ бойынша таным игілікті істің, қайырымды қылықтың алғышарты. Сократ сондай-ақ бақыттың жаңа ұғымын қалыптастырды: адам өз бақытының да, бақытсыздығының да ұстасы. Жанды адамның мәні ретінде белгілеуі, танымды нағыз игілік ретінде, өзін-өзі билей» алуды ішкі еркіндік ретінде бағалауы – оның этикасының осы тұжырымдары индивидтің дербестігін жария етті.

Сократтың білім берудегі қолданған тәсілі «ақиқат пікірталаста ашылады» деген принципке сүйенетін сұхбаттық тәсіл екендігі белгілі. Алайда бұл тәсілдің екі қыры болды: біріншісіне жұртшылыққа танымал сократтық ирония (тәлкек) жатады. Бұл үздіксіз сұрақтар мен күрт тұжырымдар арқылы осыған дейінгі ақиқат деп танылған білімнің жалғандығын әшкерелеуді білдіреді. Сократтық тәсілдің жағымды екінші қыры – майевтика. Бұл жекелеген көзқарастардан айқын бірі ұғымға немесе қатаң анықтамасына келетін индукцияға негізделеді. Осы тамаша тәсілдің көмегімен Сократ өз тыңдармандарының жүрегін жаулап алды және оқытудағы катехезистің әкесіне айналды.

Платон өз ұстазы Сократтың философиялық көзқарастарын бір жүйеге келтірді және оның педагогикалық идеяларына да теориялық өңдеу жүргізді. Платон үшін тәрбиеден артық жоғары және құдіретті күш жоқ, өйткені жасөспірім дұрыс және жақсы тәрбиеленсе, өзінің кейінгі бүкіл өмір жолында бақытты болады. «Барлық өзге талаптардың ішінде, - дейді ол, - баларды сақтау мен дамытуды, тәрбие деп аталатынды құрметтеу қажет, өйткені осыншама маңызды істен құр алақан қалмаған әркім, есейген шақта ұстамды қалпында қалып, барлық өзінің міндеттерін орындай алатын болады... Тек тәрбие арқылы барлық мемлекеттік құрылым өзінің дұрыс бастауын таба алады және мейлінше кемелденген тұлғалардан одан өткен кемел адамдар туатындай және тәрбиеленетіндей жолға түседі». Платонның педагогикалық теориясы оның идеялар туралы ілімінен туындайды және ол осы философиялық идеализмнің негізін қалағандықтан да оны Христқа дейінгі алғашқы христиан деп те атайды.

Бастапқыда Платонның Академиясында білім алып, кейіннен онымен араздасып («Платон маған дос, бірақ маған ақиқат қымбатырақ» деген оның сөзі ел аузында мәңгіге қалған), өзінің Ликей философиялық мектебін ұйымдастырған (түсіндіру барысында ерсілі-қарсылы жүретіндіктен бұл мектеп «перипатетиктер мектебі» деп аталды) антикалық ойдың алыбы Аристотель философия тарихында «Ұстаз» деген атпен есте қалды. Оның ұстаздығы осы аталмыш мектепті ұйымдастырғанымен ғана емес, эллиндердің және сол заманға белгі әлемдердің ұлы падишасы Александр Македонскийді тәрбиеленгенімен ғана емес, педагогикалық практиканы терең

теориялық философиялық ілімімен де сипатталады. Энциклопедиялық ақыл-ойдың иесі Аристотельдің тәрбие туралы ілімі оның мемлекеттік теориясынан, эвдемонистік этикалық теориясынан туындайды және Платонның идеализмімен салыстырғанда, өзінің нақтылығымен, эмпиризммен ерекшеленеді.

Эллинизм дәуірінде антикалық білім беру мен тәрбиенің өзіндік әрі озық философиялық үлгілері Эпикурдың «Бак» мектебінде, Зенонның «Стоя» мектебінде және т.б. одан ары дамытылды.

Бұл мектептер бай кітапхана қорымен де, өздерінің ғылыми және мәдени орталық болуымен сипатталды. Аристотельдің шәкірті Александр Македонский Мысырдағы өз атымен талған ірі қала – Александрияда б.з.д. үшінші ғасырда өз заманының аса ірі рухани орталығына айналған Мусейонның негізін қалады. Бұл ерекше «Ғылым ғибадатханасында» дәуірдің ең таңдаулы ғұламалары еңбек етті, ол білім берудің үздік үлгісіне айналды. Мусейонда жалпыға арналған дәрістер өтті, Ойкуменаның бар түкпірінен мыңнан аса оқушылар болды, жүзден аса оқытушылар болды. Оқытылатын пәндердің арасында филология, математика, физика, философия, география, медицина, тарих, музыка кеңінен танымал болды. Мусейонның кітапханасында саны 700 мың данадан асатын кітап (қолжазбалар, орамдар) қоры болды [3, 294-295 бет].

Осылайша ежелгі Грекияда білім беру жүйесі күрделі сипатымен айқындалды, бірнеше білім беру үлгілері болды, олардың ішінде Спарта мен Афина үлгілері өте жарқын болды. Фалес пен Пифагор мектептерінде ежелгі шығыстық мәдениеттердің ықпалы айқын байқалды. Оқытудың сұхбаттық тәсілінің арқасында оқушы оқытушының авторитаризмінен босанып шығып, белсенді шығармашыл тұлғаға айналады. Мұғалімдердің екі типі қалыптасты: ойлау мәдениетіне тегін үйрететін софостар және ақы алып оқытатын софистер. Дегенмен гректердегі білім беру мен тәрбиенің ортақ белгілерін олардағы «пайдейя» ұғымымен белгілеуге болады. Мартин Хайдеггердің анықтауынша, пайдейя бүкіл адамды өзінің мәнінде өзгертуді қалыптастыруды білдіреді. Ал Г.А. Бейсенова бұл ұғымды былайша анықтайды:

«Ежелгі грек «пайдейясы» айқын көрінген әлеуметтік-саяси сипатта болды, оның мұраттары өз бойында жауапкершілік еркіндік пен демократизмнің элементтерін жинақтай отырып, бүкіл қоғамға тарады. Еркіндіктің мұраты педагогикалық идеалда бейнеленді – білім беру қорқыныш пен жазалауға емес, еріктілікке, моральдық, интеллектуалдық және ерікті қасиеттердің тәуелсіз дамуына негізделді. Бірақ мұндай мұрат нақты өмірде бірқатар түзетулерге ұшырады. «Оқытылушы адам» мен «туа бітті білетін адам» арасында айырмашылық болды. Білім берудің демократизмі бұл екі типтің қабілеттер бойынша емес, білімді алу тәсілдерінде болуымен сипатталды» [4, 25 бет].

Гректің білім беру және тәрбие жүйесі римдіктерге де үлкен әсерін тигізді, бірақ римдіктердің ұлттық мінезіне орай, оның өзіндік ерекшеліктері де болды. Осы ерекшелікті Римнің атақты ойшылы әрі шешені, мемлекет және мәдениет қайраткері Цицерон былайша сипаттайды: Гректерде біреулер бар жан-тәнімен – поэзияға, келесілері – геометрияға, үшіншілері музыкаға беріледі, ал өзгелері, мысалы, диалектиктер өздеріне әрекеттің ерекше түрін ашып алады да, өзінің бар уақытын, өзінің бүкіл өмірін өз бойларында адамгершілік пен ізгілік бастауларындағы жасөспірімдік рухты қалыптастыру үшін әрқилы өнерлер мен өнертапқыштықтарға арнайды. Римдіктердің балалры болса, олар кейін отанға пайдалы болу үшін тәрбиеленеді, сондықтан да оларға мемлекеттік игілік түрінде білім беріп, бабалардың ғұрпына үйрету керек. Біз өзіміздің рухымыздың, талантымыздың, ақылымыздың барлық жақсы және басты күштерін кейін оның пайдасына арнауымыз үшін Отанымыз бізге өмір мен тәрбие берді, сондықтан біз мемлекет үшін пайдалы болатын өнерлерді ғана үйренуіміз керек: осыдан ғана мен жоғары даналықты да, жоғары абыройды да көремін». Осылайша, Цицеронның сөзіне қарай отырып, Рим тәрбиесі мен білім беруінің ерекшелігін прагматикалық және патриоттық сипатта болды деп түйіндеуге болады.

Сонымен, қорыта айтқанда, адамзаттың ежелгі дәуірінде – ежелгі шығыс қоғамдары мен батыстық антикалық өркениетте болып өткен мәдени трансформациялардың барысында білім берудің

негізгі нысаны – білім қорытылып шыға бастады. Тәрбиенің архаикалық жүйесінің негізгі нысаны – шеберліктер мен дағдыларды сөздің қазіргі заманғы мағынасында білім деп айтуға келмейді. Архаикалық мәдениетте білім әр алуан формаларды – сакральды білім ретінде, мифтер мен аңыздар формасында, фольклор, ауыз әдебиеті үлгілері түрінде өмір сүріп, қызмет етеді. Олардың барлығы дерлік тәрбие жүйесінің нысаны болып санала бермейді. Грек мәдениетінде білімнің өзі трансформацияға ұшырайды: бұрынғы сакральды-мифологиялық формалар барған сайын өзінің әлеуметтік маңыздылығын жоғалтып, келмеске кетеді де білімнің негізгі формасы ретінде рационалды білім пайда болады. Білімнің осы трансформациясы барысында білім беру де түзіледі.

Бүкіләлемдік тарихтың қабылданған хронологиялық шеңбері де антикалық замандағыдай он екі жүзжылдықтай уақытты қамтып, V-XVII ғасырлардың аралығын қамтиды. Батыс рми империясының құлауымен Батыс Еуропа ұзақ уақыт қараңғылықтың қойнауына енсе, Шығыс тамаша өркениеттің шуағына оранды. Дегенмен екі әлемде де - дін, Шығыста – ислам діні, батыста христиан діні өмірдің барлық салаларында үстемдік етті. Қорыта айтқанда білім беруді философиялық пән ретінде зерттеу, әлемдік мәдениетте өзіндік орын тапқан бағыт. Қазіргі қазақ елінің әлемдік өркениетке өзіндік ерекшелігімен енуге деп жасап жатқан талпыныстарында, білім мен тәрбие мәселесін арнайы философиялық пән дәрежесіне көтеру қажеттіктері қолдауды қажет ететін ұсыныстар деп есептейміз.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Рауан. – 1998. – 127 б.
2. Аманжолов Қ., Рахметов Қ. Түркі халқының тарихы. – Алматы, 1996. – 272 б.
3. Арғанбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы, 1973. – 328 б.
4. Черкасова Д.Т. История древнейшего мира. – М., 1985. – 76 с.

**Бұлдыбай Анарбай Сағиұлы**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,  
ф.ғ.к. anarbay50@mail.ru 87055550274

**Темірболат Алуа Берікбайқызы**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,  
ф.ғ.д. teorialit@list.ru 87017405794

**ШЫҢДА ШЫНЫҚҚАН ДОСТЫҚ  
(Ш.Айтматов және З.Қабдолов)**

*Түйін. Мақалада әлем таныған Ш.Айтматов пен академик З. Қабдоловтың шығармашылық байланысы, өмірдегі достық қарым-қатынасы жан-жақты талданады. Ш. Айтматовтың қазақ әдбиетінен үйренгені қанша мол болса бергені де аз емес. Кезінде ұлы М. Әуезов салған қазақ-қырғыз шығармашылық байланысын оның шәкірттерінің жалғастыруы нақты мысалдармен талданады.*

*Түйін сөздер. ұлттық мәдениет, мақал мен мәтел, ұйқас, қара сөз, әдеби-көркемдеу, тәсіл, оэтикалық құрылыс, жазба әдебиеті, көркем бейне, тарих шындығы, бейнелеу, аңыздық желі, прозалық шығарма.*

*Резюме. В статье анализируются о дружбе З. Кабдолова и Ш. Айтматова. Когда-то М. Ауэзов, который первым из ученых и писателей заметил талант Ш. Айтматова. За это был благодарен киргизский писатель всю жизнь. Это была правда, которой следовал Айтматов в своем творчестве. Мы часто вспоминаем академика Кабдолова и тот случай, когда он так кратко и емко высказал уважение к творчеству своего друга.*

*Ключевые слова: простота, краткость, несложная рифма, научное осмысление деятели культуры контексте исторического времени личность, фундаментальные труды фундаментальный характер. литературно-художественный процесс. академик-писатель. красота слов, стиль литературовед.*

Ежелден туыс, етене жақын, түбі бірге туысқан қырғыз халқының талантты ұлы - заманымыздың көрнекті жазушысы әрі қоғам қайраткері - Ш.Айтматов.

Жазушы шығармашылығы телегей теңіз, ол - жан-жақты, терең байыпты талдауды қажет ететін сан сырлы құпиясы бар ғажап дүние.

Атақты қырғыз қаламгері –Қазақстанның халық жазушысы Шыңғыс Айтматов тек қырғыз әдебиеті ғана емес, қазіргі дүние жүзілік сөз өнерінің күллі азаматтық мазмұнын азаматтық пафосын айрықша асқар биікке көтергені барша жұртқа мәлім.

Дүниежүзілік өркениеттің даму барысының өзі-ақ ұлттық мәдениеттердің маңыздылығы бүгінгі таңда бұрынғыдан да артып отырғандығын және әрбір мәдениет дүниежүзілік дамудың түрлерін өз қажетінде қабылдауымен қатар, жалпы адамзаттық мәдениеттің қалыптасу процесіне өздерінің қомақты үлестерін қосып отырғандығын көрсетіп отыр. Қазіргі дәуірге тән ерекше қасиет – ұлттық мәдениеттердің тұйықтықтан арылып, бір-бірімен байланыстарын жаңа сапалық дәрежеге көтеруі болып табылады.

Шыңғыс Айтматов – ХХ-ғасырдың рухани өмірінде елеулі орын алып үлгерген тұлға. Оның творчествосының қыры мен сыры әр түрлі. Оның арнайы зерттеулерге лайықты проблемалары да көп. Шыңғыс Айтматов туысқан қырғыз халқының басқа халықтармен әдеби және мәдени байланыстарының жолын ашты. Ол өзінің жүрек тебірен-терлік шығармаларымен дүние жүзі халықтарына

қырғыз халқының рухани келбетін, қызық та, қиын тарихын, асқақ арманын жеткізумен қатар, өз халқының дүние жүзі халықтарымен жақындасуының үлкен арнасын салды. Ш.Айтматов қазақ әдебиетінің озық үлгілерін пайдаланып, дамытып қана қойған жоқ, халқымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов шығармаларының бай тәлімін терең түсінді, З. Қабдолов сынды кемеңгердің досы, сырласы ғана емес туысы да бола білді.

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов Шыңғыс Айтматовтың жазушылық алғашқы адымына қуанып: “Әдебиетке өз үлесін қосқан әрбір талантты жазушы халықтық рухани байлығын өлшеусіз молайтады”,- [1] деп ерекше атап көрсеткен еді.

Ш.Айтматовтың М.Әуезовтің рухына бас иіп айтқан мына сөздері, оның М. Әуезовті қаншалықты құрмет тұтқанын дәлелдейді: “У меня есть две национальные святыни, с которыми я еду в другие страны, с которыми я переступаю порог других народов. Это – “Манас” и Мухтар Ауэзов.

Когда меня спрашивают: кто вы такие, казахи и киргизы? Я рассказываю о “Манасе” и Мухтар Ауэзове. Это символы моих народов, и с ними я могу достойно представить себя”.[2. 32]

М.Әуезовтің Ш.Айтматовтың шығармашылық жолында үлкен рөлі болғанын, біз естеліктерден білеміз. Жалпы Ш.Айтматовтың жазушылығына ең алғаш рет сәт сапар тілеп, батасын берген, атын әдебиет әлеміне танытқан қазақтың Ұлы жазушысы еді. Сондықтанда Ш.Айтматов ұлттық символ



“Манастың” қатарына М.Әуезовтің есімін қойып асқан құрметпен атап отыр.

Осындай ағалық жанашырлығына қоса М.Әуезовтің шығармашылық әлемі. З. Қабдоловтың байсалды, байыпты ойлары Ш. Айтматов үшін үлгілі өнеге болғаны да даусыз. Қазақ жазушыларының шығармаларынан психологиялық тереңдік, шеберлік Ш. Айтматов үшін үйрену мектебі болды.

Қазақ халқының көрнекті әдебиеттанушысы, академик З. Қабдолов:

“Өркім өз ұлты хақында ойлайтын шығар-ау: мен, мәселен, достыққа қырғыздай берік халық жер бетінде жоқ, болса да сирек деп ойлаймын. Елуінші жылдардың бас жағында Алматыға Шыңғыс келіп жүрді. Ш. Айтматовтың аты да, атағы да да кейін шықты ғой. Ол кезде “Жәмила” жазылмаған, М. Әуезов оған сәт-сапар тілеп, Арогон оны француз тіліне аударып үлгермеген... өзінің түрін түстеу үшін онша қиын емес: ат жақты, ашаң жүзді ашық ауыздау бір арық бала. Бірақ көзінде ақыл тұнып тұр..” [3, 32] Бұл сөз ғалымның сол кездің өзінде-ақ таланты жоғары бағалағанын, адамзаттың Айтматовы өсіп келе жатқанын көре білгенін байқатады.

Ш. Айтматов - шығармаларында өзінің шығармашылық позициясы мен өмірге көзқарасын жаңа бір биіктен танытып, адамгершілік негіздерін зерттеуде, адамның табиғи қасиетін танытуда шебер жазушы екенін дәлелдеген жазушы. Көркем шығармада аңыздық желіні пайдалану үрдісі бар кезең, бар дәуір әдебиетінде де мол кездесетіні белгілі. Ш. Айтматов - шығармаларына ой жүгіртсек жазба әдебиетінің қалыптасу, даму барысында көркем бейне жасау, өткен тарих шындығын бейнелеу, көріну және аңыздық желіні пайдалану мол екені рас. Осы бір үрдіс өткен ғасырдың алпысыншы жылдары прозалық шығармаларда да молынан ене бастады [4, 416].

Осы бір құбылыс Әбіш Кекілбаевтың «Ханша-Дария хикаясы», «Күй», «Аңыздың ақыры» тәрізді прозалық шығармаларында-ақ көрініс тапқанын, Ш. Айтматовтың «Боранды бекет», «Ақ кеме» шығармаларында «Адам деген кім, ол өмірге неге келіп, неге кетеді, оның болмысының мәні неде»? - деген сияқты философиялық проблемалардан көрінгенін, оны керемет шеберлік деңгейінде шешкенін З. Қабдолов өзінің алғашқы ой-пікірлерінде – ақ дөп басып айтқан еді. [3, 416].

Осы мақсатта Ш. Айтматов және қазақ жазушылары қаламынан туған туындылары арқылы – барлық халықтардың өмір сүруі үшін лайықты, шын мәнінде адамға тән материалдық және рухани жағдай жасау, планетамыздың тіршілік жағдайын қамтамасыз ету, оның байлықтарына ұқыптылықпен қарау екені сөзсіз.

Ш. Айтматовтың шеберлік талантына бас идіріп, жазылу құпиясын білуге асықтыратын шығармаларының бірі — «Қызыл алма» әңгімесі.

1904 жылы алғаш «Известия», содан соң, содан соң «Молодая гвардия» журналында жарияланған, бертінде кинофильм түсірілген бұл әңгіме. жазушы шығармашылығында ерекше дараланады.

Әңгіме оқиғасы адам өміріндегі драмалық ситуацияға құрылған. Оқырманды баурап әкетеді де, кейіпкердің терең ойлана келіп өз білгенің шыңына шығуымен аяқталып, оқырманын таң қалдырады.

Жазушы Ш. Айтматов «Қызыл алманы» орыс тілінде жазған. Қазақ жазушысы З. Қабдолов әңгімені сиясы кеппестен қазақшаға аударғаннан кейін, орыс тіліндегі нұсқасы «Известияда» жарияланып, қазақшасы «Жұлдыз» журналында жарияланады [5, 1296].

Шығарма тағдыры, оның ішінде «Қызыл алма» әңгімесінің жазылу тарихы жайында баға жетпес деректі З. Қабдоловтың «Менің Әуезовім» кітабындағы естеліктен табамыз.

Ш. Айтматов Зейнолла ағаймен кездескенде «Қызыл алма» әңгімесін оған арнағанын айтады. З. Қабдолов күмәндана қарайды ал Ш. Айтматов «Оқушыларға екі ауыз сөз» деп төмендегі арнау сөз жазады:

Бұл әңгімеді З. Қабдоловға арнағаным тегін емес, біріншіден, Зейнолла менің ең жауын достарымның бірі, екіншіден «Қызыл алманы» жазуға Зейнолла себепкер болды, бұл әңгімені жеткерген оның «көз ақысы» бар дей келе оның тарихын айтып береді [4, 1296].

Соны келтіре кетейік: Алматының үстінде, саниаторияда бірге дем алып, әрқайсымыз қаз жазуларымызбен әлек болып жатқанбыз. Бір күні түскі тамаққа десертке деп столға алма қойылды. Маған тиген алма өте көркем қызыл алма екен. Алманы қарап отырып, менің институтта оқыған бір жолдасымның оқиғасы есіме түсті де, мен оны әншейін күлдірмекке Зейноллаға айтып бердім. Сөйтсем «Өй, сен неге күлесің? Бәле, күлетін ештеңе жоқ. Сен бұны жаз, жазуың керек!» — деді Зейнолла. Әрбір кездескен сайын Зейнолла «Қызыл алманы» қашан бересің деп сұрайды. «Қызыл алма» — есімнен кетпей қойды, сен оны ертерек жазсаң, қазақшаға өзім аударар едім деп састырып жүрді. Ақыры тілектес досымның тапсырмасын қолдан келгенше орындап жазғаным осы. Ал мұны айтып отырғаным себебім, кітап оқырмандары шығарма қалай басталды, шығарма қалайша туылады деп көп сұрайды. Оның жолы өте көп, тарау—тарау. Кейде болса, міне достың тілектестігі арқылы шығарма жаралады екен. өзімнің де таным бар... — деп жазады Ш. Айтматов [4, 1206].

Ш. Айтматовтың суреткерлік даралығымен жасалған бұл туынды өмірде шын болған, нақтылы бір адамға қатысты сияқты болып көрінеді.

З. Қабдоловтың да автор «осы шығарманы саған арнаймын» дегенде өздігінен қашқақтауының мәнісі осында. Шынында да, адам табиғаты қолы жетпеген арманына жетуге ұмтылса, немесе орнын

толтыруға әрекет етсе жақсы, ал өткенді аңсап, қазіргісін ескермей, білмей жүре берсе, алыстай келе тағы да қолындағысынан айрылып қалуы мүмкін. Тура осы өмір шындығын, табиғат заңдылығын терең танытатын Ш. Айтматовтың кейіпкері Исабеков алғашқы ғашығын арман еткен бей-жай қалпын серпіп тастап, бауыр еті баласының анасы, тағдыр қосқан қосағы, өз ерін құлай сүйген жары болып табылатын әйілімен табысу арқылы тығырық жолдан шығатын дұрыс шешім қабылдайды.

3. Қабдолов Ш. Айтматов туралы қанаты сөздерінде «Жазушының «Қош, Гүлсары» повесі мен «Боранды Бекет», «Кассандра таңбасы», «Жан пидида» романдарындағы Танабай, Едіге, Андрей Крыльцов, Бостон, Авдий Каллистратов сияқты басты кейіпкерлермен бірге Ш. Айтматов романдарында әйел бейнелері де ерекше дараланады.» - деп үнемі қайталаушы еді [4, 656].

Шыңғыс Айтматовтың «Қош, Гүлсары», «Ботагөз», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет», «Боранды бекет», «Жан пидида» атты повесть, романдарын орысшадан аударды. Осы шығарманың кез-келгенін екі тілде алып оқып отырсаңыз, шығарманың шұрайлы тілмен өте көркем аударылғанын байқайсыз.

Сонымен бірге, қырғыз жазушысы өзінің ұстаз, дос алдындағы бір парызын өтеу ретінде өз еңбегін де аямаған. Сондықтан М. Шаханов «М. Әуезовтің бір кезде идеологиялық жағынан қайшы, кертартпа шығарма деп бағаланып, саясаттың өткір қайшысына түсіп кеткен «Қилы заман» романын тоталитарлық жүйенің тұсында араға үлкен беделіңізді салып, одақтық «Новый мир» журналына жариялаттырып халықпен қайта қауыштырдыңыз. Осы ерен еңбегіңіз үшін де қазақ елінің бұрынғыдан да өзгеше сүйіспеншілігіне бөлендіңіз» деп Ш. Айтматовтың еңбегін айрықша көрсетеді [6, 26].

Жазушының еңбегі өмірдің қиын мәселелерін қарастыруда, ең алдымен, жазушылық шығармашылық жолға бет бұруының өзінің осы еңбекке қажеттілігін сезініп, мойындап, жазуға біржолата ден қоюының себебін білу жеке адам үшін қызықты да, әдебиет туралы ғылым үшін маңызды. Әр жазушының әдебиетке келуінің әр түрлі жолы болады. Бірақ қалай дегенмен де, жазушының қалам ұстауына себеп өзі көргенінен жинақталған әсерлері мен оны шынайы, шырайлы баяндауға деген ішкі сұраныс [3, 436].

Жазушының қарындасы Р. Айтматова да «Шыңғыс қазақ пен қырғызды ешуақытта бөлген емес. Ол екі халықты бір үйдің егіз баласындай көреді. Балалық шағымыздың біразы да қазақ ауылында өтті. Олардың мейір, шапағатын көріп ержеттік. Оның үстіне екі халықтың дәстүр-салты да, тілі де, ділі де ұқсас қой. Тіпті, қазақтың қаны араласпаған қырғыз да сирек шығар. Мысалы, менің туған енем де қазақтың қызы. Ал Шыңғыстың қазақ арасында достары да көп. Ол үшін Мұх-

тар Әуезов, З. Қабдолов ағаларымыздың жөні тіпті бөлек десек те болады. Қазақ ағайындарымыз да Шыңғысты екі елге ортақ тұлға деп таниды» - деп жазады [5,3].

Бұл ретте «Боранды бекет» романының тақырыбының туу процесі ерекше назар аудартады. Бірде жазушы Мәскеуге сапарға шығады. Поезд Қызылорда аумағында жүріп келе жатқанда, радио Байқоңырдан кезекті космос кораблінің ұшырылғанын хабарлайды. Вагон терезесінен ұшы-қиыры көрінбейтін байтақ далаға көз салып, ұзақ ойға түскен жазушы санасында бір оқыс ой қылаң береді: жер шары жерден тыс тұрған бір ақыл ойдан туған космостық белдеумен құрсауланып, басқа әлемнен қол үзіп, оқшауланып қалса не болмақ? Кездейсоқ туған осы ой жазушының тынышын алады, қиялын қозғайды, бала кезінде естіген мәңгүрт туралы аңыз мына ойдың ағысында қайта жаңғырады.

Сондай-ақ суреткердің: «Мен үшін шығарманың ой өзегіне сәйкес келетін мәнерлі де дәл атау табу – әрқашанда азап. Ал көптеген жазушыларға бұл өте жеңіл тиіп жатады. Мен оларға қызығамын» [7, 388]- деген сөздерінен автор үшін шығарманың мағынасын беретін атау табудың маңызы үлкен екенін, ал Ш. Айтматов үшін мұның дүниеге келуі қиын соғатынын көреміз.

Романның тақырыбы және ой өзегін беріп тұрған «Шіре» атауы «Манас» жырынан алынған. Романның ой-өзегі пайда болғанда қайта сәулеленген «Мәңгүрт» хикаясын роман жазарда жазушы түбегейлі қолға алады, бұл жайында суреткердің өзі: «Мәңгүрттік туралы алғашқы деректердің бірі осыдан он ғасыр бұрын жырланып, қырғыз халқының ерлік пен елдік энциклопедиясына айналған «Манас» эпосында кездеседі. Онда бала Манастың тентектігі мен шыдам бермес күшінен қорыққан қалмақтар, оны мәңгүрт етіп жіберейік деп, уәж байласқаны былайша жырланады:

Баланы ұстап алалық,  
Басына шіре салалық,  
Үйге алып барып киналық,  
Алты ағайын қалмақтың,  
Аяқ басын жиналық.

Ш. Айтматов алпысыншы жылдары атакты қария Саяқбай Қаралаевпен мәңгүрт пен шіренің мағынасы туралы сұхбатасқанын айтады. Сонда қария төмендегі аңыз туралы айтып беріпті:

Ертеде, қалмақ пен қырғыз шапқыншылығы тұсында, екі жақ мал-мүлікпен қоса, бір-бірінен құл етіп ұстау үшін, тұтқын алып отырған. Ол тұтқын мал соңында салпақтап жүргенімен, күндердің күні болғанда ебін тауып қашып кетер. Әлдекімдер арқылы еліне хабар беруі де, тіпті тірі жан болған соң ауылдың қыз-қырқынына қырындап қоюы да ғажап емес. Жастай қолға түскен, күш-қуаты толған тұтқын бес жыл, бәлкім, он жыл «логтай» деп қызмет етер. Әрі-беріден соң ол да адам баласы, іштей қарсылығы оянып, қолына қару алып, қарсы кө-

терілуі мүмкін. Сондықтан оның ең тыныш жолы – мәңгірт етіп тастау. Ол үшін тұтқынның шашын тықырлап алып, жас сойылған түйенің мойнағын не сиырдың терісін басына қаптайды. Мұны қырғыздар шіре деп атаған, оған қайыстан тіліп, бау өткізіп, самайдан тарттырып, мықтап байлайды. Сөйтіп, шыжып тұрған күннің астына аяқ- қолын байлап тастайды. Тұтқын сонда екі бірдей азапқа түседі екен. Алдымен, жас тері ыстықтан жиырылып, басын бүріп, сүйегін сындырып жібере жаздаса, екіншіден өскен шаш кептелген теріні тесе алмай, кері қайырылып, құйқасын ине сұққандай етіп бұрғылап, бүкіл жүйке сезімін өлтіреді, яғни еске тұту қабілетін мүлде жойып жібереді. Бір жұма, он күннен соң не өліп қалады, не мәңгіртке айналады. Өлсе – азаптан құтылды, тірі қалса – аты-жөнін, шыққан тегін, бүкіл өткен тыныс-тіршілігін ұмытып, тек өз қожасының айтқанын ғана орындайтын қара күш иесіне айналады... Адам баласы зұлымдықтың төбе шашынды тік тұрғызар бірнеше түрін ойлап шығарған ғой. Тек мына қасіретке тең келері болмас» [6, 121-122б] деп көрсетеді.

Ал, Ш. Айтматов: «Әбіш Кекілбаев інімнің шығармашылығына әрдайым көз қырын сала жүремін. Оның көркем тілі, кең философиялық тынысы ұнайды. Жылы пікір білдірген жағдайым да бар, дей келе өзінің мәңгірт туралы жазған жолдарын мәңгірт деген сөзді жазбай-ақ бұл сөздің мағынасын дәл суреттегенін «Мартовский снег» (1988 ж.) жинағындағы 273, 274-беттеріндегі тақырыпқа қатысты романнан үзінділер беріп дәлелдейді [7.25б].

Жазушы «Боранды бекет» романында мәңгірттік тақырыбын барынша тиянақты, үлкен ыждағаттықпен зерттейді. Ойына өмірден түйгеніне бойлайды, әдебиеттерге сүйенеді, халық әдебиетін қарайды, «Манасты» сүзіп шығады. «Мәңгірт» сөзінің шығу төркінін іздейді, «Шіре» сөзінің этимологиясын зерттейді. Ел аузындағы аңыздарға құлақ түреді. Манасшы С. Қаралаевтың түсінігін тыңдайды. Әлемдегі басқа да мәліметтерді алады. Осы бағаттағы ізденістер нәтижесінде алынған мол мағлұматтар автордың шығармашылық қиялында басқа да деректермен, ұғымдармен тоғысу барысында жаңа сапаға ие болады.

«Боранды бекет» романындағы «Мәңгірттизм» терминінің әлемдік деңгейге көтерілу себебі жазушы шығармасында игерілу, көркемдік шешімге ие болу ерекшелігіне байланысты. Өйткені Ш. Айтматов версиясы «адамзат» басындағы талайлы тағдыр, құлақ кесті құлдықтың трагедиясы...» [6, 3б].

«Боранды бекет» романының тақырыбы, ой-өзегі осылай пайда болады. Жазушының осы ой өзегінің толысуына, пісіп-жетілуіне, ықпал еткен тағы бір жайды айтқан дұрыс. 1984 жылы жазған «Әлемдік тартылыс заңы» атты мақаласында жазушы Альдо Мороның қолды болуы және өл-

тірілуі бүкіл әлемді дүр сілкіндіргеніне, бұл трагедияның өзіне де қатты әсер еткеніне көңіл бөледі. Осы трагедиялық оқиғадан кейін автор қарапайым еңбек адамының мансапқұмарлықтан дүниеқорлықтан, билікқұмарлықтан, көреалмаушылықтан, қатыгездіктен, зұлымдықтан алыс жатқан таза табиғатына, оның адал да әділ, қайырымды да мейірбан, еңбекқор болмысына бұрынғыдан да терең бойлайды, оған бұрынғыдан да үлкен құрметпен, үлкен сүйіспеншілікпен қарайды. Осы ойлар бірте-бірте «Боранды бекеттегі» Едіге бейнесінің жасалуына негіз болады.

Ш. Айтматов өз шығармашылығында тұрмыстың жаңа, дамыған, озық техникалы жағдайына көне отырып, адамның өткен өмірдегі маңызды және тамаша адамдық қасиеттерден айырылып қалмауы керек екендігін, жан дүниенің жарқын, ізгілікті болуы аса маңызды екендігін танытуға тырысады.

Ш. Айтматов өзінің «Ғасырдан да ұзақ күн» романы ел ішінде де, шет мемлекеттерде де бірнеше рет басылып шығарылғанмен, романды аса ыстық қабылдаған оқырмандардың бір де бірі автордың айтпақ болған ойлары көркем туындыда түгел берілмегендігін, сондықтан да көптеген көпшілікпен кездесу жиындарында жазушының жан дүниесі азапқа түсетінін айтады. Шығармаға цензуралық тазалаудан өте алмайтын оқиғаларды енгізбегендігі негізсіз емес еді: «Осы авторлық қанағаттанбаушылық, ойларымды толық жеткізе алмаушылық, қалыптасқан жағдайға және өзіме байланысты көптеген жылдар бойы жинақталған өкпе әйтеуір өз шешімін тапты – мен қиын бір іске бел будым – оқырман әлемінде өзіндік орны бар шығармаға осынша уақыт толғатқан жаңа тарау енгіздім. Мұндай оқиға сирек кездеседі. Бірақ кітаптың тағдыры осылай болды. Жаңа тарау – романға кіріктірілген повесть «Шыңғысханның ақ бұлты». Авторға осынша уақыт азапқа түсуі, ойға алынған тарауды идеологияның қатал көзқарасынан ұзақ уақыт тасада ұстап келуі қаншалықты қымбатқа түскенін оқырман өзі түсінсе екен деймін. Қалай дегенмен де кітап енді толық құрамында. Біршама уақыт шығарманың жаңа басылымдарында кіріктірілген повесть романның бұрынғы «Ғасырдан да ұзақ күн» деген атымен көршілес орналасып, жақшаның ішінде («Шыңғысханның ақ бұлты») деп беріліп отырады. Бұл тақырыпша уақыт өте келе өз мәнін жояды деп ойлаймын» деп шығармашылық сырын ашады [8, 66б].

Ш. Айтматов «Боранды бекет» («Ғасырдан да ұзақ күн») романында өзінің шығармашылық позициясы мен өмірге көзқарасын жаңа бір биіктен танытып, адамгершілік негіздерін зерттеуде, адамның табиғи қасиетін танытуда тағы бір тамаша нәтижеге жетті. «Боранды Бекет» – эстетикалық әсері жоғары әлеуметтік-философиялық шығарма. Себебі, ол Адам деген кім, ол өмірге неге келіп, неге кетеді,

оның болмысының мәні неде деген сияқты философиялық проблемаларды қойып, соны керемет шеберлік деңгейінде шешеді. Жазушы романға адам болмысының аспан мен жердей алшақ екі шегін, екі негізін бірдей салыстырады: адам әлемде және әлем адамда. Адам әлемдік кеңістіктегі дәрменсіз тегершік те емес, әлемдік бүтіндіктегі бөлшек те емес, ол әлеммен тығыз байланыста [9, 126].

Романның бас кейіпкері Едігенің тағдыры арқылы Ш. Айтматов адамзат пен тарихтың ұлы проблемаларын жинақтап көрсетеді. Шығармаға жазылған эпиграф туралы жазушы: «Күдіретке сену дегеніміз – адам баласының өзінің ішкі жан-дүниесіне қайыра бір ашық үңілу. Әрине, біздің үстімізде көрініп тұрған, билеп-төстеп жатқан ерекше бір табиғи күш жоқ. Бірақ, адам баласы осыны ойлап табуы арқылы жан-дүниесінің тазаруына негіз қалаған.

Ш. Айтматов та, Ә. Кекілбаев та шығыс халқының ертегілік сюжетін өз шығармаларында жаңа форма, жаңа көркемдік тәсілмен игерудің мүмкіндіктеріне жол ашады. Олар бірнеше халықтық мифологемдерді синтездеп оларды аналитикалық формада талдап, жаңаша бір мазмұнда баяндап шығады. Мазмұнын бір-екі ауыз сөзбен бітіре салатын аңызды қайта жаңғыртып, оған терең философиялық-әлеуметтік мән-мағына дарытып, адам баласының адамгершілік, моральдық құлықтары туралы мәңгілік ескерткіш соғады. Миф пен аңыздардың тарихи шығарма үшін тұрақты әрі күрделі негіз болып саналатыны көп материалдармен дәлелденеді.

Кейбір туындылардың түгелдей дерлік аңыз-әпсана деректеріне сүйеніп жасалатыны да болады. Соның бір мысалы Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы. Бұл шығарманың танытқыштық және тәрбиелік мәні туралы әдеби сында аз айтылған жоқ.

Алғашқыда «Махаббат мұнарасы» деген атпен жарық көрген, соңыра «Аңыздың ақыры» деген атпен кітап болып басылған роман – осынау тарих пен аңызды «гардероб» ретінде пайдаланудың ең

бір жетілген мықты үлігісі.

Әбіш Кекілбаев шығармалары аңыздың адамзат өмірінде, оның рухани болмысында ұзақ жасайтындығының жанды бір көрінісі деуге болады. Әлем әдебиетіндегі секілді қазақ әдебиетінде аңыз табиғатын жіті түсініп, көркем шығармада шынайы суреттеу әдістері қарапайым әрі табиғи.

Ә. Кекілбаев тарихқа, тарихи оқиғалар сырына терең үңіліп, өмір тәжірибесін философиялық көзқарас тұрғысынан алып қарайды, осылайша саралай отырып, тарихпен сабақтас бүгінгі өмірлік концепсияны көркемдік өлшем, көркемдік ой-арна, көркемдік шешіммен жарқырата көрсетеді.

«Аңыздың ақыры» романындағы: көк мұнара туралы аңыз махаббат мәңгілігінің ғана символы емес, ол талайларды таң қалдырып күдіретті бейнесімен адам жанын екі ұдай сезімге түсіреді.

Атақты жазушы Ә. Кекілбаев журналист Жанболат Аупбаевтың: «Ендігі әңгіме «Күйші» повесіндегі «мәңгірт» сөзі туралы. Мұнда сіз бұл ұғымды көркем әдебиетте бірінші боп айтып, өз шығармаңызда оны бірінші боп қолдандыңыз. Арада 12 жыл өткен соң ол жазушы Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» романының тіні арқылы әлеуметтік философиялық мәнге ие халықаралық лексиконға айналды. Осы арада оқырман менің санамда кейде: «Бұл жөнінде «Күйшінің» авторы не ойлайды? Ал, «Боранды бекет» романының иесі ше? – деген сұрағына:

...Мен шексіз кекшілдіктің шексіз қатыгездікке, ал шексіз қатыгездік рухани мәңгірттікке ұрындыратынын сөз етсем, Шыңғыс Айтматов рухани мәңгірттіктің қайтадан шексіз қатыгездікті тірілтетінін егжей-тегжейледі. Бұл тақырыпты әлі де илей түсетіндей талай қыры бар екеніне қазір көзім қатты жетіп жүр» – деп Ә. Кекілбаев жауап береді.

Ш. Айтматов шығармасының шыңы «Ғасырдан да ұзақ күн» («Боранды Бекет») романында жазушы космос тақырыбын көтеру арқылы адамдардың бейбіт өмір адамдардың бейбіт өмір идеалына ұмтылысының қаншалықты терең екендігін және оған қарсы күштердің де көп екендігін көрсетті.

#### Әдебиеттер

1. XX ғасыр мәдениеті. // Мәдениеттану. Алматы, 2003.
2. Айтматов Ш., Шаханов М. Сырласу қуанышы // Қыз басындағы аңының зары (ғасыр айырығындағы сырласу). Алматы, 1997.
3. Айтматов Ч. Эхо мира. Повесть. Рассказы. Публицистика. Москва, 1985.
4. Айтматов Ч. Вся правда. девять лет спустя // И дальше века длится день. Лицом к лицу: Роман, повесть. Фрунзе, 1991.
5. Құдайбергенова А. Ұлытауға лайық ұлы достық // Қазақ елі. – 2004-21 қаңтар.
6. Айтматов Ч. Өзім және өзгелер жайлы. // Сөзстан // құраст. Б.Сарбалаев. Алматы, 1980.
7. Әбіш Кекілбаевтың журналист Жанболат Аупбаевпен сұхбаты // «Жұлдыз» – 1996. Қаңтар,
8. Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. - Алматы, «Қазығұрт»,
9. Кәрібекова А.Ж. Ш.Айтматовтың шығармашылық лабораториясы // Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация
10. Исмақова С. Ш.Айтматов 70 жаста // Парасат-1998 – №12.



**Мухатаева Қоңыр**

филология ғылымдырының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультеті Баспа ісі және дизайн кафедрасының доценті.  
e-mail tantal.km@mail.ru

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ ДӘУІРЛЕУ КЕЗЕҢДЕРІ**

*Түйін. Мақалада қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу мәселесі, дәуірлеу кезеңдері туралы айтылады. Әдебиет тарихы мәселелерін зерттеуде, қазақ әдебиеті тарихын біртіндеп арғы ғасырларға қарай тереңдеп зерттеу принципін ұстанған зерттеушілер М.Әуезов, Ы.Дүйсенбаев еңбектерімен қоса С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, С.Сейфуллин сынды ғалымдардың зерттеу еңбектері сөз болады. Бүгінгі күнде бұл ғылыми еңбектер, қазақ әдебиетінің дәуірлік кезеңдері туралы құнды зерттеулер - ұлтымыздың игі мұрасы, әдебиет тарихын оқытуда үлкен рухани қазына болып табылады.*

*Резюме. В статье изучается история казахской литературы, а также этапы его развития. Рассматриваются научные труды об истории казахской литературы М.Ауезова, И.Дюсенбаева, а так же научные публикации С.Муканова, К.Жумалиева, Б.Кенжебаева, С.Сейфуллина, которые внесли весомый вклад в создание многотомной истории национальной литературы. В настоящее время эти научные труды, имеют большую ценность для казахской литературы, и в последующем эти труды будут представлять большой интерес для изучения казахской литературы.*

*Summary. History of Kazakh literature, and also stages of his development, is studied in the article. History of Kazakh literature, and also stages of his development, is studied in the article. Scientific works are examined about history of Kazakh literature of S. Mukanov, K. Zhumaliyev, B. Kenzhebeyev, S. Seyfullin's publications, that brought in a ponderable contribution to creation of multivolume history of national. Presently these scientific works, have a large value for Kazakh literature, and in subsequent these labours will present large interest for the study of Kazakh literature.*

Әдебиет тарихын жасау, оның даму, өркендеу жолдарын саралап бағалау – қай мезгілде де дәуір, өмір талабына сәйкес туындап отырады. Әр халықтың өз әдебиеті, өз мәдениеті болатыны даусыз. Бір елдің мәдениеті мен әдебиеті өмір көрінісі ретінде кемеліне келген, баспасы мен театры дамыған болса, енді бір жұрттың, әсіресе, ғасырлар бойы, көшпелі тұрмыс кешкен халықтың өзіне тән суырып салма әдебиеті болды. Сол себепті бұлардың бәрін бір өлшеммен бағалауға болмайтыны да түсінікті. Осыған орай қазақ әдебиетінің даму, жетіле кемелдену кезеңдеріне қайыра көз салсақ, оның үнемі бір қалыпта, белгілі бір жүйемен дамымағанын көреміз. Әдебиеттің әр кезде жетіліп, қалыптасуының әр алуан, әр қилы болатыны да осыдан болса керек. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ әдебиетін халық басынан кешірген әр алуан кезең – дәуірдің бұлтартпас айнасы іспетті деуге болар еді. Еліміз негізінен көшпелі, жартылай көшпелі өмір кешіп келгендіктен, әдебиетіміз де соған орай ауызекі күйде дамып, халық талабын өтеп келді. Бұған әдебиетіміздің кең қанат жайып өркен жайған кезеңіндегі XIX ғасыр әдебиеті айқын дәлел бола алады. Мұның алдындағы “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” дәуірін қамтитын жыраулар поэзиясы басқыншы жауға қарсы ерлік күрестің рухымен суарылып шыңдала түсті. Одан әріге назар салсақ, көне дәуірдегі түркі халықтарының бәріне ортақ бай жазба мұраны, құнды да көркем жәдігерлерді көреміз. Алайда бұл асыл мұраларды игеру Кеңес өкіметі тұсында басталса да, оны кеңі-

нен қамтып зерттеу, әдебиет тарихына жүйелеп енгізу – еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейін ғана кең көлемде іске асып отыр.

Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу мәселесі XX ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ алға қойылған еді. Жаңа құрылып жатқан өкімет өз идеологиясына қажет болғандықтан ұлттық әдебиетті, мәдениет пен өнерді барынша пайдалануға тырысып, жазушылар мен сыншыларды, әдебиетті зерттеушілерді өз жағына шығаруға күш салды. Ол нәтижесіз болған жоқ. Сол тұстағы газеттер мен журналдарда қазақ әдебиеті, оның өткені мен бүгінгі жай-жапсары туралы қызу пікір талас жүрді [1,153-169 б.]; [2,169-185 б.]. Өкінішке қарай, соншама көп мақалалардың ішінде әдебиет тарихының өзіне тікелей қатысы бар проблемалар тиісті дәрежеде көтерілмеді. Тек қана, Мұхтар Әуезовтің 1922-1923 жж. жарық көрген “Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі” атты мақаласы мен 1927 жылы жарияланған “Әдебиет тарихы” атты кітабы әдебиет тарихын жүйелеп, дәуірлеу және зерттеу ісінде алғашқы қарлығаш болды. Мұхтар Омарханұлы әдебиетіміздің ертеден келе жатқан тарихы бар екенін айтады: “Біз ескі әдебиетімізді сүйеміз, сүюіміз дәлелсіз емес. Құрметтейміз, құрметіміз орынсыз емес. Себебі, әдебиетімізде өзге көп жұрттың ауызша әдебиетінде жоқ нәрселер табылып жатыр. Ауызша әдебиет бір заманда жазба әдебиеттің қызметін атқарғандығы білініп отыр. Сол міндетін ұққандықтан ауызша әдебиет өз өрісін кеңейтіп әкеткенін көріп отырмыз” [3,

223-224 б.]. Осы мақаласында жазба әдебиетіне қатысты пікір айтқан авторларға Мұхтар Әуезов былайша жауап берген:

“Бұл күнге шейін, - деп жазады ол, - қазақтың жазба әдебиеті жайынан сөз жазушылардың көбі біздің жазба әдебиетіміздің басы Абайдан басталады деп есептейді. Бұл пікір суретті художественная литература ретінде қарағанда дұрыс болса да, әдебиет тарихының ретімен қарасақ, үлкен адасқандық болады.

Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған. Бұл есепке, көбінесе, дін мақсұтымен жазылған қиссаларды кіргізбесек те, айтыс өлеңдерді кіргізбеуге болмайды” [3,227 б.]. Ұлы Мұхтар Әуезов осы ойын “Әдебиет тарихында” кең түрде дәлелдеген. Ол әдебиет тарихын ауызша әдебиеттен бастайды және “ауызша әдебиет” дегенге фольклор мен ақын-жыраулардың шығармаларын жатқызады. Сөйтіп, әдебиет тарихы деп бүкіл фольклорды және авторлық ауыз әдебиетін зерттейді. Осы жерде ерекше көңіл бөліп айтарлық нәрсе – Мұхтар Әуезов Асан Қайғыдан бастап Абайға дейінгі ақын-жыраулар түгелімен зар заманды жырлаған деп санайды. Бұл қатарда ол кісі Асанды, Бұқарды, Махамбетті, Шортанбайды, Мұратты, Алтынсаринді қарастырады.

Қазақ әдебиетінің тарихына қатысты ойларды Сәкен Сейфуллин де айтқан. Рас, әдебиет тарихын нақты мәселе етіп көтермейді, бірақ ескі әдебиет және одан бертіңгі әдебиет деп жалпылама атап, әдебиет тарихын қандай дәуірлерге бөлуге болатынын меңзейді. “Бұл “қазақ әдебиеті” туралы істеген еңбек екі кітап болып шықпақ. Бірінші кітапқа қазақ атаулы ел арғы ескі заманда, жабайы рушылық дәуіріндегі үстемшілік жүргізген таптың көсемдері мен ру бастықтарының әкімшілігінде жүрген заманнан қалған әдебиет жұрнақтары мен одан бертіңгі орталық замандағы хандар, сұлтандар, билер, байлар, батырлар көсемдік қылған үстем таптық қол астына жүрген дәуірден қалған әдебиет нұсқалары кірді... Бұл өзі екі дәуір болып қаралуға тиіс еді...” [4, 7-8 б.] - деп жазды Сәкен Сейфуллин 1931 жылы. Тұрсынбек Кәкішевтің сөзімен айтар болсақ “Сәкен Октябрь революциясына дейінгі қазақ әдебиетінің жалпы тарихын екі үлкен дәуірге: 1) Билер дәуірі; ... 2) Қазақ елі орыс патшасына бағынған дәуірге бөлген” [5, 445 б.]

Әдебиет тарихына арналған еңбектердің ішінде Сәбит Мұқановтың 1942 жылы жарық көрген “Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер” атты кітабы нақтылығымен ерекшеленеді. Бұл еңбекте өз мағынасындағы әдебиетті қай уақыттан бастау керек, әдебиет тарихы қалай жүйеленіп, дәуірленуге тиіс деген проблемалар сол кезең үшін біршама жүйелі қарастырылған деуге болады. Оның басты себебі мектеп пен жоғары оқу орындарында әдебиет тарихын баяндайтын арнайы оқулықтың болмауы еді. Автор

былай деп жазады: “...1938 жылы Қазақстан Оқу Халық Комиссариаты жасаған, Жоғары дәрежелі мектептерде өтілетін әдебиет тарихының программасын жасау жұмысына қатынасуға тура келді және одан басқа, 1939 жылдан бастап Алматыдағы Қазақ педагогика институтының әдебиет тарихын оқып жүрген аспиранттарын басқаруға тура келді; осылардың бәрі әдебиет тарихының тереңіне қарай тарта түсті, әрбір жаңа адымда алдыңғы жаңа мәселелер кеп туып, оны өз шамаңша шешу керек болды.

Міне, осы жөнмен бірнеше жылдан бері ойлаған, жазған мәселелерден кеп, оқушыға ұсынғалы отырған осы еңбек туып отыр” [6,11-12б.]. Тақырыбынан көрініп тұрғандай, С.Мұқанов өз еңбегін оқулық демеген, ол “очерк” деп атаған. Соған қарамастан бұл кітап – зерттеу екенін айтуымыз керек. Рас, мұнда Сәбит Мұқанов әдебиет тарихын дәуірлеу туралы туралап айтпайды. Оның есесіне ол қарастырып отырған дәуірдегі әдебиетті үлкен үш топқа жіктейді. Бірінші топты “Бостандық күресі” деп атап, оның құрамында “Бұхар Қалқаманұлы”, “Сырым Датұлы туралы”, “Көтібар Берсенұлы туралы”, “Жәңгірханның сарай ақындары”, “Махамбет Өтемісұлы”, “Кенесары-Наурызбай туралы”; “Жанғожа Нұрмағамбетұлы туралы”, “Бекет Серкебай туралы” тараушылар бар. Ал, екінші топты (очеркті) “Зар заман” деп атағанда, оның аясында “Зар заманның жағдайы”, “Шортанбай Қанайұлы”, “Шернияз Жарылғасұлы”, “Мұрат Мөңкеұлы” қарастырылған. Үшінші очеркті “Айтыс туралы” деп атап, оған “Жалпы айтыс туралы”; “Ақын және айтыс”, “Айтыс және шындық”, “Әдет айтысы”, “Жұмбақ айтысы”, “Дін айтысы”, “Біржан мен Сараның айтысы” атты тараушаларды енгізген. Үш очерктің де ұзына бойы тарихи мәліметтер мол, ақындардың шығармалары дәуірімен, авторлардың өмірімен тығыз байланысты қаралады.

Бұл кітапта Сәбит Мұқанов әдебиет мен фольклорды бірлікте алып, оларды біртұтас әдебиет деп таниды, сол себепті ақындардың жеке шығармасымен қатар тарихи тұлғалар мен көтерілістер туралы жырларды талдайды да, олардың авторы жоқ екенін ескере бермейді.

Егер С.Мұқанов әдебиеттің тарихын қай кезден бастайды десек, көзіміз жеткені – ол XVIII ғасырдан бастайды, Бұхар жырауды алға қояды. Ал, XIX ғасырдағы жазба әдебиет өкілдерін сөз қылмайды, мұның себебі, біздіңше, айтылмыш кітап 1 бөлік деп аталуына қарағанда, Шоқан, Ыбырай, Абайлар кейінгі кітапқа қалдырылған сияқты.

Қазақ әдебиетінің тарихы XVIII ғасырдан, Бұхар жыраудан басталады деген тұжырымды Қажым Жұмалиев те қолдаған. Ол былай деп жазады: “Қазақстанның қай облыс, қай өлкесінде болсын шығармалары өз атынан айтылып, өзінің авторлығын толық сақтаған, аңыз-легенда емес, дәл сол кезде өзі болған тарихи адам – бірінші ақын Бұхар

жырау болды. Сондықтан ол кезде тарихи әдебиетіміздің басы саналады. Бұхарға шейінгі әдебиет нұсқаларында Асанқайғы, Сыпыра жыраулардың да аттары аталғанмен, олар тарихи адамнан гөрі легендаға айналып кеткен, тарихта дәл қай кезде болғаны мәлім емес және олар айтыпты-мыс деген толғау сөздер әр жерде әр түрлі айтылуын еске алсақ, олар әдебиет тарихының басы бола алмайды” [7, 244 б.].

Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселесіне байланысты С.Мұқанов пен Қ.Жұмалиев ұстанған шарттан басқа да ой-пікірлер болды. Мәселен, Бейсембай Кенжебаев әдебиет тарихын ежелгі дәуірден бастау қажет деген идея ұсынды. Өз ойын дәлелдеу үшін Б.Кенжебаев француз, орыс, беларус, украина әдебиеттерінің тарихын үлгі етеді, сөйтіп, қазақ әдебиетінің де тарихын Түркі қағанаты дәуірінен бастайды.

“Сонымен, жинақтап айтқанда, - деп жазады ол, - қазақ халқының бұрын-соңды әдебиетінің тарихын былай жүйелеген дұрыс деп білеміз.

I. Бұрынғы әдебиет (V-XV ғасырлар арасы). Қазақ ру-тайпаларының ежелгі ру-ұлыс дәуірлеріндегі әдебиеті. Көбінесе, сол замандардағы түрік ру-тайпаларының бірге жасаған ортақ әдебиет.

II. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет (XV-XVIII ғасырлар арасы). Қазақтың өзіндік әдебиеті.

III. Қазақтың XIX ғасырдағы жаңа, сыншыл реалистік әдебиеті.

IV. Қазақтың XX ғасыр басындағы (1900-1920 жылдардағы) әдебиеті.

V. Қазақ халқының Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі советтік әдебиеті” [8, 15-16 б.]; [8,70].

Алайда, профессор Б.Кенжебаевтың 1955 жылы ұсынған бұл концепциясы көп уақытқа дейін ғылыми ортада қабылданбады. Әрине, оның өзіндік себептері болды. Біріншіден, 1947 жылғы қаулы ғалымдарды терең зерттеп, объективті ой айтқызбады, яғни сол тұстағы қасаң идеология құлашты кең сермеуге мүмкіндік бермеді. Екіншіден, әдебиеттану ғылымының өзі де әлі толық жетіле қоймаған еді. Үшіншіден, деректер қажетті дәрежеде көп болмады. Міне, осының бәрі әдебиетші ғалымдарға тұсау болды. Соған қоса зерттеушілердің көбісі компартияның таптық, интернационалистік қағидаларын қабылдап, өздері де сол ұстанымда болғаны күмәнсіз. Әдебиеттану аясындағы айтыс тіпті 1959 жылы маусымда Мұхтар Әуезовтің басшылығымен өткен “Әдеби мұра және оны зерттеу” атты конференцияда да көрінді. Әдебиет тарихында зерттеу ісіне бұл конференцияның маңызы зор болды. Дей тұрғанмен, конференция 1957 жылғы Қазақстан КП орталық Комитетінің “Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеудің, сын тұрғысынан қарап, пайдаланудың жайы және оларды жақсарту шаралары туралы” деген қаулысының нұсқауларынан шыға

алмады. Онда да қазақ әдебиетінің тарихын XVIII ғасырдан бастау керек деген концепция үстемдік алды. Тек қана Б.Кенжебаев баяндамадан тыс жарыс сөзінде қазақ әдебиетінің тарихын VIII-IX ғасырдан бастау керек деген пікір айтты, бірақ оның бұл ойы конференцияның ұсыныстарына енбеді [8, 295 б.]. Ұсыныстардың “Қазақтың XVIII-XIX-XX ғасырлардағы әдебиетінің тарихын зерттеу жайында” деп аталатын бөлімінде: “Әдеби зерттеулерге сүйене отырып, қазақтың дара ақындық поэзиясы XVIII ғасырдың екінші жартысында туған деуге болады... Тарихи тұрғыдан қарағанда бұл поэзия кейін дамыған жазба әдебиеттің алғашқы бір көрінісі саналуы керек” деп жазылды [8, 371 б.].

Әрине, бұл конференция әдебиеттану ғылымының жандана түсуіне игі ықпал етті. Әдебиет тарихын зерттеу, оны дәуірлеу мәселелері бойынша осы жылдары екі үлкен топ жұмыс істейді. Бірі – академик Қажым Жұмалиев бастаған ғалымдар да, екіншісі – профессор Бейсембай Кенжебаев бастаған зертеуші-ғалымдар болды. Бір-бірімен пікір таластыра жүріп екі топ та қыруар жұмыс атқарады, көптеген деректер жинаған, бұрын белгісіз болып келген ақын жазушыларды, қолжазбалар мен кітаптарды анықтаған. Екі бағыттың да жұмысы жақсы нәтиже берді. Әдебиетіміздің көне заманғы да, бертіңгі мезгілдегі де, жаңа дәуірдегі де тарихы зерттеу объектісіне айналды. Әсіресе, бұл істе профессор Б.Кенжебаев бастаған Қазақ мемлекеттік университетінің зерттеушілері үлкен табысқа жетті. Олар қазақ әдебиетінің тарихын сонау VIII ғасырда көне түркі жазба ескерткіштерінен бастап, орта ғасырдағы, Қазақ хандығы тұсындағы әдеби шығармаларды жүйелі түрде зерттеп, оқулықтар, хрестоматиялар шығарған. Бұл ретте Б.Кенжебаевтың, Х.Сүйінішәлиевтің, М.Жолдасбековтің, М.Мағауиннің, Қ.Сыдиқовтың, А.Қыраубаяның еңбектерін атауға болады. Ал, Қ.Жұмалиев концепциясын ұстанған ғалымдар іргелі зертеулер мен жинақтар шығарды, 6 кітаптан тұратын 3 томдық “Қазақ әдебиетінің тарихын” қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығарды. Бүгінде бұл еңбекке сын айтушылар бар, бірақ олар сол тұстағы, яғни 1960 жылдардағы саяси-қоғамдық жағдайды еске ала бермейді. Біздіңше, өз кезеңі үшін бұл еңбек – өте үлкен табыс болды және әдебиеттану ғылымының әрі қарай дамуына мықты тірек, ғылыми тұрақ болды. Кейінірек, 1982 жылы бұл топтағы ғалымдар XV-XVIII ғасырлар әдебиетінің шығармаларының академиялық басылымын, ал 1983 жылы “Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті” атты ұжымдық монография жариялаған. Еңбекті жазуға қатысқан авторлар: Б.Ақмұқанова, Ә.Дербісәлин, С.Дәуітов, М.Жармұхаметов, Ө.Күмісбаев, Қ.Сыдиқов, Ж.Тілепов, Г.Тұрсынова. Сөйтіп, бұл топ кешеуілдеп болса да әдебиет тарихын XVIII ғасырдан бастауға болмайтынын түсінген еді. Бұлай кешеуілдеудің себебі де жоқ емес еді. Көп уақытқа

дейін Сыпыра мен Асан жыраулар аңыздық тұлға ретінде танылып келді. Оларды нақты қайраткер, ақын деп дәлелдеу үшін тағы да мәліметтер, деректер жинау керек деп есептелді. Белгілі қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші Ысқақ Дүйсенбаевтың да пікірі осы топта болды. Ол өзінің 1974 жылғы “Мұхтар Әуезов” атты кітабындағы “Қазақ әдебиетінің ертедегі тарихын зерттеу” деген мақаласында осыған орай “Қазтуғанды, Асан қайғыны, Сыпыра жырауды Ақтамбердіні, Тәтіқараны, тағы басқаларды әдебиетіміз тарихына жүйелі түрде енгізбек болсақ, әлі де зерттей, қарастыра түсіп, олар жөніндегі деректерді толығырақ жинағанымыз жөн. Әйтпесе шағын үзінділерге сүйеніп пікір айтуға, тұжырым жасауға болмайды... Жоғарыда аталмыш есімдері аңызға айналып үлгірген сол Асан ата, Сыпыра жырау, Шалкиіз, тағы да солар әлпеттес адамдар жөнінде қазір не айтуға мүмкіндігіміз бар. Ойша долбарлап, қиялмен кесіп-пішкеніміз ақиқат-шындықтан алшақ түсіп жүрмей ме? [9,178-179 б] – деп жазды.

Сонымен қатар автор өзінің “Эпос және ақындар мұрасы” атты еңбегінде де жалпы көне мұраны игеру, зерттеуге орай мынадай пікір ұсынады:

“Біз Орта Азия мен Қазақстанға ортақ көне ескерткіштерді өз тілдерімізге аударумен шектелмей, олармен мұқият танысуымыз, мәдениетімізге еткен әсерін айыра білуіміз шарт. Осыған орай “Құда-ку билиг”, “Диуани хикмат”, “Диуани Лұғат-ат түрк”, “Қиссасул Әнбия”, тағы басқалар алуандас бүкіл дүние жүзіне мәлім ескерткіштерді сырттай сөз етуді доғарып, әр қайсысымен жеке және жете танысып, ұлт мәдениетімізге қаншалықты қатысы бар-жоғын айыратын уақыт жетті” [10, 344 б.] - дейді.

Міне, әдебиет тарихын жасау талабы алғаш жеке ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тауып келсе, 1940 жылдардың аяғында бір топ ғалымдар бас құрай отырып, академик М.О.Әуезовтің басшылығымен “Қазақ әдебиеті тарихының” фольклорға арналған бірінші томын жазып жариялады. Бұл әдебиет тарихын зерттеуде үлкен жолдың басы болды десек те болады.

Бүгінгі күнде бұл ғылыми еңбектерді, қазақ әдебиетінің дәуірлеу кезеңдері туралы құнды зерттеулерді ұлтымыздың игі мұрасы, халықтың үлкен рухани қазынасы деп білу керек.

*Әдебиеттер:*

1. Кәкішев Т. 1920 жылдардағы әдеби сын /Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.7. – Алматы, 2004. – 462 б.
2. Ысқақов Д. 1930 жылдардағы әдеби сын /Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.7. – Алматы, 2004.- 462 б.
3. Әуезов М. /Кітапта: Қазақ әдебиетінің тарихы.Т.1. Бірінші кітап. – Алматы, 1960-737 б.
4. Сейфуллин С. Шығармалар. Т.6. – Алматы, 1964. – 455 б.
5. Кәкішев Т. Халық қазынасы./ Қазақ әдебиеті . Т.6. - 455 б.
6. Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. – Алматы, 1942.- 245 б.
7. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы, 1958.-Т.1.- 402 б.
8. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу /Кітапта: Бейсенбай Кенжебаев. Әдебиет белестері. Зерттеулер. Мақалалар. – Алматы, 1986.- 400 б.
9. Дүйсенбаев Ы.Мұхтар Әуезов.Мақалалар, естеліктер. –Алматы: Қазақ ССР Ғылым баспасы,1974. –219 б.
10. Дүйсенбаев Ы.Т. Эпос және ақындар мұрасы. – Алматы, Ғылым,1987.-344 б.



**Сейдімханова Толкын Болатовна**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы,  
tolkyn.seidimhanova@mail.ru, 87013201323

**Болатова Гүлжан Жамбылқызы**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті,  
ф.ғ.д., тел. 87013265055

## ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

*Түйін. Мақалада шашендік сөздерде мақал-мәтелдерді қолдану әдістері сөз болады. Шебер сөйлеу тек жақсы сөйлеу ғана емес, ол сөзді әуезді, көркем етіп айта білу де. Қазақ халқының мақал-мәтелдерін сөйлейтін сөзде қалай пайдалану білу керектігі мақалада жан-жақты талқыланады*

*Түйін сөздер. Шешендік, толғау, мақал мен мәтел, ұйқас, қара сөз, әдеби-көркемдеу, тәсіл, оэтикалық құрылыс, шешендік жұмбақ.*

*Резюме. В статье анализируются простота, краткость, несложная рифма и в то же время емкость казахских пословиц и поговорок. Правильное включение их в речь, делает ее более яркой, выразительной, подчеркивает остроумие и гибкость мышления говорящего. В казахских пословицах и поговорках отражается мудрость народа, его опыт, история, идеалы. Не всегда при переводе пословицы дословно можно правильно понять ее смысл, так как смысл ее может быть заложен в виде метафоры.*

*Ключевые слова: простота, краткость, несложная рифма, пословицы и поговорки, остроумие, гибкость, мышления, мудрость народа, метафоры, обычаи и традиции народа, наблюдательность и остроумие, различная тематика.*

Шешендік толғаудың ерекше бір үлгісі - мақал мен мәтел. Қазақ халық мақал-мәтелдері ертеке, аңыз, әңгіме, батырлық, ғашықтық жырлар, қара өлеңдер секілді халық туындыларымен қанаттас бірге жасап келеді. Олай дейтініміз У-ХІ ғасырлардан сақталған сирек жазбаларда мақал-мәтелді мол кездестіруге болады. Мысалы: Орхон Енисей жазбасында «Жарық болса сыйлық берер, жақын болса жақсы сыйлық берер», Күлтегінде: «Бастыны еңкейткен, тізеліні бүктірген», Тоныкөкте: «Өлімнен ұят күшті», «Жұқаны тарылту оңай, жіңішкені ұзу оңай», - деген тәрізді мақал-мәтелдерге кездесеміз. Ал, ХІ ғасырдағы М.Қашқаридың «Дивани-лұғат-ат-түрік» деген еңбегінде «Ұлық болсаң, кішік бол, халық үшін бөлек бол», «Кісі аласы ішінде, жылқы аласы сыртында», «Тай ат болса-ат тынар, ұл ер болса-ата тынар», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде»: «Біліп сөйлеген білікке саналар, білімсіз сөз өз басын жояр», «Ауыздан бірде от, бірде су шығар, бірі жанса, бірі сөндірер», - деп келеді.

Мақал мен мәтел-егіз жанр, алайда оларды бір жанр деп қараған дұрысырақ болар. Әрине, мағанасы, құрылысы, атқаратын қызметіне

бойлап қарасақ, белгілі бір айырмашылықтар жоқ емес. Мақал аяқталған ойды білдіреді, өз алдына мағынаға ие болады. Мысалы: «Тол-масқа құйма, тоймасқа берме». Мәтел дер-бес тұрып жинақталған ойды бере алмайды, тек бір ойды мегзеп, айқындайды. Мысалы: «Көрегеннен көз ақы алған», «Аяз әліңді біл» т.б Белгілі этнограф жазушы В.И.Даль «Пословицы русского народа» еңбегінде: «Мәтел-халық сөзімен айтқанда, гүл, ал мақал-жидек», - (1.53) дейді, ал ғалым М.А.Рыбников «Русские пословицы и поговорки» деген еңбегінде «Мәтел-бұл сөз оралымы қалыптаспаған сөйлеу, пікірдің элементі. Мақал-аяқталған пікір, біткен ой», - деп түйіндейді. Көлемі шағын, халық тұрмысын, кәсібін, ой парасатын, дүниеге көз қарасын көрсететін поэтикалық жанрды мақал деп қараймыз.

Қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры – шешендік өнер. Халқымыздың даналығының үлгісі шешендік сөздер – ғасырлар бойы халық сынынан ерекшеленіп өткен құнды мұра, асыл қазына. Халық шешендікті сөз өнерінің биік сатысы ретінде жоғары бағалайды. Бір кездері ел ішінде болатын сан түрлі талас-тартыстың бәрі де халықтың жол-жоралғысын алға тарта

отырып айтқан шешен-билердің аталы сөздері, әділ биліктері арқылы шешіліп отырады. Сондықтан қара қылды қақ жаратын әділ шешен-билерді халық қадірлеп, сыйлайды. Олардың табан астында тауып айтатын үлгі сөздерін жадында сақтап, ауызша таратқан. Кейіннен сан ұрпақтың елеп-екшеуінен өтіп бізге жеткені белгілі.

Сөйлеудің белгілі бір нормалық моделіне сүйенуі, халыққа етене жақын мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді тірек сөз етуі шешендік сөздерді өміршең етті. Ол халықтың қоғамдық өміріне, саяси-әлеуметтік жағдайына байланысты дамып, кемелденіп отырды. Шешендік сөздерде көркемдеуші құралдардың жүйеленіп қалыптасуы – жекелеген сөз шеберлерінің, сөйлеуші шешендердің қызметінің нәтижесі.

Шешендік сөздер – әдеби тіліміздің сөздік қоры, сарқылмас көзі. Демек, шешендік нұсқалар – ауыз әдебиетінің басқа салаларымен бірге қазіргі қолданылып жүрген әдеби тіліміздің үлгісі, ұйытқысы. Оны зерттеп білу, оқып-үйрену тіліміздің байлығын, сөйлем құрылысын, дұрыс сөйлеу ережесін меңгеруімізге, әдеби тіліміздің дамып, ой-өрісіміздің кеңеюіне негіз болған.

Шешендік өнердің ғылым ретінде қалыптасып дамуы туралы түсінік беру, шешендік сөздердегі көркемдік-бейнелік құралдарға мән беріп, ондағы құбылтудың түрлеріне жан-жақты сипаттама беру, шешенді сөздердегі айтылар ойды толығымен ашу диплом жұмысының өзекті мәселесі болып табылады.

Шешендік өнер ғылымының тарихына назар аударғанда алдымен шығыстың ұлы ғұламасы Әбу Насыр әл-Фарабидің (870-950) есімін айтқан орынды. Оның «Риторика» атты трактатында шешендік өнер хақында ғылыми-теориялық тұжырымдар айтылады. Шешен де шебер сөйлеудің қыр-сырын түсіндіреді. Пікірдің екі түрлі әдіспен қорытылатынын: не анық дәлелдеме арқылы, не иландыру арқылы болатынын айқындайды.

Қазақ қоғамындағы билік пен шешендік жайында мәнді пікір айтқан оқымысты – Ш.Уәлиханов (1835-1865). Ол өзінің «Ежелгі халықтық үлгідегі билер соты» деген мақаласында би-шешен атанудың екі түрлі шартын атап көрсетеді. Ғалым: «Қазақтарда құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітуімен емес, тек сот рәсімін те-

рең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген. Би аталу үшін қазақ халық алдында әлденеше сайысқа түсіп, өзінің заң жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған. Мұндай адамдардың есімі желдей есіп, әлейім жұртқа таралып, біріне емес, бәріне де танылған»- дейді.

Бұған қарағанда, халықтың әдет-ғұрып салтын жақсы біліп, көп алдында өзінің ойға ұшқыр, сөзге шешендігін көрсете алған адамға ғана би атағы берілмек. Халық шешендікті жоғары бағалаған. Шешен болмаса, би де бола алмаған.

Шешендік сөздерді алғаш зерттеушілердің бірі – М.Әуезов. "Қазақ әдебиеті тарихы" (1927 ж.) еңбегінде "Билер айтысы" деген арнаулы тақырыппен шешендік сөздердің кейбір түрлеріне мысалдар келтіреді. Ауыз әдебиетінде алатын орны мен халықтық сипатына дәлелді ғылыми тұжырымдама береді.

Шешендік өнерге ерте замандардан-ақ үлкен мән берілген. Ежелгі грек, рим елдерінде шешендік өнерді "риторика" деген атпен жеке пән ретінде оқыған. Дүние жүзіне әйгілі ерте заман шешендері Пратогор, Демосфен, Цицерон, Квинтилиан сияқты өз заманының мемлекет қайраткерлері, ел аузына қараған ойшылдары болған. "Риторика" ғылымы өнердің падишасы ретінде ерекше бағаланған. М.В.Ломоносовтың 1748 жылы басылып шыққан "Шешендікке қысқаша басшылық" атты еңбегі бұл өнердің Ресейде дамып, қалыптасуына түрткі болды.

Қазақтың шешендік сөз тарихы Майқы би мен Аяз билерден басталып (XII-XIII ғғ.), Жиренше шешен, Асан қайғы (XIV-XV ғғ.) есімдерімен қатысты қалыптасып, өркендей түсті.

Шалғез, Бұхар (XV-XVIII ғғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекелерге жалғасты. Шешендік өнерінің кеңінен дамып биіктеген кезеңі – XV-XVIII ғғ. Бұл кез қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдары еді.

Шешендік сөздердің алғашқы үлгілерін халық ауыз әдебиеті туындыларынан, ертегі, аңыз әңгімелерден, өлең-жыр, дастандардан ұшыратамыз. Осы сөз өнерінің кең қанат жайып, орнығып дамуында тапқырлық пен шешендіктің тамаша нұсқалары – жыраулар толғаулары, айтыстар мен мақал-мәтелдердің орны ерекше. Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары

жоғары бағалады. Шешендік сөздер нұсқаларын академик В.В.Радлов (XIX ғ.) зерттеп жинаған болатын. Ол: "Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласын", – деп көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған.

Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр логикаға құрылады.

Халық мақалдарында: "Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді", "Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ", "Қылыш жарасы бітеді, тіл жарасы бітпейді", "Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды", – деп сөзді айтушыға да, оған құлақ қоюшыға да биік талап қойған. Демек, шешеннің ең негізгі құралы – сөз. Ол тындаушының жүрегіне жетіп, ерекше сезімге бөлеген.

Сөз туралы Бөлтiрiк шешен: "Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзiңдi тiлiңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзiңдi ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт, кiмге, қай жерде, қай кезде, қалай сөйлейтiңдi бiл", – деп толғайды. Бұлар – "Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін, жауласқан елдің арасына бітім айтатын, күлгенді жылатып, жылағанды жұбата алатын даналық сөздер иесі". Мұндай сөз білетін, жөн білетін адамға ел ісіне араласуға, халық атынан сөйлеуге құқық берілген. Шешендік өнер — көрген-білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп ізденудің арқасында талай айтыс-тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы жетілетін өнер.

Шешендік өнердің қиындығы туралы Бұқар жырау:

Көш бастау қиын емес,

Қонатын жерде су бар.

Қол бастау қиын емес –

Шабатын жерде жау бар.

Шаршы топта сөз бастау қиын,–

Шешімін таппас дау бар, –

деп дұрыс аңғартады.

Нағыз шешен үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз. Табанда тауып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, мүдірмей сөз бастайтын батыл, сөз сайысында саспайтын сабырлы болуы қажет.

Шешендік сөз ақындар айтысы сияқты сөз тартысы дау үстінде, ел тағдыры талқыланған

ұлы жиын кеңес кезінде, оңаша ой толғау не сұхбат, әңгіме-дүкен барысында арнау, сәлем, өсиет түрінде де өмірге келген.

Шешендік сөздер көбінесе түсінік сөзден басталады. Түсінік сөзде айтылмыш шешендік сөздің немен байланысты, қандай жағдайда туғандығы мен кім айтқандығы баяндалады.

Шешендік сөздің, айтылар ойдың негізі – мазмұн. Сөз нақтылы, нені айтса да сендіретіндей, иландырып қарсыласын мойындататындай дәлелді айтылған.

Жазба әдебиетіміз дамыған кейінгі дәуірде шешендік сөздер саптан шыққан жоқ. Заманға сай жаңа мазмұн, жарасымды тұр тапқан шешендік сөз нұсқалары көбейді.

Шешендік сөздің шыны – айтыс. Мұнда ауыз әдебиетіне тән барша қасиеттер тоғысқан.

Шешендік сөздер мән-мағынасының тереңдігімен ғана емес, сондай-ақ тақырыбының кеңдігімен де ерекшеленеді.

Шешендер сөзі – халқымыздың тілдік қазынасы. Ол көркем әдебиетіміздің қалыптасып дамуына белгілі дәрежеде үлес қосқан ақын-жыраулардың арнау, толғау сөздеріне ұқсас болып келеді.

Ертеден-ақ, халқымыздың өзіндік басқару жүйесі болды. Ел қамын жеген ерлері, сөзін сөйлеген, әділін айтқан шешендері, білімпаз билері болды. Би – халықтың көкейіндегісін айтқан, ойын жарыққа шығарған әділет жоқшысы. Қазақтың атақты билері Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекеден қалған сөз дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес.

Ш.Уәлихановтың: "Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған өкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болған. Би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған", – деген сөздерінен би – халықтың көкейіндегісін айтқан, жарыққа шығарған әділет жоқшысы екенін танитымыз.

Сөйлеу мәдениетінің ерекше белгісі – сөздің дұрыстығы мен дәлдігі. Ол – анық, айқын ойлаудан, биік дүниетанымнан туады. А.Байтұрсыновша айтқанда, «Сөйлемдерді

бір-бірімен дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру шарт.

Қазақтың мақал-мәтелдерін поэтикалық құрылысына қарай: қара сөзді және өлең сөзді деп екі жікке бөлуге болады. Қара сөзді мақал мәтелдер әдетте кемі екі сөзден тұрады, ішкі ұйқасты негізге алады. Сөйлемдер бірыңғай көркем сөзден құралады.

Мысалы: Жақсы ат жанға серік; «Ер шекіспей бекіспейді; Күшіңе сенбе ісіңе сен; Шыдағанға шыдаған; Сезікті секіреді; Ел құлағы елу» т.б.

Мақал-мәтелдердің көбі өлең сөзге құралған, себебі жоғарыдағы мақал-мәтелдердің өзін (қара сөзді) бір тармақ деп қарауға болар еді. Алайда, өлең деп аталу үшін кемі екі тармақ болуы шарт. Жалпы өлең сөзді мақал-мәтелдерді екі тармақты, үш тармақты, төрт тармақты, көп тармақты деп қараймыз. Қос тармақты мақалдар: Мысалы:

Еттің бәрі қазы емес,  
Иттің бәрі тазы емес.

немесе:

Жаңылмас жақ болмайды,  
Сүрінбес тұяқ болмайды.

Үш тармақты мақалдар: Мысалы:

Ел күйінгенде күйінген батыр,  
Ел сүйінгенде сүйінген батыр,  
Ерегісте мыңға татыр, болмаса.

немесе:

Болат қанға тоқтады,  
Тентек көпке тоқтады,  
Жомарт жоққа тоқтады.

Төрт тармақты мақалдар: Мысалы:

Тауда туған құлынның,  
Екі көзі таста болар.

Ашаршылықта туған баланың,  
Екі көзі аста болар.

немесе:

Жетімшілік көп көрген,  
Үш шақыртпай «ә» демес.

Ашаршылық көп көрген,  
Өзі тоймай «мә» демес. [2. 231 ]

Мақал-мәтелдер өлең тектес болғандықтан да олар белгілі бір ұйқасқа құралады. Ұйқас өлең сөзді мақалдардың негізгі қасиеті. Мына бір мақал-мәтел тектес шешендік сөздер алғаш шалыс ұйқасқа, сонан соң кезекті ұйқасқа, соңында қара өлең ұйқасына құрылған. Айталық:

Жаман сайға су түссе,  
Өткел бермес көшуге.  
Жаман кісіге мал бітсе,

Сусын бермес ішуге.

Сондай-ақ мақал-мәтелдерде әдеби-көркемдеу тәсілдері де сан алуан қолданылып отырады. Мысалы:

Шешенің судай төгілген,  
Тыңдаушың бордай егілген.

Көлден кетсе жалғыз мұң,  
Елден кетсе жалғыз мұң. [2. 321 ]

«Іштен шықан шұбар жылан», не «Тұяқты тұяқ жібермейді», немесе «Көз-қорқақ, қол батыр». Енді бір мақал-мәтелдерде батырлар жырындағыдай әсірелеу кездеседі.

Мысалы: «Қылауын тапса қар жауар», «Көп түкірсе-көл», «Сырдың суы сирағынан келмейді» т.б.

Бұларда айрықша көзге ұратын басындағы қайталау және аяғындағы қайталау. Мысалы:

Көп көрген нұсқа,  
Көп істеген ұста.  
Тау тасымен көрікті,  
Табак асымен көрікті.

Мақал-мәтелдерден және бір байқағанымыз, онда бір-бірімен қарама-қарсы сөздердің жиі пайдалануы:

Дос жылатып айтады,  
Дұшпан күлдіріп айтады.  
Көрдім деген» көп сөз,  
Көрмедім» деген бір сөз.

Тағы бір айтарымыз, мақал мен мәтелдерде ассонанс пен аллитерациялардың молдығы. Мысалы:

Жаман атқа жал бітсе,  
Жанын торсық байлатпас.  
Жаман адамға мал бітпес,  
Жанына қоңсы қондырмас. [2. 431 ]

Сонымен, мақал-мәтел халықтың сан ғасырлық көрген, білгенінен, бастан кешкенінен қорытқан ақыл-ой жиынтығы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, әрі шешендік өнердің шағын туындысы.

Қазақ әрқашан тұспалдап, меңзеп сөйлеуді сүйетін халық. Сонау жаугершілік заманда қазақ еліне келген елшіні біреулер «құртайық» десе, екіншілері «босатайық» десіп, ақыры Төле, Қазыбек, Әйтеке тұжырымына қол қойыпты. Төбе басына келген үшеудің көз алдында бір топ қаз көлге келіп қоныпты. Сонда Төле би тұспалдап, жұмбақтап:

- Мына көлдің алар ма еді қазын атып, - дейді.

- Оғың шығын болмасын жазым атып,  
- дейді Әйтеке.

- Құтылмастай пәлеге қалып жүрмейік,



- Қаз екен деп, перінің қызын атып,-  
дейді Қазыбек.

Осымен сөз бітіп, елшіге тимей, еліне қайтарылады. Тағы бір мысал: Наурыз деген байддың бір жақсы келіні болыпты. Келіннің күйеуі арық, қызғаншақ, нашар адам екен. Сонда келіп отырған Адай Тоқан деген кісі келіншекпен тұспалдай, әзілдей жұмбақтасып:

Мәністің де мәнісі бар,  
Мәніссіздің мәністінде не ісі бар?  
Біреулер құландынға қу ілдіреді,  
Соның қандай әдісі бар?

- дегенде оған Дәрі деген әлгі келіншек былай жауап қатыпты:

- Иә, мәністің де мәнісі бар,  
Мәніссіздің мәністімен не ісі бар?  
Құландының бағуы табылып бабына келсе,  
Қу түгіл құлан ілетін дәмесі бар.

Сонда Тоқан:

- Құландын қу асық,  
Қу суға асық.  
Ал, балалар, ат әкел,  
Ауыз жырттар құр қасық, - [2. 112 ]  
деп аттанып кетіпті.

Белгілі Сырым шешен бір қызы бар үйде отырып, қызды сынау үшін жұмбақтай:

Мынау үйдің міні жоқ, бірақ шаңырағы шалқақ екен, - депті.

Сонда қыз өзі туралы тұспалды түсініп:

Шаңырағы шалқақ болғанмен, түтіні түзу шығады, - депті. Қыздың ақылдығына риза болған Сырым осы қызға үйленген екен. Болмаса, мынаған көңіл қойып көрейікші. Ертеде қыз бен әкесі жолаушылап келе жатып жол сұрауға бір қойшыға бұрылыпты. Қойшы жол көрсеткен соң:

- Бәрекелді, қыздың мінген жорғасына,

Бұл қызды ерткен жігіт жолы болмасын ба? – дейді.

Сонда қыз атының басын тежеп:

Есі кеткен есер қойшы,  
Менің шешемнің шешесі,  
Бұл жігіттің қайын енесі,

Сонда біздер несі? - дегенде әкесі мен қызын шатыстырып әзілдеген қойшы ұялып қалыпты. Осындай жұмбақтай тұспалдауды, не тосын сұраққа табанда сөзбе-сөз жауап қайтаруды шешендік жауаптасу дейміз. Бұған Сырым шешеннің сөзінен біраз мысал келтіруге болады.

Сырым бір жылы орта жүзге барғанда сол елдің жас биі бірнеше сұрақ қояды, сонда Сырым оған былай деп жауап береді:

- Сіз ағайынды нешеуісіз?

- Мен ағайынды екеумін.

Сізді Даттан ағайынды он бір деп естуші едік. Менің Даттан ағайынды он бір екенім рас, бірақ олардың маған қажеті қанша? Менің ағайынды екеумін дейтінім, біреуі-өзім, екіншісі-халқым еді.

- Өтірік пен шынның арасы неше шақырым?

-Өтірік пен шынның арасы төрт елі. Көзбен көрген шын, құлақпен естіген өтірік, - дейді Сырым.

- Ат не үшін шабады?

- Ер не үшін шабады?

- Ат шабысына қарай шабады.

- Ер намысына қарай шабады.

Болмаса, бірде хан Сырымның баласы Қазыны тұтқынға алып: «Бес сұрақ беремін, соған жауап берсең босатамын», - дейді.

Қатын деген не?

Бала деген не?

Қыз деген не?

Мал деген не?

Инабат деген не?

Сонда Қазы іркілместен былай жауап беріпті:

- Қатын тұрақ емес пе,

Бала шырақ емес пе,

Қыз өріс емес пе,

Мал көріс емес пе,

Инабат ердің азығы емес пе,

Инабатты ер елдің азығы емес пе.

Енді бірде Сырымнан:

- Саудагер мұраты не?

Дау мұраты не?

Жол мұраты не?

Қыз мұраты не? –

деп сұрапты. Сонда Сырым:

Саудагер мұраты - ұту,

Дау мұраты - біту,

Жол мұраты - жету,

Қыз мұраты - кету, - деген екен.

Орта жүз Қаржас Шорманның баласы Мұса көп кісімен Қанжығалы Саққұлақ шешенге амандасқалы келе жатып, жанындағы көпшіліктен бес ауыз жұмбақ сұрайды:

Ағат деген немене?

Сағат деген немене?

Қанат деген немене?

Бұл жұмбақтардың шешуін қасында еріп келе жатқандар таба алмай

- Мырза, біз жұмбағыңыздың шешуін таба алмадық, өзіңіз шешіп беріңіз,-дейді.Сонда

Мұса мырза:

-Арғының ағасына бара жатырмыз ғой,  
мұны сол кісіге шештірейік, -дейді. Келген  
соң Мұса жұмбақты Саққұлаққа айтады.

Екі кісі ұрысса,  
Ағат емей, немене!  
Екі жақсы сөйлесе,  
Сағат емей, немене!  
Мінген атың болдырмай,  
Мәрелі жерге жеткізсе,  
Қанат емей, немене!

Жаның емей немене! - деп тоқталмастан  
шешіп беріпті. Жұмбақтау сөз арқылы ғана  
емес, ымдау, құралдар пайдалану арқылы да  
жүзеге асып отырған. Мұндай жұмбақтау ше-  
шендік сөздің нағыз шыңы деген абзал. Бұл  
сөз арқылы берілмейді. Тек ыммен берілген-  
діктен, кез келген шешен, болмаса алғыр ойлы  
адамның өзінің шешуі оңай дүние болмаса  
керек. Осы бір шешендік жұмбақты әлі күнге  
дейін еш зерттеуші сөз еткен жоқ.

*Әдебиеттер:*

1. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері. Алматы, 2008. – 453 бет
2. Шешендік сөздер. Алматы, 2001. -325 бет
3. Төреқұлов Н. Қазақтың 500 би- шешені. Алматы, 2009. – 459 бет.
4. Қазақтың шешендік сөздері Алматы, Жазушы, 2011. – 364 бет
5. Бұлдыбай А.С. Шешендік сөздер. Алматы, Қазақ университеті, 2005. 214 бет

Садықов Сейдулла

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.  
E-mail: Sadykov.51@mail.ru

### ҰЛТТЫҚ ИДЕНТИФИКАЦИЯЛАНУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ КЕҢЕСТІК «ТОҚЫРАУ» ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІНДЕ

*Түйін. Кеңестік дәуірде Қазақстанның демографиялық саясатты реттеп отыруға, еңбек ресурстарын бөлуге қатысуға, тіл саясатында дербестікке қол жеткізуге мүмкіндігі болмады. Интернационалдық тәрбие ұлттық тәрбиені ауыстырды. Идеологиялық жұмыста ұлттық бастауларды теріске шығару интернационализмге келіп сайды, ал ұлттық сана-сезім, ұлттық өзіндік ерекшелік көріністері мен этникалық жаңғырудың өзекті мәселелері ұлтшылық ретінде бағаланды.*

*Бұлардың бәрі де Қазақстан баспасөзі үшін басты ұстанымға айналды, ұлттық тақырып мәселесі қозғалғанда ол міндетті түрде интернационализм идеяларының салтанаты ретінде ұсынылды. Редакциялар коммунистік идеология шеңберіндегі ғана фактілерді жазды.*

*Түйін сөздер: әміршілдік-әкімшілдік жүйе, интернационалдық тәрбие, ұлтаралық қатынас, Қазақстан баспасөзі, насихат, кеңес халқы, социалистік қоғам.*

*Summary. Problems of national identification in the Kazakhstan press during the period of soviet "stagnation". Kazakhstan did not actually have a possibility to regulate the demographic policy of the republic, to participate in the distribution of labor resources, to be independent in the language policy. International policy was countered with the policy of national development, thereby international character building substituted national one. In the ideological activity the negation of national origin was interpreted as internationalism, and the demonstration of national self-consciousness, national originality and setting vital questions of ethnic revival was considered as nationalism.*

*All this was the directive for Kazakhstan press, which developing national subject, invariably presented it as the celebrations of the ideas of internationalism. In this case the editorial staff was given only those facts and wrote about that truth, which complied with the framework of communistic ideology.*

*The keywords: command and administrative system, international character building, international relation, Kazakhstan press, propaganda, soviet people, socialist society.*

*Резюме. Казахстан фактически не имел возможности регулировать демографическую политику республики, участвовать в распределении трудовых ресурсов, быть самостоятельным в языковой политике. Политика национального развития противопоставлялось интернациональной и таким образом, интернациональное воспитание подменяло национальное. В идеологической работе отрицание национальных начал трактовалось как интернационализм, а проявление национального самосознания, национальной самобытности и постановка насущных вопросов этнического возрождения расценивалась как национализм.*

*Все это являлось установкой для прессы Казахстана, которая, разрабатывая национальную тематику, неизменно представляла ее как торжества идей интернационализма. При этом редакции давали только те факты и писали о той правде, которая укладывалась в рамки коммунистической идеологии.*

*Ключевые слова: командно-административная система, интернациональное воспитание, межнациональное отношение, печать Казахстана, пропаганда, советский народ, социалистическое общество.*

СОКП Орталық Комитетінің қазан (1964 ж.) пленумы Н.С.Хрущевты партия ОК Бірінші хатшысы міндетінен босатты. Оның орнына келген жаңа күш жаңа басшылыққа Л.И.Брежневті сайлады. Сонымен бір мезгілде КСРО үкіметі Төрағасының босатылған орнына А.И.Косыгин тағайындалды. Ел басшылығының ауысуы алып елдің ішкі және сыртқы саясаттағы бағытының өзгеріске ұшырайтынын аңғартты.

Алайда реформалар әміршілдік-әкімшілдік жүйенің өзінің негіздерін жанап өтті. Қалай дегенмен де хрущевтік келеңсіздіктер мен жайсыздықтар талқыға салынғанмен, оның мәні сол бұрынғы күйінде қалды: әміршілдік пен әкімшілдік практикасына тосқауыл қойылмады. Оның

үстіне кейбір сталиндік басқару тәсілі бас көтере бастады. Әрине, жаппай қуғын-сүргін жөнінде сөз болуы мүмкін емес еді, дегенмен жаңа сталиншілдер ескі «темірдей тәртіпті» аңсады.

Осы жылдары әкімшілдік-әміршілдік аппарат құрылымында біркатар «сапалық» өзгерістер болып өтті. Оның негізі Н.С.Хрущев кезіндегі басқарудың сенімді қанатынан құрылды, ұзамай-ақ олар либералды-консервативтерге айналды. Бұған орталықтың, аймақтар мен республикалардың жағымпаздыққа икемді шенеуніктері, прагматикалық карьеристер мен жүйенің ғылыми-идеологиялық қызметшілері қосылды.

Әміршілдік-әкімшілдік жүйе, оған әбден орнығып алған бюрократизм ақыр соңында қоғамның

саяси негізін деформациялады да бұл қоғамның рухани өмір саласында догматизм мен идеологиялық төзімсіздіктің мықтап орнығуына әкеліп соқты. Сондықтан, тіпті, интеллигенцияның халықтардың тарихи және мәдени мұраларын жалғастыруға жол ашу жөніндегі жекелеген әрекеттері партия аппаратының қатаң сынына ұшырап отырды. Оның үстіне бұл орталықтың да, жергілікті басшылықтың да күшімен жүзеге асырылатын болды. Қазақстанда да жағдай дәл осылай еді.

1977 жылы КСРО-ның жаңа Конституциясы қабылданды. Осының ізін ала 1978 жылы одақтас республикалар, соның ішінде Қазақ КСР-і де өздерінің Конституцияларын қабылдады. Өкінішке қарай, бұларда ұлттық республикалардың ершеліктерін сипаттайтын айқындамалар болмады, жария етілген демократиялық бостандық пен адам құқығы декларациялар күйінде қалды, мәселенің шыншайтына келгенде, бұлардың одан әрі жүзеге асыру механизмі жұмыс істемеді. Конституцияда бекітілген СОКП-ның жетекшілік рөлі партиялық аппаратқа барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарды ауыстыруға, яғни соларға өз әмірін жүргізіп отыруға мүмкіндік берді.

Бұл баламасы жоқ жүйені әлеуметтік-экономикалық саясатта қателіктер жіберуіне әкеліп соғып отырды және қоғамдық өмірдің барлық саласын, соның ішінде ұлтаралық қатынастарды да деформацияға ұшыратуға жол ашты. Осы тұрғыдан келгенде пайда болатын өзекті проблемаларды байыптылықпен талдау шындықты боямалаумен және лениндік ұлт саясатының салтанаты жөніндегі жеңісті ұрандармен ауыстырылды. Интернационалдық факторлардың белең алуы ұлттық мүдделерді, салт-дәстүрлерді, ұлттық психологияны теріске шығаруға бастады.

Қазақстанның шын мәнінде республиканың демографиялық саясатын реттеп отыруға, еңбек ресурстарын бөлуге қатысуға, тіл саясатында дербес болуға мүмкіндігі болмады. Интернационалдық тәрбие ұлттық тәрбиені ауыстырды. Нәтижесінде «шовинизм», «ұлттық», «патриотизм», «интернационализм» түсініктері түпкі мәнін жоғалта бастады. Идеологиялық жұмыста ұлттық бастауларды теріске шығару интернационализмге келіп сайды, ал ұлттық сана-сезім, ұлттық өзіндік ерекшелік көріністері мен этникалық жаңғырудың өзекті мәселелері ұлтшылдық ретінде бағаланды.

Міне, бұлардың бәрі де Қазақстан баспасөзі үшін басты ұстанымға айналды, ұлттық тақырып мәселесі қозғалғанда ол міндетті түрде интернационализм идеяларының салтанаты ретінде ұсынылды. Мақалалар дәстүрге айналған айдарлармен жарияланатын болды. Айталық, бұл «Казахстанская правда» газетінде былайша жазылды: «Интернационализм – наше знамя», «В братской семье народов»; «Социалистік Қазақстан» газетінде –

«Интернационализм – біздің туымыз», «Лениндік ұлт саясатының ұлы жеңісі», «Миллиондардың лениндік университеті», «Лениндік оқулар», т.б.; республикалық жастар газеті «Лениншіл жаста» – «Көсем өсиеттеріне адалмыз», «Ленин айтты, комсомол орындады», т.б.

Бұқаралық ақпарат құралдары органдары қоғамдық іс-әрекет жоспарлары мен бағдарламаларын жасауға толық пайдаланылмады. Мұндай жағдайда журналистің жеке басы белгілі бір кедергілерге тап болды. Алып бюрократтық аппарат оны ондаған жылдар бойы қалың бұқараның мүдделерін қорғаудың жаршысы, саяси күрескер емес, бас шұлғуға үйренген шенеунік, айтқанын екі етпейтін қызметкер ретінде тәрбиеледі. Некен-саяқ болса да қоғамның саяси сұранымын дәл бағдарлай алатын, әділдік жолында күрестен талмайтын журналист-публицистер болды. Олардың материалдары жарияланбады, жариялана қалған күннің өзінде бұл олар үшін тым қымбатқа түсіп жатты. Көрнекті ғалым, публицист, марқұм Е.Букетовтің тағдыры соның жарқын дәлелдерінің бірі ғана. Республиканың партия комитеттері, мемлекеттік органдар оның сөздерін теріске шығаруға тырысты. Кезінде әділетсіздікке, марғаулыққа қарсы тұрған азаматқа қастандық ұйымдастырылды. Бұл ақыр соңында күтпеген зардапқа әкеліп соқты. Қайта құрудың алдында Е.Букетов қасіретті қайғыға ұшырады [1].

Қоғамның әлеуметтік өмірінде кәсіби публицист-журналистер мен басылымдар позициясының қалыптасу процесі біржақты болмай шықты. Сталиндік қуғын-сүргін жылдарында, біріншіден, адам ойына ерік берілмеді, мұны уысынан шығарма жоғарыдағы басшылықтың функциясына кіретін еді: журналистер болса, халықты жоғарыдан берілген нұсқаулар мен жарлықтарды орындауға жұмылдырушы болды. Екінші жағынан, қалыптасқан бұл жағдай саяси жалтақтықтың кең орын алуына әкеліп соғып, оны нығайта түсті. Коммунистік догматизмнің шеңберінде қалып, өңі айналдырылған «шындықты» ғана айтуға мәжбүр болған баспасөз қызметкерлері өз сана-сезімдерінде бірте-бірте құлдық психологияның қалыптаса бастағанын аңғарған да жоқ. Ал, құлдық психологияның күштеу психологиясы екені ежелден мәлім. Әдетте, үнемі аласарып жүрген адамның қолайлы жағдай туа қалса, аяусыз өктемдікке ұмтылары сөзсіз. Сондықтан, журналистің де басшылыққа тәуелсіз ортада ең алдымен күштеу әдісіне жүгінуі заңды. Осыдан келіп адамға деген гуманистік қатынастан жұрдай, эгоистік сипаты басым дәрекі сын материалдар жарияланып жатты.

Біздің жоғарыда айтқандарымыздан баспасөз әміршілдік-әкімшілдік жүйеге қолайсыздық туғызатын құбылыстар мен фактілерді түгелдей теріске шығарып отырды деген ой тумаса керек. Материалдарында белгілі бір тақырып төңірегінде



сөз қозғай отырып, орын алған өзекті мәселелерде астарлап болса да ойын жеткізуге тырысатын авторлар болды. Дегенмен де мұндай жағдайда ресми талап шеңберінен шығып кете алмады. Бұл жерде олардың әдеби-көркем және публицистикалық көзқарас тұрғысынан алғанда жоғары кәсіби деңгейде жұмыс істей алғанын айтуымыз керек. Журналистер тарих, ұлттық мәселелер теориясы төңірегіндегі материалдарында өзге әлеуметтік құбылыстарға баға бергендей стандартты ұстанды. Политникалық мемлекет жөніндегі лениндік көзқарас ешқандай да күмән тудырмауы тиіс болды, оның жан-жақтылығы жария етілді, ал жүйеде пайда болған барлық күрделі де қарама-қайшылықты процестерді жария етуге қатаң тыйым салынды.

Айталық, мысалы, 1979 жылы Целиноградта неміс ұлттық автономиясын құру жөнінде болған ұлттық толқу баспасөзде лайықты бағасын алмады, бұл туралы жазылған жоқ. Алайда, кеңестік жүйені асқақтатуға келгенде ешқандай да шектеу қойылмады, журналистерге КСРО-ғы ұлттық құрылысты ардақтауға шексіз құқық берілді. Мұның бәрі журналисті қалыптастыруда күшті ықпал етті. Олар өз жарияланымдарының болып жатқан құбылыстарға сәйкес келмейтінін көпшіліктің білетінін, мұның мақсаттар мен идеяларға сенімсіздік ұрығын себетінін, осыдан келіп қалың бұқараның ой-пікірінде екіұдайылық қалатынын түсінді. Міне, дәл сондықтан да олардың арасында екіжүзділік, принципсіздік жайлап, бұл күнкөріс құралына айналды.

Журналистерді бұл проблемалар толғандырмады деуге болмайды. Шығармашылық қызметкерлері тоқырау кезеңінде өздерінің көптеген конференцияларында, пленумдарында, т.б. өз жұмыстарының ықпалдылығын арттыру жолдарын талқылады. Алайда, олар бұл проблемаларға таза кеңестік тұрғыда келді, негізінен идеологиялық жағдайларға басымдық берілді де өмірдің материалдық бастауына лайықты баға берілмеді немесе оны теріске шығарды. Айталық, мысалы, Алматы облыстық «Огни Алатау» газеті редакторының орынбасары Н.Гарифуллина советтік өмір салты тақырыбы төңірегінде жазатындар «көп ретте оның негізгі сипаты мен белгілерін білмейді, сондықтан «өмір салты» деген түсінікті «өмір деңгейі» түсінігімен ауыстырады» деп жазды. Бұдан әрі ол «Сондықтан да жекелеген басылымдарда жасық, нашар дүниелер шығып жатады, бұлар стилі мен рухы жөнінен келгенде өндіріс тауарлары реестрін еске түсіреді» [2] деп жалғастырды.

Бұл цитата Н.Гарифуллина сияқты бірқатар журналистердің материалдық және руханилық арасындағы байланыстың маңызына жете мән бермейтінін көрсетеді. Олардың пікірінше, материалдық жеткіліктіліктің деңгейі өмір салтын айқындай алмайды екен. Бұдан аңғарып отырғанымыздай,

алынған материалдық игілік өмір салтына әрдайым әсер етпесе, жоғарыда айтылғандай, қоғам мен адамның рухани құлдырауына алып келуі ықтимал. Сол тұста нұсқау мынадай болған: ең басты басымдық идеялық бастауларға берілді. Осыдан келіп, 70-жылдардың екінші жартысынан бастап кеңес халқының материалдық игілігінің өсім деңгейі күрт төмендей бастады, тұрғындар күнделікті қажетті азық-түліктің тапшылығын тартумен болды. Оныншы бесжылдықтың басынан бастап еліміз бойынша алғанда Қазақстан еңбек өнімділігі, қаржы қайтарымы, әр жанға шаққандағы кіріс өсімі, өзге де бірқатар көрсеткіштер жөнінен ең соңғы орынға құлдырап кетті, ал республика басшылығы бұрынғысынша экономика мен мәдениеттің «космостық» самғауы жөнінде айтумен болды, ұшы-қиырсыз аймақта таңғажайып істердің, жасампаздыққа толы қуаныш пен бақыттың асқақ пафосы болды [3].

Қазақстанның осы кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайын ой елегінен өткізіп көрейік. 70-жылдар шебінде партия органдарының бағалауы бойынша елдің біртұтас халық шаруашылығы комплексіндегі Қазақстанның үлесі оның өсе түскен экономикалық және ғылыми потенциалына барған сайын сәйкес келмей отырған [4].

Сексенінші жылдардың ортасында, кеңестік қайта құруға бағыт алынған тұста, талантты публицист-жазушы Камал Смаилов бейнелеп айтқандай, тұс-тұсында алып карьерлер мен қуатты комбинаттар, ғажайып космодром мен қатерлі полигондар орнаған, бірақ халқында ХХ ғасырға лайық тұрмыстық ғажайып әлеуметтік, мәдени жағдайы жоқ, «Луврлері жоқ бес Францияға тең», РСФСР-ден басқа 13 республика еркін сиятын байтақ, жері жомарт та кең, бірақ көлі азайып, шөлі көбейіп бара жатқан, соншама жомарт қазына сандығы, бірақ диқандарының алғанынан гөрі салғаны, мыңғырған мал өңірі, бірақ малшыларының зейнетінен гөрі бейнеті басым – міне, Қазақстан диалектикасы дәл осындай болды [5].

Тек Қазақстанда ғана емес, алып Одақта кең қанат жайған әлеуметтік-экономикалық құлдырау кезеңінде бұқаралық ақпарат құралдарында – баспасөзде, радио мен телевизияда кеңес адамдарының салауатты өмір салты, мұндағы рухани бастаулардың рөлі жөнінде үзбей беріліп отырды. Сол тұстағы республикалық, облыстық газеттер беттерінен «Советтік өмір салты», «Замандас бейнесі», «Осындай совет адамы» сияқты айдарлармен берілген очерктерді, корреспонденциялар мен суреттемелерді, т.б. көптеп ұшыратуға болады.

Осылайша нақты өмір шындығы боямаланып көрсетілетін болды. Нәтижесінде қоғам дамуының проблемалары қордалана берді. Мысалы, Қазақстан оныншы бесжылдықтың басында әр адамға шаққандағы ұлттық табыстың өсімі, еңбек өнімділігі, қор қайтарымы, өзге де маңызды көр-

сеткіштер жөнінен Кеңестер Одағында ең соңғы орынға түсті. Ал, осы тұста республика басшылары әдеттегіше экономика мен мәдениеттің «космостық» дамуы, тамаша жетістіктер жөнінде биік мінбелерде тұрып, мақтанышпен айтудан танбады.

Қазақ журналистикасы социалистік догматизм шылауында қоғам дамуының күнгейін жеріне жеткізе жырлап келді, көлеңкелі жағына назар аударылмады. Ұлттық қайғы-қасіретке айналған жиырмасыншы-отызыншы жылдардағы қолдан ұйымдастырылған ашаршылық, сталиндік репрессияға ұшыраған ұлт зиялыларының талайлы тағдыры, Ұлы Отан соғысы мен оның ауыр зардаптары, тың трагедиясы, кең байтақ қазақ жерін жаппай жайлаған экологиялық трагедия... сори ашылмаған қазақ елінің империялық пиғылдағы Орталық – Мәскеудің тұрақты тәжірибе алаңына айналып келгенін айқын көрсетеді. Империялық идеологияның жетегінде болған республика мерзімді басылымдарының, ұлттық публицистиканың ең кедей адамдар тұратын бай елді қалыптастыруда қаншалықты рөл атқарып келгені терең ойларға жетелейді.

Айтуымыз керек, ұлт өмірі мен ұлтаралық қатынастар тақырыптарына арналған материалдарға да жоғарыда айтылған кемшіліктер тән болды. «Кемелденген социализм» аталған кезеңде баспасөз кеңес халқын жаңа тарихи қоғамдастық ретінде масаттана айтатын болса, ал партия басшыларының баяндамалары мен сөздерінде ұлттардың жақындасуы ғана емес, сонымен қатар қосылуы жөнінде де ойлар айтылумен болды. Газеттер бұл тақырыпқа арнаулы беттер, бөлімдер, тіпті тұтас нөмірін арнады, социалистік ұлттардың жетістіктерімен өрнектелген цифрлар, фактілер, т.б. беріліп жатты [6]. Бұл материалдарда қазақ халқы кеңес халқының ажырамас бөлігі ретінде бейнеленді.

Сондай-ақ оларда қазақ халқының ұдайы даму үстіндегі мәдениеті, оның құрамдас бөлігі іспетті білім, өнер, әдебиет жаңа социалистік сипат алуда, ал ұлттық бейнесі мазмұны жөнінен социалистік қалыпқа ие болуда, бұл процесс КСРО халықтарына ортақ, демек, интернационалдық баршаға ортақ, т.б. дегендей ойлар тереңнен қазбаланып жатты. Кеңестік Қазақстан баспасөзінде, өзге де республикалардың басылымдарында кеңестік өмір салты туралы, кеңес халқы туралы, жаңа әлеуметтік қоғамдастық туралы, т.б. кең көлемде жазылумен болды [7].

Сол жылдары Қазақстан баспасөзінде қазақ этносын идентификацияландыру, оның ұлттық дамуының перспективалары туралы әңгіме ету мүмкін емес еді. Себебі партияның идеологиялық аппараты жаңа әлеуметтік және тарихи қауымдастық – совет халқы туралы идеяны жан-жақты негіздеген болатын [8].

Жаңа тарихи қауымдастық – кеңес халқы жөніндегі материалдар тасқыны елдің ішкі саяса-

тындағы міндеттермен ғана байланысты болған жоқ. Дегенмен де тоқырау кезеңінде бұл үшін формальды жайттар аз болмайтын. Айталық, мысалы, Қазан социалистік төңкерісінің 50 жылдығын, В.И.Лениннің туғанының 100 жылдығын, республика мен оның коммунистік партиясының жарты ғасырлық юбилейін, КСРО-ның құрылуының 50 және 60 жылдығын, Тың және тыңайған жерлерді игерудің 20 жылдығын атап өту кезінде баспасөз лениндік ұлт саясаты салтанаты жетістіктерін, Кеңес Одағы халықтарының мызғымас достығын шаттана отырып, үлкен белсенділікпен жазды.

Баспасөз осы мәселелерді көрсету кезінде материалдарды берудің жаңа әдіс-тәсілдерін іздеп табуға тырысып отырды. Мысалы, Қазақстанда ұлтаралық қатынастар мен интернационализмнің нақты көрініс формаларына арналған газеттердің біріккен нөмірлерін беріп отыру тәжірибеге енгізілді. «Социалистік Қазақстан» газеті «Лениндік экономикалық оқулар», «Насихатшыларға, үгітшілерге және саяси хабаршыларға көмек», т.б. айдарларын тұрақты түрде жүргізіп отырды, мұнда негізінен ғалымдардың, партия-кеңес қызметкерлерінің, т.б. көлемді материалдары жарияланып жатты. Бұларда, мысалы, айтар болсақ, республикалар мүдделері барған сайын тығыз топтасуда, халықтардың өзара көмегі жемісті болуда, әрбір ұлттың жан-жақты дамуы оларды барған сайын жақындастыра түсуде дегендей ойлар ашып көрсетілді.

Жаңа тарихи қауымдастықтың пайда болуы мен дамуы жөніндегі идеяларды насихаттауды барынша күшейте түсу сыртқы факторларға да байланысты болды. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі (Хельсинки, 1975 ж.) Кеңестің Қорытынды актісіне қол қойылғаннан кейін Кеңес Одағы мәдениетті дамыту, оның ішінде елдердің келісім-шарт арасындағы ақпарат алмасу бойынша өз міндеттемелерін орындай бастады. Бұл кеңестіктердің өздерінің халықаралық журналистері арқылы ғана емес, өзге де бастау көздер арқылы шетелдерден көбірек ақпарат ала бастағанын білдіреді. Оның үстіне КСРО-ға әлемдік «Голос Америки», «Свобода», «Би-би-си», «Дойче Велле» және т.б. радиостанциялардың таратып отыратын хабарларының көлемі ұлғая түсті. Олар өз хабарларын тек орыс тілінде ғана емес, сонымен бірге елдің өзге де халықтарының тілдерінде тарата бастады.

Олар өз елдері туралы ғана айтып қойған жоқ, сондай-ақ КСРО-ның ішкі саясатына да баға беріп отырды, елдің ішіндегі оқиғаларға да көңіл аударды. Идеялық оппоненттер ретінде олар шиеленісті жайлар табуға тырысты. Осы орайда олардың адамдардың жаңа әлеуметтік және тарихи қауымдастығы – кеңес халқы туралы хабарларында сын көп болды. Бұл тұрғыдағы кеңестік ұстаным Батыста түсінбеушілік туғызып отырды. Сон-

дықтан да кеңестік насихат машинасы әңгіме жаңа әлеуметтік-этникалық қауымдастық – кеңестік ұлттың құрылғанында болып отырған жоқ дегендей материалдар беріп отыруға мәжбүр болды.

Кеңестік идеологтар советологтардың сынына орай жауап ретінде «совет халқы» түсінігіне ұдайы түсінік беріп отыруға тиіс болды. Мысалы, «Правда» газеті бас редакторының орынбасары И.Д.Лаптев ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзінде былай деп атап көрсетті: «Тарихта адамдар қауымдастығының түрлі формалары белгілі – ру мен тайпа, халықтық пен ұлт. Кеңес халқы – пайда болу шарты бойынша да, адамдар қауымдастығының табиғаты бойынша да бөлек сапада. Бұл кейбір Батыс «теоретиктері» айтып жүргендей, «бірнеше ондаған ұлттарды совет-орыс типті біртұтас ұлтқа» күштеп біріктірген қырық құрау ұлттар мен халықтар емес» [9].

«Известия» газетінің бас редакторы П.Ф.Алексеев өз әріптесінің ойын дамыта келе былай тұжырымдады: «Біз кірісіп отырған коммунистік қоғам құрылысы, ұлттық... мәселеге ешқандай да салқынын тигізбей бірінші кезекке интернационалдық бастауды шығарып отыр. Тек біздің жауларымыз – антикоммунистер, антисоветшілер халықтар өмірінің ұлттық сипаты жаңа тарихи қауымдастық – совет халқын құру социализмге қарама-қайшы келеді деп сендіруге тырысады». Автор бұдан әрі ойын былайша жалғастырады: «Біздің Одақтың халықтар өмірі, біздің басылым тұрақты түрде жариялап отырған материалдар да олардың ой-пікірлерін теріске шығарады» [10].

Бұл сөз, оның астарына үңіліп қарар болсақ, баспасөз басшылыққа алып отыруы тиіс ұстанымды айқын көрсетеді. Біріншіден – бұл социалистік ұлтқа айналуы тиіс ұлттық жаңа қауымдастық құруға қайшы келмейді. Екіншіден – баспасөз халықтар өмірінен идеялық қарсыластардың «ойын» теріске шығаратын «фактілер» іздеп табуы тиіс.

Осыған байланысты еліміздің, Қазақстанның да баспасөзі халықтар достығын дәріптеп, кеңестік қиял-ғажайыптарды жасауға құлшына кірісті. Айталық, ұлттық даму туралы материал тек интернационалдық астарда болуы тиіс дегендей... [11]. Кеңес халықтарының достығын, ынтымақтастығы мен өзара көмегін теріске шығаруға болмас еді, дегенмен ешқандай да ұлт толық сіңісіп кету жөніндегі ұстанымды қолдаған емес. Міне, бұл баспасөз алдына күрделі проблемалар туғызып отырды...

Қазақстан баспасөзі егер буржуазиялық идеология индивидуализмді ұстанса, социалистік дүниетаным коммунистік қоғам құрылысының гуманистік бастауларын негізге ала отырып шындықты, іскерлік гуманизмді насихаттайды деген ой-пікірге ден қойып отырды. Бұл бастаулардың социалистік құрылыстың берік іргетасы және Кеңес Одағын мекендейтін ұлттар мен халықтардың, жекелеген адамдардың өзара қарым-қатынастарын ай-

қындап отыратындығы алға тартылумен болды. «КСРО-да достық пен туысқандық, социалистік интернационализм мен кеңестік патриотизм өмір заңына айналды, бұл лениндік ұлт саясатының жүзеге асуының нақты нәтижеге айналғанын айқын дәлелдейді», - деп жазады тарих ғылымдарының докторы, профессор Ғ.Абишев «Казахстанская правда» газетінде жарық көрген «Халықтар достығының лабораториясы» атты мақаласында [12]. Ол бұл тезисті тың игеру мысалында келтіреді. Бұдан әрі автор Кеңес Одағы халықтарының ерлік күш-жігері арқылы ондаған миллион гектар жаңа егістік алқаптардың шаруашылық айналымға келгенін, осының арқасында Қазақстанның дамыған экономикалық және жоғары мәдениетті елге айналып, тың өлкесінде түрлі ұлт өкілдерінің ұлы мақсат жолында мызғымас достықтың жарқын үлгісін көрсетіп жатқанын айтады. «Біздің халқымыздың интернационалдық сипаты, - дейді автор, - тың совхоздарының атауларынан-ақ көрініп тұр: «Московский», «Ленинградский», «Киевский», «Минский», «Воронежский», «Краснопресненский», «Ярославский», «Харьковский»...

Әрине, автордың бұл сөздері сол кездің шындығын көз алдына келтіреді және партия мен мемлекет саясатына және ресми нұсқауларға сай келеді. Алайда қазақ этносы арасында бұл процестер әртүрлі қабылданды, әлі де осылай болып отыр.

Осы жерде мына жайларға да тоқтала кетудің артықтығы болмас: рас Ресей қалаларында, оның ішінде Мәскеуде де, КСРО-ның өзге де республикаларында қазақ ұлттық батырларының, ұлы тұлғаларының, акын-жазушыларының аттары көшелерге, кинотеатрларға, т.б. берілді. Және бұл кеңестік өмір шындығы, халықтар достығының көрінісі болды, мұны жергілікті жерлерде дұрыс қабылдады. Алайда, бұл Қазақстанда бұқаралық сипат алып кетті де, қазақтар арасында елеулі алаңдаушылық туғызды, мұның түбі жергілікті халықтың ассимиляцияға ұшырауына қауіп төндіруі мүмкін деген әңгіме басталды. Иә, сол тұста қазақтар саны республика тұрғындарының жартысынан да кеміп кетті. Кейбіреулер бұл процесті былай түсіндірді: Қазақстан, шын мәнінде, жаңа социалистік ұлт құраудың моделін сынақтан өткізудің лабораториясына айналды. Иә, сол тұста одақтық партия-кеңес баспасөзінің өзінде Қазақстанның халықтар достығының лабораториясы екендігі ұдайы еске алынумен болды.

Сондықтан да баспасөзде насихаттық міндет атқарған теориялық мақалаларға үлкен орын берілді. Солардың ішінен мысалға философия ғылымының кандидаты Ә.Қалмырзаевтың «Казахстанская правда» газетінде жарияланған «Интернационалистік сананы қалыптастыру – қоғамдық прогресс қажеттілігі» тақырыбымен берілген мақаласын алайық [13]. Мақала газеттің ішкі подвалын тұтас алып жатыр. Оның мазмұны бағдарламалық си-

патқа ие. Тақырыптың өзі оқырманды партия нұсқауын қабылдауға үндеп тұрғандай: қоғамдық прогресс интернационалистік санамен ғана қамтамасыз етілуі мүмкін, бұл шарт емес, қажеттілік.

Автор интернационалистік сананың қалыпташуы экономикалық, саяси және кеңес қоғамының рухани дамуы жөніндегі біртұтас кешенді шараларға байланысты екенін алға тартады. А.Қалмырзаев өмір салтындағы тарихи, этникалық, экономикалық, географиялық және рухани ерекшеліктердің ұлттық санаға әсерін айта отырып, бұлар тек қоғамның рухани өмірін толықтырады, оны ұлттық сана-сезімге немесе ұлттық психологияға телімеу керек деген қорытындыға келеді.

Мақала авторының пікірінше, «ұлттық сана-сезім тарихи құбылыс бола тұрып, мәңгілік немесе өзгермейтін категория бола алмайды» екен. Автормен ұлттық сана-сезімнің өзгермейтін категория емес дегенімен келісуге болады. Әрине, ол тиісінше өзгеріп отыруы мүмкін. Егер оның «мәңгілік емес» тарихи құбылыс деген пікіріне қосылар болсақ, онда уақыты келгенде оның жоғалып кететіндігі жөнінде логикалық қорытындыға келуге мәжбүр боламыз. Бұдан келіп туындайтын мәселе сонда, егер ұлттық сана не сана-сезім жоқ

болса, онда ұлттың да жоғалып кеткені. Ұлттық сана-сезім – адамның әлеуметтік мазмұнының басымдылығы, онсыз «ұлттық бірегейлік» түсінігі өзінің мәнін жоғалтады.

Біз мысалға келтірген жоғарыдағы мақала сол тұстағы, тоқырау кезеңіндегі теориялық материалдардың үлгісі болып табылады. Олар қай тілде жазылып, орталық, республикалық, облыстық газеттерде жарияланса да бір-бірімен екі тамшыдай ұқсас келетіні аңғарылады. Бұл қоғамдық ойдағы ұлт мәселесінің догмаға айналғанын айқын дәлелдейді.

Ел басшыларының баяндамаларында, сөйлеген сөздерінде, саясат пен ұлт мәселелері жөніндегі газеттер материалдарында кез келген ұлттың дамуы коммунистік теорияға сәйкес жүруде деп сендірілді, ал тоқырау кезеңіндегі кеңестік «шындық» мұның талай-талай кері мысалдарын нақты көрсетіп берді. Объективті түрдегі ұлттық психология өз арнасымен дами отырып, өмір мазмұнын өз заңымен айқындауын бір сәт те тоқтатқан жоқ. Баспасөзде қазақ ұлты, КСРО-дағы өзге ұлттар секілді, дербес этникалық құрылым емес, адамдардың жаңа тарихи қауымдастығы – кеңес халқының құрамдас бөлігі ретінде идентификацияланумен болды!

#### Әдебиет

1. Брагин А. *И все-таки он победил, потому что был интернационалистом в большом и малом* // *Казахстанская правда*. 1987. 19 июля.
2. *Горизонты публицистики: опыт и проблемы*. – М., 1981. – С. 225.
3. *КПСС XXIII съезінің материалдары*. – Алматы, 1981.
4. // *Егеменді Қазақстан*. 1991. 5 қазан.
5. Смаилов К. *Қазыналы Қазақстан қаржыға қарыз. Бұл жағдай республиканы өзін-өзі басқару мен қаржыландыруға көшіргенде реттеледі. Терезе тең болсын десек...* // *Қазақ әдебиеті*. 1990. 26 қаңтар.
6. Ордабаев П. *Коммунистік қоғам мүшесі – жан-жақты жетілген адам. Публицистика* // *Жұлдыз*. 1962. №9; *Алыптар достығы. Арнаулы номер. Донбасс пен Қарағанды шахтерларының достығы* // *Социалистік Қазақстан*. 1972. 20 қараша; *Қазақстан – Ұлы Одақтың бір жұрты. Арнаулы номер* // *Социалистік Қазақстан*. 1971. 20 қараша; т.б.
7. *Достықпен арайланған айқын жол. Арнаулы бет* // *Социалистік Қазақстан*. 1974. 2 наурыз; *Тілекметов П. Достық құймағы* // *Социалистік Қазақстан*. 1972. 19 наурыз; *Шакенов Н. Ғасырдың ұлы құрылысы* // *Жұлдыз*. 1977. №11; т.б.
8. *Идеологиялық жұмыс жаңа міндеттер биігінде* // *Социалистік Қазақстан*. 1979. 29 шілде.
9. *Лантев И.Д. Мы – советский народ. В кн.: Мы дружбой ленинской сильны*. – М.: Политиздат, 1982. – С. 17.
10. *Алексеев П.Ф. Интернационализм в действии. В кн.: Мы дружбой ленинской сильны*. – М.: Политиздат, 1982. – С. 15.
11. *Луч дружбы (Сб. очерков)*. – Алматы: Казахстан, 1974; *Тың планетасы (очерктер, док. әңгімелер)*. – Алматы: Жалын, 1984; *Букетов Е. Алыптың адымы. Публицистика* // *Жұлдыз*, 1977. №11; *Жұмбаев Ә. Социалистік мәдениеттің гүлденуі* // *Социалистік Қазақстан*. 1966. 6 қаңтар; т.б.
12. *Абишев Г. Лаборатория дружбы народов* // *Казахстанская правда*. 1980. 5 августа.
13. *Калмырзаев А. Формирование интернационалистского сознания – необходимость общественного прогресса* // *Казахстанская правда*. 1982. 11 июля.



Садықов Сейдулла

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан қ., e-mail: Sadykov.51@mail.ru

### ҰЛТТЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ХРУЩЕВТЫҚ «ЖЫЛЫМЫҚ» КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІНДЕ

*Түйін. И.В.Сталин қайтыс болғаннан кейін 1953 жылдың ортасынан КСРО-да өзгерістер басталды. Жазықсыз тұтқындалғандар лагерьлерден қайтарылды, идеологиялық қысымның күші әлсіреді. Сталиндік темір тәртіптен ауытқу өзінің оңды нәтижелерін бере бастады.*

*Н.С.Хрущевтың сөзімен айтар болсақ, партия-кеңес баспасөзі партияның қолқанаты ретінде директивалы органдардың идеяларын жүзеге асыруға тиіс болды. Ол КСРО халықтарының өмірін интернационалдандыруға бағытталған ресми саясатты насихаттады.*

*Түйін сөздер: көпұлтты ел, сталинизм, партия-кеңес баспасөзі, хрущевтық «жылымық», ұлттық өзіндік сана, интернационализм, ұлттық ерекшелік.*

*Резюме. Ветром перемен в СССР повеяло почти сразу после смерти И.В.Сталина уже с середины 1953 года. Людей возвращали из лагерей, ослабевали идеологические пути. Отход от сталинской жесткой линии, безусловно, дал некоторые положительные результаты.*

*Партийно-советская пресса, по словам Н.С.Хрущева являлась сподручным партии и была призвана в силу этого быть проводником идей директивных органов. Она пропагандировала официальную политику, направленную на интернационализацию жизни народов СССР.*

*Ключевые слова: многонациональная страна, сталинизм, партийно-советская печать, хрущевский «оттепель», национальное самосознание, интернационализм, национальное своеобразие.*

*Summary. Wind of change in the USSR blew already from the middle 1953, almost immediately after death of J.V. Stalin. People they returned their camps, ideological ways were weakening. Withdrawal from the Stalin's hard line undoubtedly gave some positive results.*

*The party-and-soviet press according to N. S. Khrushchev was handy of party and in view of this it was called to be the conductor of the ideas of central bodies. It propagandized the official policy, directed toward the internationalization of the life of the peoples of the USSR.*

*The keywords: the multinational country, Stalinism, party-and-soviet press, Krushchev "thaw", national self-consciousness, internationalism, national uniqueness.*

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Қазақстандағы экономикалық өсім мен өнеркәсіптің дамуы қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің өсе түсуіне ықпал етті. Осы кезеңде республикада тұрғындарының жалпы білім деңгейін көтеру мен халыққа білім беру жүйесін дамыту процесінде елдің интеллектуалды потенциалы арта түсті. Мысалы, Қазақстанда жалпы және орта білімнің одан әрі дамуы республикада міндетті жеті жылдық білім алуға көшудің жүзеге асуы мен жалпыға міндетті сегіз жылдық білім беру жүйесіне көшуге әзірліктің аяқталуынан көрінді. 1950 жылдары оқушылардың жалпы контингенті 1 миллионнан асты. Мектептерде қазақ балаларының саны өсті. Жалпы білім беру мен мәдениет деңгейінің артуы қазақ халқының халықтық педагогикалық шығармашылығының кең қанат жая түсуіне игі әсерін тигізді, оның қазақтардың ұлттық сезімдерін тәрбиелеудегі рөлі арта түсті.

Соғыстан кейінгі кезеңде қазақ әдебиетінің даму проблемаларын зерттеу, оқып-үйрену кең өріс ала бастады. Нақтылап айтар болсақ, Абайдың творчестволық биографиясы, қазақ эпосы және әдебиет тарихының мәселелері, XX ғасырдың басындағы қазақтың демократиялық жазушылары, қазақтың революцияға дейінгі әдебиет тарихының очерктері

және басқа да мәселелер жөніндегі кітаптар шыға бастады.

Бұлардың бәрі де тұтастай алғанда қазақ халқының өзіндік ерекшеліктері мен ұлттық қасиеттерін терең сезінуге берік негіз қалап жатты. Сондықтан да қазақ интеллигенциясының өз халқының тағдыры мен тарихында үлкен орын алатын жекелеген ұлы тұлғаларын ой елегінен өткізуге деген ұмтылысы заңды да еді.

Қазақ кеңес әдебиеті дамуының осы кезеңіндегі шығармаларда, негізінен алғанда, коммунистік идея өрілді, социалистік идеологияға адалдық нығая түсті, Кеңес билігінің жаңа өмір құрылысындағы жеңістерінің нәтижесі болып табылатын лениндік ұлт саясатының салтанаты, оның қазақ халқының шаттыққа толы тыныс-тіршілігіндегі рөлі барынша ашып көрсетілді. Әдебиет шенеуніктері жазушылардың ой «тазалығын» қатаң қадағалап отырды, өмір шындығын тек партиялық-таптық тұрғыда ғана көрсету міндеті алға тартылды. Осы ретте көрнекті журналист Мыңбай Ілестің «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған тарихшы Айжан Қапаеваның орыс тілінде жарық көрген «Культура и политика» («Мәдениет және саясат») деген ғылыми монографиясына жазған рецензиясында айтылған

жайлар назар аударады [1]: «...Тоталитарлық тәртіп кезінде кез келген әдеби шығармалардан ұлтшылдық сарын іздеу әдетке айналды, ұлтшыл деген кінә тағылмаған жазушы, ақын, драматург қалған жоқ деуге болатын еді. Ал Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының 1956 жылғы 10 желтоқсанда қабылдаған «Қазақ әдебиеті» газетінің республикада мәдениетті дамытудың кейбір мәселелерін жазуда жіберген қателіктері туралы» деген қаулысында қазақ тілінің қолданылу аясының тарлығын, ана тілімізге деген жанашыр қамқорлықтың жоқтығын жазғаны және басқа да маңызды мәселелерді өз бетінше көтергені үшін «Қазақ әдебиеті» газетіне «өрескел саяси қателіктерге жол берді, лениндік ұлт саясатын бұрмалады, ұлтшылдыққа бой ұрды» деген ауыр айыптар тағылды.

А.Қапаеваның монографиясындағы ерекше назар аударуға тұрарлық жаңалық деп «Қазақстандағы саяси цензура» деген тарауды айтуға болады. Өйткені, бұл тақырып бізде ғылыми тұрғыдан бұрын-соңды зерттелмеген. Автор Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Әдебиет және баспа істері жөніндегі бас басқармасының, КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы Баспасөзде әскери және мемлекеттік құпияларды сақтау жөніндегі бас басқарма (КСРО Главлиті) жүйесінің өз кезінде «қырағылықпен» жұмыс істегенін атап көрсетеді.

Соғыстан кейінгі жылдары СОКП Орталық Комитетінің қаулылары мен шешімдерінде партия ұйымдарының міндеттері мерзімді басылымдарды тұрғындар арасында саяси-ұйымдастырушылық және мәдени жұмыстарды жүргізу орталығына айналдыру екендігі тұрақты аталып отырды. 1946 жылы республикалық жастар және пионер газеттері қайтадан шыға бастады. 1946-1958 жж. республикада мерзімді басылымдардың төмендегідей құрылымы жасалды [2]. (Бұл құрылым Кеңестер Одағы ыдырап, еліміз тәуелсіздік жолымен дами бастаған 1991 жылға дейін жұмыс істеді. – С.С.).

1. Республикалық жалпы саяси-бұқаралық газеттер мен журналдар – қазақ тілінде («Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Қазақстан коммунисті»), орыс тілінде («Казахстанская правда», «Ленинская смена», «Коммунист Казахстана»), ұйғыр тілінде («Коммунизм туги»), корей тілінде («Ленин кичи»).

2. Салалық, ведомстволық және арнаулы қалың бұқаралық газеттер мен журналдар – қазақ тілінде («Қазақ әдебиеті», «Қазақстан пионері», «Қазақстан мұғалімі», «Теміржолшы», «Қазақстанның ауыл шаруашылығы», «Сталин жолы», «Әдебиет және искусство», «Ара», «Балдырған»), орыс тілінде («Дружные ребята», «Учитель Казахстана», «Сельское хозяйство Казахстана», «Сельское животноводство Казахстана», «Литература и искусство Казахстана», «Шмель», «Здравоохранение Казахстана», «Лечебное дело»), ұйғыр тілінде («Уйгур авазы», «Жана өмір»).

3. Жергілікті жалпы саяси-бұқаралық газеттер – облыстық, қалалық, аудандық газеттер (қазақ, орыс, өзбек тілдерінде).

4. Төменгі салалық газеттер – өнеркәсіп орындарының, құрылыс, теміржол, жоғары оқу орындарының, колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің көп тиражды газеттері (қазақ және орыс тілдерінде).

Коммунистік партия ел мен халықтар өмірін темір құрсауда ұстады, экономикалық және әлеуметтік қайта құруларды өз қалауынша жүзеге асырып жатты. 1950-жылдары ол өзінің ауқымының аса кеңдігіне қарамастан, мұнда да партия қызметінің кезінде талқыға түсіп көрмеген басты кемшілігі айқын сезілді. Бұл орайда билік басындағы Н.С.Хрущевтің мінез-құлқындағы кейбір өзгешеліктер де көзге түсе бастады. Ол кей жағдайларда білімсіздігін көрсетіп, барлық істе өзінің шаруалық интуициясына иек артты, қарсы келгендермен ашық айқасқа шығуға дайын тұрды, тек өзінің ұстанған бағытын дұрыс деп санады. Ол үшін ең бастысы бәрін де түбірімен өзгертіп, қайта құру, жаңалау болды [3]. Оның қолында бұл істерді құлдық ұра атқаруға бейімделген идеологиялық құрал – әдебиет, өнер, журналистика – болды.

Қазақстанның тың және тыңайған жерлерін игеру жөнінде шешім қабылданғанда Кеңес Одағының қуатты журналистер армиясы жұмыла іске кірісіп, мұның еліміз бен Қазақстанға берерін, Ұлы Даланың қаншалықты өзгеріске ұшырайтынын шаттана жазып жатты.

Тың игеру Қазақстан тарихында ерекше орын алады. Ең алдымен оның қазақ халқының өзіндік идентификациялануы мен ұлттық сана-сезімінің дамуында терең із қалдырғанын айтуға тиіспіз. Тың және тыңайған жерлерді игеру республикада әлеуметтік қайта жаңғырулардың қайнар көзіне айналды. Кеңестік одақтық қорға қосымша миллиардтаған пұт астық, мыңдаған тонна ет, сүт, жүн, тері өнімдері, т.б. игіліктер қазақ жерінен құйылып жатты. Бұрын табан тимеген, құлазып бос жатқан мекендерде тұтас аудандар, ғажайып қалалар, селолар бой көтерді. Сонымен қатар осынау игіліктер қазақ халқы үшін ұлттық трагедияға дейін көтерілген орны толмас өкінішті проблемаға айналғанын тәуелсіздік жылдарында ғана айтатын болдық. Кеңестік дәуірде тың және тыңайған жерлерді игеру жергілікті ұлт өкілдері – қазақтардың бағзы замандардан бері қалыптасқан салт-дәстүрлерінің түбіріне балта шабумен бірдей болды. Қазақ халқы ғасырлар бойы негізінен мал шаруашылығымен айналысып, көшпелі ғұмыр кешіп келді. Реті келгенде айта кету керек, әлеуметтік психология саласының зерттеушілері нақты өндірістік қызмет түрлеріне әртүрлі ұлттардың түрлі деңгейде бейімделетінін бұрын да дәлелдеп келген [4].

Тыңды игеру – шынтуайтқа келгенде кеңестік өкіметтің қазақ жерін еркін билеп-төстеуінің айқын

көрінісі, заманның аса күрделі құбылысы болды. Қазақ халқының ұлттық мүддесі, тіршілік қалпы ескеріліп жатпады. Тың игерудің 1954-1960 жылдарында республика бойынша 25 миллион 484 мың гектар тың және тыңайған жерлер игерілді. Осы жылдар аралығында тыңды игеруге сырттан екі миллионға жуық адам келіп, қоныстанды. Дала тұрғындарының жаңа типі қалыптасып, тыңгерлердің жаңа ұрпағы дүниеге келді.

«Тыңды игерудің салмағы қазақтарға ауыр тиді, - деп жазады публицист-жазушы Ақат Жақсыбаев тың игерудің қырық жылдығы салтанатына қатысудан туған мақаласында. – Тыңның екпіні қатты еді. Қарсылықты көтермей, бәрін өз дегеніне бағындырды. Бұған қоса барлық салада орыс тілі үстемдік етіп, қазақ тілінің қолданылу аясы тым тарылып кетті. Осы өлкедегі қазақ мектептері жабылуға айналды. Қазақтар өз балаларын орысша оқытуға мәжбүр болды. Егер біз біраз жылдар бұрын республикада 700-ге жуық қазақ мектептері жабылды десек, соның көбісі тың игеру кезінде осы өлкенің үлесіне тиді. Бұл аздай, 60-жылдары республиканың солтүстігіндегі тың игерген бес облыста барлық облыстық және аудандық қазақ газеттері жабылып, бір ғана «Тың өлкесі» газеті ғана шығарылды. Бұл жағдай да елді күйзелтті. Әдебиеттің, өнердің ұлттық таланттары да кеми түсті. Себебі өрістететін тілдік орта болмаған соң талант та тұмшаланып, тоқырайды. Ұлттық салт-дәстүр, тұрмыс сәнін шектеумен қатар жергілікті тұрғындар ежелгі дағдысынан ауытқып, басқа жұрттың тұрмыс ыңғайына қарай бейімделді.

Міне, тыңды игеруді айтқанда, көбіне, осы жағдайлар еске түседі. Тыңның елге тоқшылық әкелуімен бірге рухани жүдеушілік туғызғанын, ұлттық ерекшелікке қысым жасалғанын ұмыта алмаймыз» [5].

Кеңес Одағы мен Қазақстан баспасөзі тың және тыңайған жерлерді игеру барысын кеңінен жазып жатты. Мысалы, «Комсомольская правда» газетінде жас тың игерушілерге арналған тұтас беттер сериясы берілді. «Правда» газетіндегі И.Шуховтың «Покорители целины» очеркінде тағдырлас кеңес адамдарының қандай қиындықты болмасын жеңе алатынына айрықша мән беріле отырып, Қазақстандағы жаңадан бой көтерген 93 тыңгер астық кеңшарларында ұлы дүбір басталғаны мақтанышпен айтылады [6].

Бұрын басылымдары болмаған тың аудандарында өз газеттері пайда болды. Мысалы, егер 50-жылдары 41 аудандық газет шығарылды десек, оның 32-і тың жерлерді игеру басталғанда дүниеге келді. Осының үшеуі ғана қазақ тілінде шықты [7].

Кезінде СОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы болған Л.И.Брежнев «Тың» кітабында «Қазақтар тұтас алғанда, басым бөлігі партияның ен даланы жырту жөніндегі шешімін үлкен энтузиазммен құптай қарсы алды» деп жазды [8].

Тың тақырыбына Қазақстанның әдеби-көркем басылымдары айрықша ден қойды. Айталық, республикалық газет-журналдарда М.Әуезов бастаған қазақ жазушылары мен публицистерінің шоғыры очерктер, публицистикалық мақалалар жариялап жатты [9]. «Қазмембас», «Қазақстан» баспаларынан очерктер мен мақалалар жинақтары үзбей шығып тұрды [10].

Тың игерудің ұлан-асыр жоспарларын жүзеге асыруға жұмылған кеңестік адамдардың бейнесі жасалып жатты. Алда тұрған аса ауқымды партиялық міндетті орындауға халықты жаппай жұмылдыруда олардың бейнесін идеаландырмайынша мүмкін емес болатын. Бұл әдісті социалистік реализм әдісі негізінің бастауында болған пролетариат жазушы Максим Горький «Макар Чудра», «Старуха Изергиль», тағы басқа өзінің ертеректегі әдеби шығармаларында тиімді қолданды. Кеңес жазушылары осы дәстүрмен уақыт пен адамды романтикаландыруды жалғастырды. Тіпті, «еңбек күндерінің романтикасы» деп аталған арнаулы термин пайда болды.

Осы негізде енді жаңа қиял-ғажайыптар басталды, мұнсыз партияның жеке идеялары мен қалың бұқараның энтузиазмын қолдап отыру мүмкін емес еді. Эмоционалды көңіл-күйді тұрақты демеп отыратын күш-құралдың қажеттілігі туындады. Бұл энергияны бұқараға бұқаралық ақпарат құралдары жеткізіп отыруы тиіс болды. Олар барлық қиындықтар мен келеңсіздіктерге қарамастан тың жерлерді белсенділікпен, асқан ерік-жігермен игеріп жатқан дәуір ерлерін іздестірді. Тың игерудің адамдарды сынаққа алған 1955 жылы журналистер материалдарды ерекше екпінмен жазды. Редакциялардың шығармашылық қызметкерлерінің жоғары пафоспен, оптимизммен жазған осындай материалдары тың игерушілердің жүрегіне үлкен сенім ұялатып, алдағы жарқын болашақтан үміт күтті, осы жолда уақытпен санаспай еңбек етті.

Баспасөз 1960 жылы республикада болған толқулар жөнінде ләм-мим демеді, осы тұста Қазақстанның солтүстігіндегі тың жерлер РКФСР құрамына беріледі деген сөз желдей есіп тұрды. Елдің де жағдайы қиындап кетті. Азық-түлік тапшылығы белең алды. Басқасын айтпағанның өзінде адамдар дүкендерде нан кезегінде сағаттап тұратын болды. Бидай ұны болмағандықтан жүгері нанын жеген халық мұны әлі де ұмыта қойған жоқ.

Ел басшылығындағы диктаторлық әдісті жоюға бағытталған шешімдер қабылданды. Қоғамдық жүйедегі өктемдікті жою мен «социалистік демократияны» кеңейту қоғам тарапынан белсенді қолдау тапты. Бұл, бірінші кезекте, интеллигенция, шығармашылық иелері тарапынан айқын байқалды. Республикада өткен жылдары жіберілген кемшіліктерді түзетуге бағыт алынды, бірқатар жазушылар, ғалымдар мен журналистерден буржуазиялық ұлтшылдықты, өткен феодалдық-патри-

архалдық қоғамды насихаттады деген айыптаулар алынып тастала бастады.

Мысалы, жазушы М.Әуезов пен академик Қ.Сәтбаев Қазақстанға қайта оралды, қазақтың бұл екі ұлы тұлғасы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Тіл мен әдебиет институтының қателіктері туралы» деген қаулысынан кейін республиканы тастап шығуға мәжбүр болған еді. Тарихшы Е.Бекмаханов «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20–40 жылдарында» деген монографиясында Кенесары Қасымов бастаған көтерілістің ұлт-азаттық сипатын дәлелдегені үшін партиядан шығарылып, ғылыми атағы мен дәрежесінен айырылды, 1952 жылы 2 желтоқсанда 25 жылға бас бостандығынан айырылған болатын. Оның алдында елдің кейбір ғалымдары Қазақстанның революцияға дейінгі кезеңіне арналғандардың бәрін де қаралаған еді. Айталық, М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы қатты сынға алынды, онда көшпелі ауыл идеализациясы тұнып тұр, «патриархалдық өткеннің орыстарға қарсы, реакциялық-консервативтік және пантүркілік көзқарастары» насихатталады делінді [11].

«Қазақ КСР ҒА-ның хабаршысында» С.Нұрышев дегеннің «Абай шығармашылығын оқып-үйренудегі буржуазиялық-ұлттық бұрмалауларды түбірімен жою керек» атты мақаласы шыққаннан соң іс тіпті насырға шапты. «М.Әуезов, - деп жазды мақала авторы, - көркем әдебиет пен әдебиеттану саласында бұрмалау жұмысын жүргізген. Ол ескіні аңсайды, Алашорда басшыларын мақтай отырып, совет шындығына жала жабады, ұлы орыс халқына жеккөрушілік сезімін тудырады және совет билігіне қарсы тікелей жала жабады» [12].

Кезінде ұлы жазушыға қарсы ұйымдастырылған науқанға, кейіннен уақыт келе баспасөзде оны ақтаған материалдар шыға бастады: идеологиялық жұмыста істі жақсартуға емес, «қайсыбір адамдардың аяғынан шалуға, құртып жіберуге дайын тұрған адамдар болды» [13].

Әрине, Қазақстанда барлығы да осы партиялық ұстанымдардың аясында болған жоқ. Қазақ интеллигенциясының арасында ұлттық өзіндік ерекшеліктерді сақтауды, өз этносының күнделікті тыныс-тіршілігінде көрініс табуын талап еткендер болды. Дегенмен де мұндай ұстаным мәдениет, өнер, әдебиет, бар өмір ағымы формасы жөнінен ұлттық, ал мазмұны социалистік болуы тиіс деген қатаң талапқа қарсы келді. Кеңестік құрылыс осылайша жаппай коммунистік көзқарас қалыптастырып, халықтардың менталитеті мен өмір бейнесін өзгертуге күш салып отырды. Ұлттық рухани бастауларды түбірімен өзгертіп, осының астарында ұлттық сана-сезім мен ұлттық ойлау машығын тұншықтыруға әрекет жасады.

Кеңес мемлекеті, шын мәнінде, өзінің құрамы жөнінен ғана көп ұлтты мемлекет саналды, ал өз саясаты жөнінен олай болған емес. Ұлттық өзгешелікті сақтап қалуға деген кез-келген ұмтылыс

жекешеленушілік деп қаралды. Ал партиялық басшылық оны ұлтшылдық көрінісі деп бағалады. Мұндай саясаттың идеологиялық негізі өз ішінде ешқандай да ұлттық өзгешелік болмайтын біртұтас кеңес халқы идеясы жөнінде ресми қабылданған құжаттар болып табылады.

Қазақстанда да дәл осы саясат жүргізілді. Оның өзіндік себептері болды: Л.И.Брежнев жазғандай, 50-ші жылдардың екінші жартысынан бастап республикаға адамдардың көп бөлігі қоныс аударды, көпұлтты ұжымдар пайда болды [14], бұл мемлекет пен қоғам алдына мынадай альтернатива ұсынды – не ұлттық ерекшелікті сақтап қалу үшін жағдай жасау керек, не жаңа қауымдастық керек. Осылайша, Қазақстан осы бағытпен жүретін республикаға айналды.

Кеңестік қоғамда демократиялық қайта құрулар мен жаңғырулар басталған 50-жылдардың басы мен СОКП-ның XX съезі тарихта ерекше орын алады. Социалистік заңдылықты, құқықтық тәртіпті нығайтуға айқын бағыт алынды, жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырағандар ақтала бастады. Ауыл шаруашылығын қалпына келтірудің, өнеркәсіпті техникалық жағынан қайта жарақтандырудың, қарттар мен мүгедектерді пенсиямен қамтудың, ең төменгі жалақы мөлшерін көтерудің кең бағдарламасы жасалды. Қоғамды демократияландырудың шаралары қабылданды. Дегенмен де жеке басқа табыну принципі мен идеологиясын айдай әлемге әшкерелеп берген Хрущевтің қоғамды демократияландыру бағытындағы көздеген мақсаттары жартыкеш қалпында орындалмай қалды. Жеке басқа табынушылық әшкере болғанымен оның тереңде жатқан тамырының өн бойында тіршілік бар еді. Бұрыннан мұра болып қалған насихат аппараты қоғамды саяси және идеологиялық қамтуды тек жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін ғана өзгертіп, өңін айналдыра қойды. Әміршілдік-әкімшілдік жүйенің алып бюрократтық машинасы алға тоқтаусыз зымырап келе жатты. Қалай десек те, сол кезеңде қоғамды жаңарту мен демократияландыруда түбірлі өзгерістер жасалмай қалды.

Дегенмен де ең негізгі себеп, жаңартулар мен өзгерістердің ғылыми концепциясы жасалмағандығында, алға қойған мақсаттарға басты күш – халықтың жұмылдырылмағандығында деп есептеген жөн. Қоғамды жаңартудың алғышарты болып есептелетін демократияландыру процестері оның рухы, ішкі қажетті маңызы тұншығып жатты. Осылайша жеке басқа табыну айыпталғанмен, оның тереңге кеткен тамырлары соғып тұрды.

Бұрыннан Сталинді мадақтауға, асқақтатуға әбден үйреніп келген, түпкілікті өзгерістерге ұшырамаған насихат аппараты – баспасөз енді Сталин дәуірінен кейін билік басына келгендерді бұрынғысынша асқақтатып, мадақтай бастады.

Бюрократия Сталин өлшеусіз билік басында болған уақытта өз көрінісінің түрлі кезеңге лайық



саяси және идеологиялық әдіс-тәсілдерін игерді. Мысалы, 1953-1965 жылдарға тән болған жиі-жиі қайта құрулар, орын ауыстырулар, шаруашылық міндеттерінің өзгерістері тұсында да бюрократия үстемдігін жойған жоқ. Бюрократтық машина әміршілдік-әкімшілдік жүйеге қауіп төндіретін идеялар өрісіне қатаң тосқауыл қоя алатын болып шықты. Осылайша, әміршілдік-бюрократтық жүйенің күшімен 1965 жылғы шаруашылық реформасы да сәтсіздікке ұшырады. Бюрократия бастапқы кезеңде реформаға қолдау көрсетті, көп уақыт өтпей-ақ мазмұнына дендеп еніп, кәсіпорындардың мүмкіндіктерін елеулі түрде шектеді.

Бұл орайда СОКП Орталық Комитетінің наурыз (1965) пленумы айрықша маңызға ие. Партиялық құжатта нақты көрініс тапқан түбірлі өзгерістер негізінде шаруашылықтың жаңа әдістеріне күрт бетбұрыс алынған болатын. Үлкен өкінішке орай, жерді тиімді пайдаланудың кең көлемді жоспары басқарудың әміршілдік-әкімшілдік әдістерінің себептеріне байланысты жүзеге асырылмады: даму процестері тежелді, қоғамның әлеуметтік құрылымдары қирай бастады, дегенмен, экономиканың аграрлық секторындағы «табыстарды» паш ететін даңғазалыққа толы ұрандар атойлап тұрды. Осы тұста қазақ журналистикасы феодализмнен социализмге капитализмге соқпастан ырғып өтіп, ғасырлық артта қалушылықты жеңгенімізді, экономика мен мәдениеттегі тамаша табыстарымызды тынбастан жырлап жатты.

Алпысыншы жылдары қазақ басылымдарының ұлттық сананың қалыптасуы мен өсуіне едәуір ықпал жасағанын да айтуымыз керек. Дегенмен, коммунистік партия республика баспасөзінің дамуын, оның беттерінің немен, қалай толтырылып жатқанын, материалдардың идеялық мазмұнының қай дәрежеде екенін бақылап отырды. Партия ұстанымының шеңберінен шығу бірден-ақ басқарушы органдар тарапынан қатаң бағаланып жатты. Мысалы, партия органдары мен өкімет мүшелерінің әдебиет пен өнер қайраткерлерімен, бұқаралық ақпарат қызметкерлерімен кездесулерде ашық айтылатын болды. Сол кезеңнің нақты бір мысалын келтірейік: «Біздің кейбір жас жазушыларымыздың қаламдарынан азаматтық асқақ үн аңғарылмайтын шығармалар туындап жататын болды, - делінеді сол тұстағы ресми құжатта. - Бұл орайда республикалық жастар газеті «Лениншіл жас» көзге түсіп, өз беттеріне әлі пісуі жетпеген жас авторлардың шығармаларын жариялап жүр. Батыс Қазақстанда болып қайтқан жас ақын Әбіш Кекілбаев таяуда өз ойларымен бөлісті. «Лениншіл жас» ақын көрген дүниелерді жариялады. Ұйқыдағы қорғандар, үнсіз тұрған бабалар зираттары... Ол өткенді аңсайды, өзінің қайғы-мұңын жасырмайды – пессимистік поэзия» [15].

Жоғарыда келтірілген жолдар партиялық биліктің мәдениет пен әдебиет мазмұнының социалистігі

жөніндегі ұстанымының ұлттық сана мен менталитетті теріске шығаратынын көрсетеді. Партиялық номенклатураның айқындауынша, бұлардың бәрі де пессимистік поэзияға жатады және біртұтас социалистік ұлт – кеңес халқын құрудың міндеттеріне сәйкес келмейді.

Н.С.Хрущевтың тікелей тапсырмасымен М.С. Сулов бастаған СОКП идеологтары «ұлттың гүлденуі мен жақындасуы» бағдарламасын жасаумен айналысты. Қазір көптеген ғалымдар сол туралы айта отырып, «гүлденуді» орыс емес халықтарға орыс мәдениетін енгізу, ал «жақындасу» – олардың бірігуі деп сендіруге тырысады. Н.С.Хрущевтің идеялары СОКП-ның үшінші Бағдарламасында бекітілді, онда КСРО-да коммунизм құрылысының нақты мерзімі көрсетілді. Ол билік басынан кеткен соң, арада жылдар өткенде, бұл идеялар волонтеризм мен субъективизмнің көрінісі ретінде бағаланды. Адамдар сол жылдардың өзінде-ақ коммунизм құрылысы мәселесінің таза утопия екендігі жөнінде сыбырласып жүрді. Алайда 1950-жылдардың аяғы мен 1960-жылдардың басында партиялық аппарат оны жүзеге асыруға шындап кірісті.

Қазір мына сауалға жауап беру мүмкін емес: сол кезде мемлекеттің бірінші адамы өзінің бағдарламаларының жөнсіздігін сезінді ме? Аздап болса да түсінігі бар адам оның идеяларының қайшылықтарға толы екенін түсінді. Ол нақты мерзімді атап айтты, алайда «қалай?» деген нақты сұраққа нақты жауап бере алмады. Айталық, мысалы, ол жаңа әлеуметтік қауымдастық – кеңес халқы туралы айта отырып, бұдан біртұтас коммунистік ұлт пайда болатынына сендірді, алайда қашан және қалай болатыны жайлы ештеңе де айта алмады. Сол кездегі басты ұран: «Кеңес адамы – коммунизм құрылысшысы».

Бұл мәселелерді, Н.С.Хрущевтің өз сөзімен айтқанда, партияның қолқанаты және директива-лы органдардың идеяларын жүзеге асырушы бола тұра, баспасөз алға қойған жоқ және қоя алмайтын түсінікті де еді. Ол КСРО халықтарының өмірін интернационалдандыруға бағытталған ресми саясатты насихаттады. Баспасөз, бір жағынан, этностардың ұлттық жекешелігіне қарсы әрекет етті, бұл жерде олардың дербес дамуын қорғағандай қалыпта болды, екінші жағынан, бастауы кеңес болып табылатын алдағы ұзақ мерзімде коммунистік ерекше ұлтты қалыптастыру идеясын насихаттады. Әрине, кеңес халқының қауымдастығы мен бауырластығы болды. Олар іс жүзінде достықтары мен бір-біріне бауырмалдық көрсетуге әзірліктерін талай рет дәлелдей білді. Алайда дәл осы жағдайдың өзінде олардың қай-қайсысының болмасын өздерінің этникалық түп-тамырларынан, өмір салтынан, мәдениетінен бас тарту құқы болған жоқ.

Партия-кеңес баспасөзі ұлттардың этникалық құндылықтарын дәріптей отырып, іс жүзінде оларды жоққа шығаруға, жіктеуге тырысты. Бұл,

әсіресе, атаулы оқиғалар кезеңдерінде айқын аңғарылды. Мысалы, тың және тыңайған жерлерді игеру, 1957 жылы Мәскеуде өткен жастардың Бүкілдүниежүзілік фестивалінде, әлемде бірінші болып жердің жасанды спутнигін ұшыруда, Ю.А.Гагариннің космосқа ұшуы кезінде және т.б.

Алайда, Кеңес Одағындағы барлық ұлттар мен ұлыстардың ұлттық сана-сезімінің өсуі адамдарды «ұлттың гүлденуі мен жақындасуы» дегеннің не екені төңірегінде ойлауға итермелеп отырды. Республикалардағы көптеген зиялылардың қорытындылары партияның бағдарламалық нұсқаулары мен ұстанымдарына тікелей қарама-қарсы болды. Бұл жерде мына жайтты айта кету керек, түрлі ұлттар интеллигенцияларының өкілдері халықтардың ынтымақтастығы мен өзара көмегі нәтижесінде жүзеге асып жатқан барлық жағымды іс-шараларды жоққа шығармады, бірақ ешқайсысы да «ұлттардың толық жақындасуы» идеясын қолдаған жоқ, мұнымен келіспеді, бұл түптің түбінде халықтарды ассимиляцияға ұшыратады, демек, ірі ұлттардың аз ұлттарды жұтып жіберуіне әкеліп соғады деп қауіптенді.

Сондықтан партия-кеңес баспасөзі ұлттық гүлдену, экономиканың қарыштап өсуі, ғылым мен мәдениет жетістіктері туралы айта отырып, осы арқылы ұлттық мақтаныш сезімін тәрбиеледі, әркімнің өзінің ұлттық ерекшеліктері жөніндегі

ойларға жетеледі, өзіндік идентификациялық таңымын қалыптастыра білді. Сонымен, Н.С.Хрущевтың мемлекет басқарудағы соңғы кезеңін баспасөз ұлы онжылдық деп атады, ал бұл дегеніңіз өмірдің барлық салаларындағы – өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, мәдениетте, өнерде, әдебиетте, т.б. жасалған қарама-қайшылықтарға толы күмәнді эксперименттерден алынған болатын. Біздің пікірімізше, оның бір ғана ерлік қызметіне лайықты баға беруге болады, ол – В.И.Сталиннің тирандық іс-әрекетін әшкерелеуі және демократия мен бостандықты шамалы болса да қалпына келтіруі, осыған байланысты бұл тарихи кезең «жылымық» уақыты деген айқындамаға ие болды.

Оның үстіне кеңестік құрылыс барлық халықтар мен барлық мәдениетті біртұтас стандарт шеңберінде ұстады. Бұл унификацияландырудың сипаты мынаған келіп сайды: аз халықтар өздерінің этникалық бірдейлігін жоғалтып, өз мәдениеттерінің тамырынан ажырап қалды да, кеңес халқының қалың шоғырына сіңіп кетті. Мұндай «интернационализмнің» өзге халықтарды, соның ішінде қазақтарды да неліктен қанағаттандырмағаны түсінікті, себебі 1950-жылдар мен 1960-жылдардың басындағы процестер оның ұлттық дамуына аса үлкен қатер төндірді: ол өзінің ұлттық-мемлекеттік құрылымында азшылыққа айналды, ұлттың басына баяу ассимиляциялану қаупі туды.

#### Әдебиеттер

1. Плес М. Мәдениет және саясат немесе ұлттық рухани байлығымыздың кеңестік билік кезеңінде бастан кешірген тар жол, тайғақ кешулері туралы шындық // Егемен Қазақстан. 2004. 18 мамыр.
2. Аргынбаев М.Ж. Особенности развития национальной печати в послевоенные годы (на опыте печати Казахстана 1946-1958 гг.). Дисс. доктора исторических наук. – Алматы, 1979. – С. 149.
3. Бурлацкий Ф. Хрущев: штрихи к политическому портрету // Лит. газета. 1988. 24 февраля.
4. Бромлей Ю.В., Шкоратин О.И. Национальные трудовые традиции – важный фактор интенсификации производства // Социологические исследования. 1983. №2. – С. 16.
5. Жақсыбаев А. Шындық және саясат // Қазақ әдебиеті. 1994. 4 наурыз.
6. Шухов И. Покорители целины. Очерк // Правда. 1954. 3 ноября.
7. Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы, 1961. - 404 бет.
8. Брежнев Л.И. Целина. – М.: Политиздат, 1980. – С. 14.
9. Әуезов М. Түркістан солай туған (Директор туралы очерк) // Социалистік Қазақстан. 1955. 7 қараша; Сонікі. Соңғы жаңалықтар. Очерк // Қазақ әдебиеті. 1956. 2 қараша; Сонікі. Қайтыс сапар (очерк) // Қазақ әдебиеті. 1956. 16 қараша; Сонікі. Оңтүстік сапарынан (очерк) // Социалистік Қазақстан. 1959. 22, 23, 25, 27 қазан; Мұстафин Ф. Партия қашан да көмектеседі // Қазақ әдебиеті. 1956. 2 наурыз; Қабдолов З., Нұрпейісов Ә. Орақ үстінде // Социалистік Қазақстан. 1958. 17 қыркүйек; т.б.
10. Советский человек – интернационалист. – Алматы, 1963; Они – гордость Казахстана. – Алматы, 1963; Габдуллина Н. Песня жизни. Очерки. О передовых людях Казахстана. – Алматы, 1961; На новом рубеже. Сборник очерков. – Алматы, 1961.
11. Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының мұрағаты. – Ф.2., Оп.1, Ис.526., П.6.
12. // Қазақ КСР ҒА хабаршысы. Алматы, 1953. №3. – 117 бет.
13. Аргынбаев М.Ж. Печать Казахстана на завершающем этапе социалистического строительства. – Алматы, 1977. – С. 180.
14. Брежнев Л.И. Целина. – М.: Политиздат, 1980. – С. 57.
15. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. – Ф.708., Оп.36., Ис.234., П.57.

Сұлтан Ертай

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының  
II курс PhD докторанты, Алматы қ., e-mail: yertaysultan@gmail.com

### ҚАЗІРГІ РОМАН ТРАНСФОРМАЦИЯСЫНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ

*Түйін. Мақалада қазіргі әдебиетіндегі роман жанрының басты ерекшеліктері жан жақты қарастырылады. Қазіргі прозаның даму үрдісі осы тақырыпта жазылған ғылыми еңбектер мен заманауи жазушылардың шығармалары негізінде анықталады.*

*Түйін сөздер: роман, жанр трансформациясы, қазіргі көркем проза, стиль, идея, мазмұн, роман құрылысы.*

*Резюме. В статье проанализированы характерные особенности жанра романа в современной литературе. Тенденции развития современной прозы были выявлены на основе обобщения научных работ, охватывающих эту проблему и анализа некоторых произведений.*

*Ключевые слова: роман, трансформация жанра, современная художественная проза, стиль, идея, содержание, структура романа*

*Summary. Characteristic features of the genre of novel in modern literature have been analyzed in the article. Contemporary prose development trends have been revealed on the base of generalization of works covering this problem and analysis of a certain writings.*

*Keywords: novel genre transformation, modern fiction, style, idea, content, novel structure*

XX ғасыр аяғы мен XXI ғасыр әдебиеті жанрлық трансформация үрдісінің күшеюімен ерекшеленеді. Мұны шығарма тақырыптары мен идеялардың жанаруы, жазушылардың өз шығармашылық ерекшеліктерін терең әрі толық аша отырып, өмірді өзінің сан қырлы кейіпкерлерімен барынша шынайы суреттеуге бағыт алуымен байланыстыруға болады.

Жанр трансформациясының қарқындылығы «автор «билігінің» жанрға үстемдік етуімен, тандемдік негізде үстемдіктің жанрдан авторға өтуі, яғни «автор жанрының» пайда болуымен байланысты. Жазушылардың қалыптасқан жанр үлгілерін өзгерту және құбылту негізінде жаңа жанрлар не ішкі формалық топтар пайда болады. [1]

Қазіргі мәдениеттің даму үрдісі шығарма құрылысының өзгеруін, стиль мен ойдың жаңаруына ықпал етуде. Заманауи мәдениет көпқырлылығымен, қарама қайшылығымен, көп тілділігімен ерекшеленеді. Оның ықпалы жаңа жанрлық формалар мен вариациялардың пайда болуына алып келді. Қазіргі әдебиетке классикалық дәстүрден ауытқу тән. Кең таралған «жанраралық» шығармалар түріне эссе роман, мысал роман, ертегі роман, комментари роман т.б. сынды әртүрлі жанр элементтерін бойына жинаған туындылар жатады.

Қазіргі проза мазмұн құнарлығымен, эпикалық сарынның кеңдігімен және күрделі кейіпкердер жүйесімен ерекшеленеді. Бұл әсіресе XX ғасыр аяғы мен XXI ғасыр әдебиетінде үлкен өзгеріске ұшыраған роман жанрының жаңаруына әкеліп соқты. Көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша әртүрлі композициялық форманың ұштасуы әсіресе осы роман жанрында айқын көрініс табады. [2] Ғалымдардың бұл тақырыпқа үлкен қызығушылық танытуын осы кезең жазушыларының роман фор-

масы мен мазмұнына тәжірибе жасау үрдісімен түсіндіруге болады.

Роман жанрының трансформация табиғатын түсіну, оның дамуы мен мазмұндық және формалық өзгерістерін ұғыну, жалпы әдеби жанрдың трансформациясы мен эволюция мәселесі М.М. Бахтин [3], Н.Л. Лейдерман [4], Р.С. Стоун [5], М. Штейн [6], Д. Чандлер [7] және көптеген әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеу нысаны болып табылады.

Зерттеу негізінде көптеген заманауи жазушылар шығармаларына жанрлық және стильдік тұрғыдан қарқынды тәжірибе жасайтындығы айқындалды. А. Жақсылықтың «Сны оқаянның» трилогиясын осы үрдістің дәлелі ретінде қарастыруға болады. Психологиялық драма әлеуметтік-философиялық және интеллектуалдық романмен жақсы үйлесім тапқан. Осындай үйлесім негізінде роман сюжеті бір сызықтық жүйемен берілмеген. Суреттеліп отырған дүние түрлі көлемде және кейіпкерлердің ілеспе естеліктері, арман, қиялы тұрғысынан суреттеліп отырады. Шығарма әлемі рационалды және иррационалдылықпен өріле отырын берілген. Шығармада күнделікті өмір көрінісі терең философиялық жалпылыққа дейін ұлғаяды. [8]

У.Эко жазған «Роза есімі» (Il nome della Rosa) романы детективті, тарихи, интеллектуалды тақырыптарды бір бойына жинаған шығарма. Өткен кезеңдегі дүниелер негізінде Аббатта орын алған қылмысты ашуға бағытталған сюжет жазу. Бірақ роман басты қаһарманының негізгі мақсаты – шындық, білім және рухани тәжірибе [9].

7X. Мураками романдарының негізінде терең психологизм, философиялық жалпылық, естеліктердің үйлесімі жатыр. Оның шығармаларында фантастика, детектив, мистика, триллер және антиутопия бір бірімен байланысып жатады. Бүгін-

гі күннің өзекті мәселелерін ортаға сала отырып жазушы аталған тақырыптарды өз кейіпкерлерінің өміріндегі түрлі оқиғалар шеңберінде пайдаланады.

XX ғасыр аяғы мен XXI ғасыр әдебиетіне көп-стильдік табиғаты тән. Көркем шығарма мәтінін сипаттауда ғылыми ақпарат, ауызекі сөйлеу тілі кездесетін публицистиканың пайдаланылуы жиі кездеседі. Мысалы, Р. Сейсенбаевтың «Мертвые бродит в песках» романында оқиғалар желісі газеттен алынған дәйексөздер негізінде беріледі. Жазушы өз романында публицистиканы пайдалану арқылы қарастырып отырған мәселесінің маңыздылығын арттыруға және оқырманға әсерін күшейту мақсатында пайдаланған [10].

Ғылыми, көркем және ауызекі стиль А. Жақсылықтың «Сны окаянных» романында ұштастырылады. Кейіпкерлер ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасай отырып, күнделікті өмірдегі мәселелерді туралы әңгімелеседі. Сондай ақ олардың әңгімелерінде көркем шығармалардан алынған дәйексөздер де кездеседі [8].

Қазіргі романның трансформациясы аталған жанрда жазылған шығармалардың идеясы мен тақырында да үлкен көрініс табуда. Қазіргі романдарға көп деңгейлілік тән. Тарихи, философиялық, психологиялықпен қатар, сюжет пен композиция сынды деңгейлер қазіргі жазушылар шығармаларынан анық байқалады. Аталған деңгейлер өзара тығыз байланысты және бір бүтінді құрайды. Бұл ерекшелікті Д.Митчел «Бұлтты атлас», Ә.Нұрпейісовтың «Соңғы парыз», У.Эконың «Баудолино», Х. Муракамидің «Жағажайдағы Кафка», Кадзуо Исикуроның «Мені босатпа», Карлос Луис Сафонның «Жел көлеңкесі», т.б. сынды шығармалардан байқауға болады. Кейіпкерлердің ішкі әлемі, олардың сезімдері, жан толғанысы, проблемалары, қарама қайшылықтары мен мотивтерінің жан жақты талдануы ел тарихымен сабақтастырыла беріліп отырады, мәңгілік бақыт, шындық, жақсылық пен әділеттілік туралы ойлар биік деңгейге көтеріледі.

Роман жанрының модернизациялануы қақтығыс деңгейінде өрбиді. Ол кейде күрделі және қарама қайшы, кейде тіпті түсініксіз мінезге ие. Мұндай тәсіл роман кейіпкерлерінің жаңа қырларын ашып көрсетуге мүмкіндік береді, осылайша оқырман назарын заманауи мәселелерге бұрады (мысалы, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», Харуки Муракамидің «Жағажайдағы Кафка», Кадзуо Исикуроның «Мені босатпа», Карлос Луис Сафонның «Жел көлеңкесі»).

Қазіргі жазушылар шығармаларындағы қақтығысты шешуде «жеке өмір деңгейін ашып көрсетуге ұмтылады». Айналадағы заттанған әлемнің терең мазмұны кейіпкер тағдыры арқылы беріледі, көркем әлем тұрғысынан «екінші шынайылық» сақталады. Қақтығыс «романдағы адам мен уақыттың арақатынастылық ауқымымен анықталады», өйткені шынайылық «қақтығыс арқылы өсіп отырады»

Авторлар көтерген сұрақтар қарама қайшылық туғызған және адамдардың оппозициясына себеп болған ортақ бір мәселе төңірегінде шоғырланған. Мысалы, Умберто Эконың романы шындық пен жалғандық, «дүниелік және рухани билік», Иса-ның кедейлігі және байлық, эротика мен мистикалық махаббат қақтығыстарын қамтиды. Ал А. Жақсылықтың «Сны окаянных» шығармасында оппозиция мәңгілік және уақытша, дүниелік және рухани тақырыптары арасында дамиды.

Қазіргі роман өзінің икемділігімен ерекшеленеді [3]. Оған өзгергіштік пен дәстүрлі мінез тән болып келеді. Романның бұл ерекшелігін оның қоғамда болып жатқан тарихи өзгерістердің логикасын бере алу қабілетінен, көркем сөзді және қазіргі жазушыларға тән метафоралық композиция мағынасын күшейтуінен байқауға болады.

Бағытталған, шынайылық деформациясының басты әдісі ретінде қолданылатын астарлы мағынадағы шартты формалар қазіргі прозада кеңінен пайдаланылып жүрген стиль құралдарының себебі болып табылады.

Символдық образдар мен қанық метафораны пайдалану қазіргі романдарға тән ерекшелік болып табылады. Олар шығарма мазмұнын байытып, пайда болған сұрақтарға терең мән беріп отырады.

Жазушылар көбінесе нақты бір дүниені терең әрі кең ауқымда суреттеуге мүмкіндік беретін әсірелеу әдісін пайдаланады (мысалы, «Соңғы парыз», «Мертвые бродит в песках»). Осы кезеңдегі әдебиетте арман үлкен маңызға ие. Сондай ақ, арман роман барысында авторға біріншіден, уақыт және кеңістік континуумын кеңейтуге, екіншіден, ақиқат құбылыстары туралы ойлануға, үшіншіден, кейіпкерлердің ішкі әлемін толыққанды түсіндіруге және олардың сезімдері мен толғаныстарының динамикасын көрсетуге мүмкіндік береді («Бұлтты атлас», «Сны окаянных», «Баудалино»).

Шынайы және шартты формалардың синтезі авторларға «қанық түсті көп деңгейлі мазмұнды дамытуға мүмкіндік береді. Шарттылықты туғызатын көркемдік тәсілдер үшін әлеуметтік және тұрмыстық шынайылық дәстүрлі мағынамен сабақтаса отырып қосымша философиялық семантикаға ие болады». Осылайша шығарма идеясы мен тақырыбын, автордың болмыс пен тұлға туралы концепциясын анықтауға жол ашады.

Мифология сынды тәсілді заманауи авторлар жиі пайдалануда. Жеке адамдың жеке проблемасын қарастыра отырып жазушылар оны ғаламдық, жалпы адамдық ауқымға көтереді («Соңғы парыз», «Сны окаянных», «Жел көлеңкесі» және т.б.).

Бүгінгі шынайылықтағы дүниелерді қазіргі жазушылар фольклорлық образ бен мотив негізінде қайта қарастыруда.

Авторлар шығармаларына мақал мәтел, миф, аңыз, ертегі, т.б. қосып отырады (мысалы, Әбіш Кекілбаев «Аңыздың ақыры», Дидар Амантай «Гүлдер мен кітаптар», Шыңғыс Айтматов «Таулар құлағанда», М.Парк «Періштелер», Г.Бельгер «Дом скитальца»). Зерттеушілердің пікіріне



сүйексек, жазушылар шығармалардың көркемдік құрылысын күрделендірген, мағыналардың көп қырлылығын, әуезділіктің контурлық формасын қалыптастырған, романды ассоциация мен реминисценциямен қанық ету мақсатында белсенді белгілер мен символдар жасайды.

Аталған шығармаларды талдауда тарихи және функционалды, салыстырмалы және типологиялық әдістер, комплекс, жүйелік және герменевтикалық әдістер пайдаланылды.

Аталған әдістер біріншіден, XX ғасыр аяғы мен XXI ғасыр басындағы авторлар шығармаларына аралық және біріңғай талдау жасауға мүмкіндік берді, екіншіден қазіргі прозаның даму заңдылықтары мен үрдістерін анықтауға жол ашты. Осы тәсілдерді пайдалану негізінде романдардың көркемдік әлемін ұғыну көкжиегі айтарлықтар кеңейе түсті.

Кешенді әдіс прозалық шығармалардағы поэтикалық үлгілердің барлық деңгейлерін ұғынуға бағытталған, сондай-ақ XX ғасыр аяғы мен XXI ғасыр басында роман жанрының қалыптасуы және дамуына ықпал еткен жазушылардың эстетикалық ұстанымдарының өзіне тән ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл тәсіл негізінде автор идеясының жүзеге асу әдістерін және қазіргі проза құрылысының ұстанымдарын айқындадық.

Тарихи және функционалды әдіс шығармалардың бүгінгі қоғамдағы рөлі мен маңызын түсінуге жол ашты. Бұл әдісті пайдалану арқылы XX ғасыр аяғы мен XXI ғасыр басындағы роман жанры трансформациясының себептерін айқындауға және әдебиет пен адамзаттың тарихи даму байланысын

анықтауға жол ашты. Қарастырылып отырған нысан құрам бөліктерінің бірлігіне және олардың өзара байланысына негізделген жүйелік тәсіл әдеби дәстүрдің сабақтастығын бақылауға және жазушылардың инновациясы мен көркем шығарма тәжірибесінің табиғатын зерттеуге мүмкіндік туғызды.

Жазушылар шығармаларын салыстыруға, талдауға, жалпылауға бағытталған салыстырмалы және типологиялық әдіс жазушылардың типтік үлгілерін айқындауға мүмкіндік берді. Осы тәсіл негізінде қазіргі әдебиеттегі роман жанрының даму үрдісі анықталды.

Герменевтикалық тәсіл жазушылардың шығармаларында суреттелген процестер, құбылыстар, бейнелердің мәнін олардың семантикасының интерпретациясы, контекстегі авторлық концепция және тарихи-мәдени процесс негізінде терең түсінуге жол ашты.

Қорыта айтқанда, талдаулар негізінде біз қазіргі жазушылардың шығармашылық тәжірибе жасау барысында белгілі бір деңгейде роман жанрының қалыптасып калған өзегін сақтай отырып оған құрылымдық және мазмұндық тұрғыдан жаңа форма беруге ұмтылатынын байқадық.

Сонымен қатар көптеген зерттеушілердің ғылыми зерттеу еңбектері негізінде романның ең икемделгіш, уақыт спецификасымен тікелей байланыста болып әрқашан дамып отыратын жанр екендігіне көз жеткіздік.

Романның қазіргі постмодернистік кезеңде жанр қалыптастырушы бола алуы оның маңыздылығын арттыра түсуде.

#### Әдебиеттер:

- 1 Звягина М.Ю. Авторские жанровые формы в русской прозе конца XX века. – Астрахань: Изд-во Астрахан. пед. ун-та, 2001. – 180 с.
- 2 Шарипова А., Традиция и новизна в казахской литературе. Алматы: Мектеп, 1984
- 3 Бахтин М.М. Эпос и роман. – СПб.: Азбука, 2000. – 301 с.
- 4 Лейдерман Н. Л., Липовецкий М.Н. Современная русская литература: 1950-1990. – М.: Изд. центр «Академия», 2003. – 412 с.
- 5 Stone, R. S. Picaresque Continuities: Transformations of Genre from the Golden Age to the Goethezeit. – New Orleans: University Press of the South, ISBN: 1-889431-40-0. 1998.
- 6 Stein, M. Black British Literature: novels of transformation. – Ohio State University. 2004.
- 7 Chandler, D. An Introduction to Genre Theory. Retrieved 02.03.2014 from <http://www.aber.ac.uk/media/Documents/intgenre/intgenre1.html>. 1997.
- 8 Жаксылықов А. Сны окаянных. - Трилогия.- Алматы, 2005.- 513 с.
- 9 Эко У. Имя розы.- <http://book-online.com.ua/read.php?book=5821&page=4>
- 10 Сейсенбаев Р. Отчаяние, или Мертвые бродят в песках. - М.: Сов. писатель, 1991. - 543 с.
- 11 Abasheva, M.P., F.A. Kataev, Russian prose in internet era: transformation in poetics and author's identity. (Monography). – Perm: State Humanitarian Pedagogic University, 2013.
- 12 Тюпа В.И. Произведение и его имя. // Литературный текст: проблемы и методы исследования. Вып. 6. – Тверь: ТГУ, 2000. – 178 с.
- 13 Temirbolat A.B., Abdikulova R.M., Kalkabaeva S.A., Ospanova A.A. Transformation of Novel's Genre in Modern Literature // Mediterranean Journal of Social Sciences. – 2015. - Vol 6 No 4 S2.

**Ибадуллаева Акжан Шариповна**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы,  
akzhan\_ibadulla@mail.ru

### КРИПТОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

*Түйін. Мақалада криптография ұғымына түсінік берілген және тарихына шолу жасалған. Криптографияны оқытудың әдістері қарастырылған.*

*Кілт сөздер: криптография, криптоалдау, шифрлау.*

*Резюме. В статье дано понятие криптографической интерпретации и проведен обзор истории. Предусмотрены криптографические методы.*

*Ключевые слова: криптография, криптоанализ, шифрование.*

*Summary. The article gives the notion of cryptographic interpretation and a review of the history. There cryptographic methods.*

*Keywords: cryptography, cryptanalysis, encryption.*

Қазіргі ақпараттық қоғамдағы өңделетін ақпарат ауқымының өсуіне және ақпаратты қолдану аймағының кеңейуіне байланысты ақпаратты қорғау мәселелерін оқыту әдістерін жетілдіру қажет деп туындайды. Ақпаратты қорғау мәселелерін оқыту тәжірибесінің негізінде қалыптасқан оқыту мазмұнын қарастырайық.

Ақпаратты өзгерту арқылы қорғау – адамзатты ерте заманнан ойландырып келе жатқан проблеманың бірі. Криптография тарихы адамзат тілі тарихымен шамалас. Сонымен бірге алғашқы жазбаның өзі де криптографиялық жүйе болып саналады, себебі оны ежелгі қоғамда тек таңдаулы адамдар ғана игере білді. Оған Ежелгі Египеттің, Ежелгі үндінің қасиетті кітаптары мысал бола алады.

Жазба өнерінің кең таралуы криптографияның өзіндік ғылым ретінде қалыптасуына себеп болды. Алғашқы криптожүйелер біздің эрамызға дейінгі кезеңде де кездеседі. Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында криптожүйелер дамуы қарқынды өріс алды. Автоматтандырылған жүйелердегі ақпаратты қорғаудың криптографиялық әдістері ЭЕМ-де өңделетін немесе әртүрлі есте сақтау құрылғыларында сақталатын ақпараттарды қорғау үшін қолданылады. Қазіргі кезде ақпараттық жүйелердегі криптографиялық әдістерді қолдану нәтижесінде көкейтесті мәселе болып отыр.

Себебі, бір жағынан бөгде адамдардың оқуына мүмкіндік бермейтін үлкен мемлекеттік, әскери, коммерциялық және жеке түрдегі көлемді ақпараттар берілетін компьютерлік желілерді, соның ішінде глобалды желі Интернетті пайдалану кеңейді.

Басқа жағынан, жаңа қуатты компьютерлердің желілік технологиялардың пайда болуы мүлдем ашылмайды деп маналған криптография жүйесін пайдалануға мүмкіндік берді.

Ақпаратты қорғау оны түрлендіру жолы мәселесімен криптология (kryptos-құпия, Logos-ғылым) айналысады. Криптология – екі бағытқа бөлінеді, криптография және криптоалдау. Бұл бағыттар-

дың мақсаты бір-біріне қарама-қайшы /1/.

Криптография ақпаратты түрлендірудің материалдық әдістерін зерттеумен және іздеумен айналысады.

Криптоалдау аймағына – кілтті білмей-ақ ақпаратты ашу мүмкіндіктерін зерттеу жатады.

Қазіргі криптография төрт үлкен бөлімнен тұрады.

1. Симметриялық криптожүйелер;
2. Ашық кілтті криптожүйелер;
3. Электрондық жазба жүйесі;
4. Кілтті басқару;

Криптографиялық әдістерді пайдаланудың негізгі бағыттары – байланыс каналдары арқылы құпия ақпараттарды беру (мысалы, электрондық почта), берілетін мәліметтің түп нұсқасын тағайындау, ақпаратты (құжатты, деректер қоймасын) тасымалдауыштарда шифрланған күйде сақтау.

Криптография ақпаратты түрлендіруде, яғни оны оқуда (қалпына келтіруде) тек қана кілтті білу арқылы мүмкін екендігін білдіреді.

Шифрлеуге және шифрленген ақпаратты ашуда қолданылатын ақпарат ретінде – белгілі бір алфавитте құрылған мәтіндер қарастырылады. Бұл терминдермен келесілерді түсіндіруге болады [2,3]:

- алфавит-ақпарат белгілерін кодтауда пайдаланылатын соңғы көбейтінді;

- мәтін-алфавит элементтерінің реттелген жиынтығы;

Қазіргі ақпараттық жүйелерде қолданылатын алфавитке мысал ретінде келесілерді келтіруге болады.


- алфавит  $Z_{33}$  - орыс алфавитінің 32 - әрпі және бос орын;

- алфавит  $Z_{256}$  – ASCII және КОИ-8 стандартты кодына кіретін символдар;

- бинарлы алфавит -  $Z_2 = (0,1)$ ;

- сегіздік немесе он алтылық алфавит.

Шифрлау-түрлендіру процесі: ашық мәтін шифрленген мәтінмен ауыстырылады[сур.1].



1-сурет. Файлды шифрлеу процесі

Шифрленген мәтінді ашу – шифрлеуге кері процесс.

Кілт негізінде шифрленген мәтін бастапқы күйге түрлендіріледі. Кілт – мәтінді шифрлеу және шифрленген мәтінді ашуға қажетті цифрлық код.

Криптожүйелер – симметриялық жән ашық кілтті болып бөлінеді. Симметриялық криптожүйеде шифрлеу және шифрленген мәтінді ашу үшін бір ғана кілт пайдаланылады.

Ашық кілтті жүйеде математикалық байланысқан ашық және жабық екі кілт қолданылады. Ақпарат барлық қалаушылар оқи алатын ашық кілт көмегімен шифрланады, ал шифрленген мәтінді ашу алушыға ғана белгілі жабық кілт көмегімен жүргізіледі.

Кілттерді бөлу және кілттерді басқару термині қолданушылар арасында кілттерді құрау және бөлу болып табылатын ақпаратты өңдеу жүйесінің процестеріне жатады.

Қазіргі ақпаратты қорғаудың криптографиялық жүйесі үшін келесі талаптар қалыптасқан [4,5]:

- шифрленген мәлімет тек қана кілттің көмегімен оқылуы тиіс;
- шифрленген мәліметтің фрагменті бойынша пайдаланылған кілтті шифрлауды анықтау үшін

қажетті операциялар саны бар кілттің жалпы санынан аз болмауы керек;

- бар кілттердің көмегімен шифрленген ақпаратты ашу үшін қажетті операциялар саны қазіргі компьютерлердің ( желілік есептеуді пайдалану мүмкіндігімен қоса есептегенде ) мүмкіндіктері шеңберінен шықпауы тиіс;

- шифрлеу алгоритімін білу қорғаныс сенімділігіне әсер етпеуі тиіс;

- кілттің аз ғана мәнінің өзгеруі сол бір ғана кілтті пайдаланғанның өзінде шифрланған мәлімет түріне айтарлықтай өзгеріс әкелуі тиіс;

- шифрлеу алгоритімінің құрылымдық элементтері өзгертілмейтін болуы тиіс;


- шифрлеу процесінде мәліметке енгізілетін қосымша биттер шифрланған мәтінге толығымен және сенімді түрде жасырылған болуы кере;

- шифрланған мәтіннің ұзындығы бұрынғы мәтіннің ұзындығымен бірдей болуы тиіс;

- шифрлеу процесінде қатарласа қолданылатын қарапайым және тез қондырылған кілт аралық байланыс болмауы керек;

- көптеген кілттер ішінен кез-келген кілт ақпараттың сенімді қорғанысын қамтамасыз етуі тиіс;

Барлық симметриялық криптожүйелерді келесі түрлендіру топтарына бөлуге болады [сур.2]:



2-сурет. Симметриялық криптожүйелер түрлері.

